

ISSN 1607-2782



*Республикалық
ғылыми-
әдістемелік
журнал*

*Республиканский
научно-методический
журнал*

Жылына 2 рет шығады
Выходит 2 раза в год
Issued twice a year

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің

1999 жылғы наурыздан
бастап шығады

№ 2(51) 2018

ХАБАРШЫСЫ

Бас редактор – **Қ.А.Бисенов**, ҚР ҰҒА корреспондент-
мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор



Жаратылыстану, техникалық және ауылшаруашылығы ғылымдар сериясы

Серия естественных, технических и сельскохозяйственных наук Series of Natural, Technical and Agricultural sciences

Жауапты редакторы: **И.А.Тауенов** – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы.

Редакция алқасы:

1. Жаратылыстану ғылымдары

Физика-математика ғылымдары

- И.А.Тайманов** - РҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясы;
- Б.Ж.Абдикаримов** - физика-математика ғылымдарының докторы, доцент, Қазақстан Республикасы;
- А.Ж.Сейтмұратов** - физика-математика ғылымдарының докторы, доцент, Қазақстан Республикасы;
- Ж.Искаков** - техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы;
- Ә.Т.Төрешбаев** - физика-математика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы;
- А.М.Мұхамбетжан** - физика-математика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы.

Химия ғылымдары

- А.Р.Бурилов** - химия ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясы;
- С.Б.Любчик** - химия докторы PhD, профессор, Португалия;
- Б.Ж.Джиембаев** - химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- Н.О.Аппазов** - химия ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы;
- Г.М.Абызбекова** - химия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы.

Биология ғылымдары

- А.Е.Филонов** - биология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясы;
- С.Т.Тулеуханов** - биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- С.Ж.Ибадуллаева** - биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- Б.Б.Абжалелов** - биология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы;
- Р.Х.Құрманбаев** - биология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы.

2. Техника ғылымдары және технологиялар

Құрылыс

- Н.А.Машкин** - техника ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясы;
- Қ.А.Бисенов** - техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- С.А.Монтаев** - техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- С.С.Удербает** - техника ғылымдарының докторы, доцент, Қазақстан Республикасы.

Ақпараттама, есептеу техникасы және басқару

- И.В.Ретинская** - техника ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясы;
- А.И.Дивеев** - техника ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясы;
- С.И.Ибадулла** - техника ғылымдарының кандидаты, PhD, Қазақстан Республикасы;
- А.О.Дәуітбаева** - техника ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы;
- Қ.Қ.Дәуренбеков** - техника ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы;
- М.Ж.Айтимов** - аспап жасау докторы PhD, Қазақстан Республикасы.

3. Ауыл шаруашылығы ғылымдары

Агрономия

- К.Н.Тодерич** - биология докторы PhD, Өзбекстан Республикасы;

- Қ.Ш.Смайлов** - ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- И.А.Таутенов** - ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы;
- С.Ж.Бекжанов** - агрономия докторы PhD, Қазақстан Республикасы.

Білім, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар сериясы
Серия образования и гуманитарно-социальных наук
Series of Education and Humanities and Social sciences

Жауапты редакторы: **Ш.М.Майгельдиева** - педагогика ғылымдарының докторы, доцент.
Редакция алқасы:

1. Білім

Педагогика ғылымдары

- П.Н.Осипов** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясы;
- С.Г.Добротворская** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясы;
- М.А.Абсатова** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- Ш.М.Майгельдиева** - педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Қазақстан Республикасы;
- М.А.Айтбаева** - педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы.

2. Гуманитарлық ғылымдар

Филология ғылымдары

- М.Тимучин** - филология докторы PhD, Түркия Республикасы;
- Р.С.Тұрысбек** - филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- Б.Кәрібозұлы** - филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- Ғ.Ә.Тұяқбаев** - филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы;
- Т.Ы.Кеншінбай** - филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы;
- С.І.Садыбекова** - филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы.

3. Әлеуметтік ғылымдар және бизнес, қызмет көрсету

Экономикалық ғылымдар

- Д.Н.Силка** - экономика ғылымдарының докторы, доцент, Ресей Федерациясы;
- М.Оздемир** - экономика докторы PhD, Түркия Республикасы;
- Ү.Ж.Шалболова** - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- С.М.Егембердиева** - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы;
- М.А.Елпанова** - экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы;
- Л.А.Қазбекова** - экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы.

ОҚЫРМАНҒА!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы - «ҚМУ Хабаршысы» 1999 жылғы наурыздан бастап, жылына екі рет шығады. Отандық ғылым дамуының басым бағыттарының өзекті мәселелерін қамтитын, мақалалары мен материалдары көпшілікке танымал, беделді ғылыми басылым. Оның беттерінде елімізді экономикалық және рухани жаңғыртудың өзекті ғылыми мәселелері, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар даярлау тәжірибесі мен болашағы талқыланып, білім беру, ғылым мен өндіріс салаларын интеграциялаудың озық үлгілері жарық көреді. Сонымен қатар, үздіксіз білім беру жүйесіндегі инновациялық және ақпараттық технологиялар туралы оқу-әдістемелік жұмыстар жарияланып отырады. Еліміздің, алыс және жақын шетел ғалымдарының еңбектері, ғылыми конференциялардың материалдары, танымдық-тәрбиелік мақалалар, жастардың ғылыми шығармашылығы, университетіміздің тыныс-тіршілігі туралы да ақпараттар мен жаңалықтар көпшілік назарына ұсынылады.

«ҚМУ Хабаршысы» ғылыми журналы профессор-оқытушыларға, мұғалімдерге, ғылыми қызметкерлерге, жас ғалымдар мен студенттерге, сондай-ақ Қазақстанның білім және ғылым саласындағы жаңалықтарымен танысқысы келетін зиялы қауымға арналған.

Құрметті қауым, Сіздерді журналдың белсенді авторы және оқырманы болуға шақырамыз!

Редакция алқасы

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ СЕКЦИЯСЫ**

МРНТИ 68.35.51

**АДАПТИРОВАНИЕ ВЫСОКОПРОДУКТИВНЫХ СОРТОВ БАХЧЕВЫХ КУЛЬТУР
ЗАРУБЕЖНОЙ СЕЛЕКЦИИ ДЛЯ ПОЧВЕННО-КЛИМАТИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

Б.К.БАЙЖАНОВА¹, кандидат сельскохозяйственных наук,
Г.А.БИМАГАМБЕТОВА², кандидат биологических наук

¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
²Западно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова,
Республика Казахстан

Аннотация

В каждом природно-экономическом районе изучают сорта и гибриды для дальнейшего внедрения в производство культур. При этом учитывают потребность агропромышленного комплекса в сырье, бесперебойном обеспечении населения промышленных центров переработанными, а также свежими и хранящимися длительный период растениеводческими продуктами.

В год приема зарубежных сортов и гибридов на сорто-испытания их включают в расширенные конкурсные испытания, которые проводят в соответствии с ежегодно утверждаемым планом работы совместно КазНИИКО и КазНИИРиса. Основная цель этого типа испытаний – ускорить оценку новых зарубежных сортов за счет всестороннего изучения взаимодействия генотипа со средой, глубокого сравнительного анализа эффектов и определения ареала лучших адаптивных сортов.

Ключевые слова: дыня, сорт, семена, репродукция, кластер, агротехника, технология

В послании Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана сказано, что последнее время усиливаются процессы мировой политической и экономической трансформации, и что мир стремительно меняется. В том числе рушатся казавшиеся незыблемыми устои, системы глобальной безопасности и правила международной торговли. А новые технологии, роботизация и автоматизации усложняют требования к трудовым ресурсам и качеству человеческого капитала.

При этом в настоящее время одной из важнейших задач современности является улучшение снабжения населения страны высоковитаминными, экологически безопасными продуктами питания в течение всего года. Решение этой задачи должно осуществляться путём применения новейших достижений агротехники, районированных и перспективных сортов и гибридов, адаптированных к условиям региона, создания условий для улучшения качества и сокращения потерь продукции, при минимальных энергозатратах, с учётом процессов, протекающих в агроценозе и системе, человек-агроценоз, что позволит в значительной мере устранить препятствия принятию рациональных хозяйственно-экономических решений в растениеводстве.

Для определения адаптивности к местным условиям используются материалы зарубежных сортов дынь. В лабораторных условиях проводят подсчет и расфасовку семян в бумажные пакетики каждого исследуемого материала для высева в лунки на поле, определяется их всхожесть.

Изучаемые зарубежные сорта, в конкурсном испытании превышающие стандарт по урожайности, качеству продукции, или отличающиеся высокой устойчивостью к неблагоприятным факторам среды и невосприимчивостью к болезням.

Повышение качества подготовки опытов на сортоучастках способствуют ускорению сравнительной оценки и выявлению лучших зарубежных сортов дынь для использования данного региона в производстве. Для проведения сортоиспытания руководствовались положениями, которые изложены в «Методике государственного сортоиспытания сельскохозяйственных культур». Размещение отечественных, иностранных и зарубежных сортов (Казахстан, Кыргызстан, Узбекистан, Туркменистан, Азербайджан, Израиль и др.) в опытах сортоиспытания бахчевых культур, в целом, способствует изучению предотвращения систематического влияния нерегулируемых факторов.

В каждом природно-экономическом районе изучают сорта и гибриды для дальнейшего внедрения в производства культур. При этом учитывают потребность агропромышленного комплекса в сырье, бесперебойном обеспечении населения промышленных центров переработанными, а также свежими и хранящимся длительный период растениеводческими продуктами.

В год приема зарубежных сортов и гибридов на сорто-испытания их включают в расширенные конкурсные испытания, которые проводят в соответствии с ежегодно утверждаемым планом работы совместно КазНИИКО и КазНИИРиса. Основная цель этого типа испытания - ускорить оценку новых зарубежных сортов за счет всестороннего изучения взаимодействия генотипа со средой, глубокого сравнительного анализа эффектов и определения ареала лучших адаптивных сортов.

В планы конкурсного сортоиспытания всех сортоучастков включают: целые серии или наборы целых серий сортов второго года испытания, сорта, оставленные в испытании на третий год. Анализ результатов испытаний серии сортов второго года в целом сортоучастком проводят по агроклиматической зоне.

При этом привлекают также данные испытания этих сортов в первом году на сортоучастках расширенного набора. Анализируют данные испытания по каждому опыту и средние показатели по всем опытам. Сорта группируют по урожайности в среднем по всем опытам на основании среднего критерия оценки, рассчитанного, как правило, отдельно. Зарубежные сорта группируют по урожайности в среднем по всем опытам на основании среднего критерия оценки, рассчитанного как среднее арифметическое критериев по каждому опыту.

На основании анализа испытаний сортов первого и второго года выделяют перспективные сорта и сорта, подлежащие снятию с испытания. Зарубежные сорта, по которым во втором году проводились испытания, могут быть предложены к районированию, включению в число перспективных или снятию с испытания.

Зарубежные сорта, выделенные в число перспективных, на третий год включают в план конкурсных испытаний на сортоучастках данной зоны, а также в план опытов сортовой технологии и внедрение в производство.

Проект плана сортоиспытания разрабатывают специалисты соответствующего отдела с учетом результатов сортоиспытания за текущий и прошлые годы, а также рекомендаций заведующего отдела. Предложения к проекту плана сортоиспытания обсуждаются на ученом совете в КазНИИ рисоводства.

Точность полевых опытов должна обеспечивать получение критерия оценки, позволяющего оценивать при уровне доверительной вероятности 0,95 различия между испытываемыми сортами или вариантами элементов сортовой технологии или разбивку сортов и вариантов на группы.

Подготовка полей участка к поливам включает: очистку полей от сорных растительностей, очистка и ремонт постоянной оросительной сети и гидротехнических

сооружений, планировку полей, ремонт и наладку поливной техники, оборудования и инвентаря.

При этом необходимо учитывать не только требования самих растений, под которые вносят удобрения, но и почвенно-климатические условия, тип почвы и механический состав, поглотительные свойства, общую степень окультуренности. Точно представить обеспеченность почвы биологическими важными элементами можно, только проведя почвенно-агрохимическое обследование, составив на их основании карты и картограммы и выполнив специальные опыты.

Бахчевые культуры следует размещать на целинных землях или по пласту многолетних трав два года подряд. Хороший предшественник - многолетняя залежь с легкими суглинистыми и супесчаными почвами. Для бахчевых культур рекомендуется следующие севообороты:

Схема 1	Схема 2
1. Люцерна	1. Люцерна
2. Люцерна	2. Люцерна
3. Люцерна	3. Люцерна
4. Бахчевые	4. Бахчевые
5 Бахчевые	5. Кукуруза (овощи)
	6. Бахчевые

Оригинальные семена зарубежных сортов фумигируют, вследствие чего в ряде случаев всхожесть снижается. В порядке исключения разрешено закладывать опыты оригинальными семенами иностранных сортов со всхожестью не ниже II класса. Оригинальные семена иностранных сортов, имеющие всхожесть ниже II класса, размножают с тем, чтобы в следующем году начать испытание сортов семенами, отвечающими требованиям по всхожести.

В системе государственного сортоиспытания грунтовой сортовой контроль осуществляют по сортам самоопыляющихся бахчевых культур и картофеля на специальных сортоучастках для проверки сортовых качеств семян и посадочного материала. Ему подвергают, в первую очередь, предназначенные для сортоиспытания партии семян и посадочного материала, которые вызывают сомнения в достоверности их сортовых качеств. Ежегодно ответственный отдел устанавливает количество образцов, подлежащих проверке, срок предоставления их на грунтоконтроль в разрезе сортоучастков, культур и сортов.

В КазНИИ рисоводства им.И.Жахаева по результатам исследований изучена и дана оценка 21 сорта дыни зарубежной селекции для дальнейшего расширения посевных площадей и одновременно ускоренного внедрения в производство. Были отобраны наиболее адаптивные к местным условиям выделившиеся 5 сорта дынь: Кой-баш (Узбекистан), Ананас (Россия), Абн-Нават (Узбекистан), Израиль (Израиль), Ала-Хама (Узбекистан) с высокими вкусовыми и технологическими качествами, урожайностью 10-25 т/га, обладающих средней лежкостью и транспортабельностью (рис. 1).



Рисунок 1. Выделившиеся зарубежные сорта дынь

Адаптированные к местным условиям сорта дынь в условиях Казахстанского Приаралья Кызылординской области, даст возможность расширения посевных площадей бахчевых культур, а также поднять продуктивность этих земель в регионе, эффективно использовать трудовые ресурсы и повысить экономику региона, смягчить экологическую обстановку, вернуть в сельскохозяйственный оборот заброшенные угодья и довести посевные площади дыни до 10-12 тыс.га, открыть новые рабочие места и достичь круглодичного обеспечения населения экологически кризисного региона свежей витаминной продукцией.

Литература:

1. Гудинг Е.Б. Хранение сушеных пищевых продуктов Текст./ Е.Б.Гудинг// Новое в зарубежной пищевой промышленности/ Под ред. Наместникова.-М:Пищевая промышленность, 2016, – С.309-357.
2. Фан-Юнг Консервирование плодов и овощей Текст. /Фан-Юнг, Б.А. Флауменбаум, А.Н. Изотов. -М.: Пищевая промышленность, 2009. 608 с.
3. Комплексный контроль за белуджистанской дынной мухой в Центральной Азии (буклет GIZ), 2010, - С. 50-55.
4. Бегалиев К.Б. Создание новых интенсивных сортов с высокими вкусовыми и технологическими качествами, организация первичного семеноводства и размножение конкурентоспособных отечественных сортов дыни для возделывания на засоленных почвах Казахстанского Приаралья (Отчет 2016 г.), Кызылорда. 2016, - С. 131-314.
- 5.Тян В.С., Умирзаков С.И., Дузельбаева Ж.Б., Айтбаев А.М., Бугенбаева К.Е., Жургенбаева Ж.С., Шеримбетова А., Профилактика вредоносности и борьба с дынной мухой в Казахстанском Приаралье (рекомендации), г. Кызылорда, 2016, - С. 80-83.
- 6.Мартынова Г.П., Апаева Н.Н. и др. Методы защиты растений, - Йошкар-Ола, 2008. – С. 45-50.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТОПЫРАҚ-КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ШЕТЕЛДІК СЕЛЕКЦИЯНЫҢ БАҚША ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ӨНІМДІ СОРТТАРЫН БЕЙІМДЕУ

Б.К. БАЙЖАНОВА¹, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты,
Г.А., БИМАГАМБЕТОВА², биология ғылымдарының кандидаты,

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
²М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
 Қазақстан Республикасы

Андатпа

Әрбір табиғи-экономикалық өңірге бейімделу үшін дақылдарды өндіруге одан әрі енгізу үшін сорттар мен будандарды зерттейді. Бұл ретте АӨК шикізатқа қажеттілігін, өнеркәсіп орталықтарының халқын үздіксіз қайта өңделген, сондай-ақ жаңа және ұзақ уақыт бойы сақталып келе жатқан өсімдік шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етуді ескереді. Шетелдік сорттар мен будандарды сортты сынауға қабылдаған жылы оларды кеңейтілген конкурстық сынақтарға қосады, олар жыл сайын ҚазККҒЗИ және Қаз күріш ҒЗИ бірлесіп бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Сынақтың осы түрінің негізгі мақсаты - генотиптің ортамен өзара іс-қимылын жан-жақты зерттеу, әсерлерді терең салыстырмалы талдау және ең жақсы бейімделген сорттардың ареалын анықтау есебінен жаңа шетелдік сорттарды бағалауды жеделдету.

Кілт сөздер: қауын, сорт, тұқым, репродукция, кластер, агротехника, технология

ADAPTING HIGH-YIELDING VARIETIES OF FOREIGN SELECTION GOURDS TO THE SOIL AND CLIMATIC CONDITIONS OF THE KYZYLORDA REGION

B.K. BAIZHANOVA¹, candidate of agricultural sciences,
G.A. BIMAGAMBETOVA², candidate of biological sciences,

²Korkyt Ata Kyzylorda State University,
¹ M.Utemissov West Kazakhstan State University,
Republic of Kazakhstan

Annotation

Varieties and hybrids adapted in each natural and economic region are studied for further introduction into the production of crops. Herewith, it is realized by reference to the need of agriculture for raw materials, uninterrupted supply of the population of industrial centers with processed, as well as fresh and stored plant products for a long period.

In the year of acceptance of foreign varieties and hybrids for variety testing, they are included in the expanded competitive tests carried out in accordance with the annually approved work plan jointly KAZRIKO and KAZRI of rice. The main purpose of this type of testings is to accelerate the evaluation of new foreign varieties by a comprehensive study of the interaction of the genotype with the environment, in-depth comparative analysis of the effects and determination of the area for the best adaptive varieties.

Keywords: melon, variety, seeds, reproduction, cluster, agricultural machinery, technology

FTAMP 68.01.81

ҚАУЫН МЕН ҚАРБЫЗДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қ.Б.БЕГАЛИЕВ¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
С.Ы.ӨМІРЗАҚОВ¹, техника ғылымдарының докторы,
Ә.М.ТОҚТАМЫСОВ¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
М.М.ЖАНҰЗАҚОВ², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
Б.Қ.БАЙЖАНОВА³, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

¹Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты,

²Болашақ университеті,

³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Мақалада Сыр өңірінің «Сыр қауыны» атағымен ТМД елдерінде белгілі болуы туралы баяндалаған. Сыр өңірінде бақша дақылдарын өсіруге қолайлы топырақ-климаттық жағдайлардың

болуы осы өңірге бейімделген бақша дақылы сорттарының егіліп, оның өнімі мен сапасының артуына себеп. Сыр қауынының атап өтетін ерекшелігі – жемістерінің қанттылығы мен тасымалдауға шыдамдылығы. Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты көкөніс-бақша дақылдары бөлімінде жүргізілген тәжірибелердің нәтижесінде қол жұмысын 85%-ға дейін төмендетуге қол жеткізілді. Соңғы жылдары бақша дақылдарын өсірудің жаңа технологиялары өңірде бақша дақылдарының көлемін ұлғайтуға және жергілікті климатқа бейімделген сорттарды өсіріп сапасын жақсарту арқылы нарықта сұранысты арттыруға мүмкіндік берді.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ ғалымдарының зерттеулері нәтижесінде өңірге бейімделген қауын мен қарбыздың жаңа сорттары шығарылды, сондай-ақ 2018 жылдан бастап шетелдің 21 сорты сыналып, жергілікті климатқа бейімдеу бойынша жұмыстар атқауда. Қызылорда облысының аудандарында келісім негізінде 700 га бақша дақылы егіліп, Ресейдің 5 облысына және Ақтобе облысының Хромтау зауытына бартерлік негізде өнімді өткізуге келіміс-шарт жасалған.

Германиямен бірлесе отырып, көкөніс және бақша дақылдары өнімдерін терең өңдеу жөнінде құны 214 млн. теңге болатын ғылыми жоба жүзеге асырылуда және аталмыш жобаға Түркістан облысы Мақтарал ауданы шаруашылықтарынан 613 млн. теңге қаржы салынды. Осы жоба аясында Қызылорда облысында ірі көкөніс және бақша дақылын өңдейтін завод өңдейтін завод салынып, 15-18 адамға қосымша жұмыс орны ашылады.

Кілт сөздер: қауын, сорт, тұқым, репродукция, кластер, агротехника, технология

Қауын көне дүниеден келе жатқан мәдени өсімдік. Ол мыңдаған жылдар бойы адам ағзасына сергектік беретін тәтті тағам көзі болды. Оның қазіргі кездегі белгілі түрлерінің отаны Кіші Азия (Ежелгі Греция) деп есептеледі. Кейінгі зерттеулер оның алғашқы отаны Африка, Ост-Индия, Орталық және Кіші Азия, ерте заманда Египетте де өскен деген хабар кездеседі. Еуропаға антикалық заманда, ал Ресейге XVII ғасырда Англияның жылыжайынан келген. Жабайы түрі қазір кездеспейді, осы күнгі өсіріп жүргеніміз көп ғасырлар бойы сұрыпталып жерімізге бейімделген Азиялық сорттары, оның ішінде Өзбекстан, Түркменстан, Қазақстанның Оңтүстігінде бақшалық дақыл өте көп дамыған. Ондаған сорттары селекциядан өтіп, әр елдің климатына байланысты тиімді түрлерін өсіру қалыптасқан. Табиғи селекция үнемі жүріп жатыр деуге болады. Субтропикада бір сорты пісіп жатқанда екіншісі егіліп жатады.

Қауынның пайдасы туралы Шығыстың атақты ойшылдары тебіреніп жазды. Сол кездегі дәрігерлер мен тәуіптер де қауынның емдік қасиеттеріне аса зор мән берген. Мысалы, Зулхарнайын Ескендірдің (Александр Македонский, б.д.д IV ғасыр) заманында өмір сүрген атақты дәрігер Искарри Азияның парсы тілінде жазылған төрт томдық шығармасында кейбір ауруларды қауынмен емдеудің бірсыпыра әдістері келтірілген.



Сурет 1 – Сыр бойының қауыны

Адам ағзасына жаға кететіні оның құрамында ақуыздар мен әртүрлі дәрумендердің жиынтығы болуына байланысты. Атап айтқанда, Орта Азия қауындарын топырағына өндіретін жұмсақ жүзінде 8-13 пайыз құрғақ заттар (6-10% қант, оның ішінде 3-7% сахароза құрамындағы 0,11-0,68% клетчатка, 0,39% гемицеллюлоза, 0,6% пектин қосындылары бірігіп 3-7 % -ке дейін сахарозаны қалыптастырады. Азоттық заттар 1-2%, оның ішінде, липидтер 0,5-0,8%, С-витамині 0,2-35,2 %, күл 0,6-1,3%. Қышқылдылығы, алма қышқылына есептегенде, 0,83-0,195% [1-9].

Оның тамақ өнімі ретінде пайдаланудағы тәттілігі - негізгі құнды қасиеті. Ол қауын құрамындағы сахарозаның және фруктозаның мөлшерімен анықталады. Олардың ішіндегі негізгісі сахароза (барлық қанттың 60-75%) болып табылады. Глюкозаның мөлшері, қауынның тәттілігіне байланысты 0,5-3,4%, ал, фруктозаның мөлшері 0,2-3,4% болады.

Өз елімізде әңгелек, аққауын, қара торлама, сары торлама, гүләбі, кемпірбет т.б. түрлері өсіретін еді бір кезде. Бұл нан тапшылығы кезеңінде тұрғындарды аштықтан құтқарған дақыл. Мысалы, әңгелек екі құлақтанғаннан кейін 30 күнде, ал аққауын 40 күнде пісетін. Бұл кезде елде аштық болмайды.

Осы біздің балалық шағымызда қауынды тіліп, шардақта кептіріп қыздардың бұрымындай өріп, кебежеге салып қоятын. Күздің соңғы күндері мен қыста қауынқақты кебежеден шығарғанда оның хош иісінің өзі ағзаға тарап тұла бойынды босатып, тәбетінді ашып, көңіл-күйінді көтеретін. Ол кезде қауынқақты шәймен (қант тапшы болатын) , нанмен де қосып жейтін. Тарыдан жасайтын сөкке қосып, келіге жаншып жент дайындайтын. Оны қойдың кепкен қарнына салып сақтап, қыс бойы десерт ретінде қолданатын. Әсіресе балаларға тәтті дәм беретін, ішінде витамині көп табиғи тағам ретінде берілетін. Әр отбасы білем-білем қауынқақты бұрымдай өріп жазға дейін сақтайтын.

Біздің айтайын дегеніміз осы үрдісті қазіргі жастар қайта жаңғыртса, кімнің қауыншегі дәмді екен деп тұрғындар арасында бәйге тағайындалса, онан жасайтын тағам түрлерін әралуандырылса, тіптен артылғанын базарда сатып, одан әрі түрлендіріп шетелдерге шығарсақ құба-құп болар еді.

Несін айта береміз, мысалы өзбектер жерінде өсетін жемістерін әр елге де шығарып жүр, тіптен өріктерінің дәнін де қуырып сатады. Әрине климаты оған ыңғайлы, бірақ бізде де Оңтүстік аймақтарымыз бар ғой.

Өзімізге де осындай деңгейге жететін уақыт келді. Біздің қауын, қарбызымыз ежелден «әй, шіркін Қызылорданың қауын-қарбызы-ай» деген атаққа ие болған ғой. Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романында осы дақыл туралы тәттіштеп жазғаны бар: бір тұрғынның есегі жоғалып кетеді, көлігін көп іздеп таба алмай налиды. Бір күні көршісі болу керек, біреу: «Оу, ақсақал, жоғалған есегің өзіңнің қоранда бір қауынды кеулеп жеп, соның ішінен әне құйрығы көрініп тұр ғой»- деп көрсеткен екен. Әрине аңыз ғой, дегенмен Сырдың қауын-қарбызының тәттілігі тіл үйіретіні, ірі болатыны бүкіл Кеңес Одағына жайылған еді ғой.

Дәмдері Қызылорданікіндей емес. Қауын-қарбыз егетін көп жерлерде жер тозған онда Қазақстан жерлерінің топырақтары тозған, қауынға беретін қанттылығы Сыр бойының майлы топырағы беретін қанттылығынан екі еседей аз. Әңгіме сонда екен! Химиялық тыңайтқыш қолданғаннан кейін ол жерлердің қауын-қарбызы ұзақ сақталмайды, ал біз кезінде қауын-қарбызды сабан арасында Жаңа жылға дейін сақтайтынбыз.

Ол уақыттарда әр стансада қауын базасы құрылған, сол пунктке ауылдардан қауын-қарбыз өткізетін, оның бағасы 1 кг 4 тиын ғана болатын. Сол 4 тиынның өзінен шаруалар біраз нәпаха табатын еді. Ол қауын-қарбызды Кеңес елінің көптеген қалаларына темір жол арқылы жеткізіп беретін. Қыстақ тұрғындарына да көптеген жұмыс орындары

ашылып, жаппай қызу еңбек күні-түні қайнаған қазандай абыр-сабыр болатын. Біз сияқты оқушылар қауын салатын жәшіктер жасайтынбыз, әр өткізген жәшігімізге ақша алатынбыз.

Ал қазір де осындай жұмысты ұйымдастыруға болады-ау - деп ойлаймыз. Әрине заманына қарай амалы деп басқа деңгейде, мысалы, әуелі қауыннан қауынқак тілуді жолға қойсақ. Бұл тағам, өздеріңіз білетіндей, ұзақ сақталады. Тәттілігі тіл үйіреді. Бұның бір кемшілігі қауынқак кептіргенде біздің елдің аумағында жылы күндер жетіспейді. Бар-жоғы бір-екі ай шамасы, яғни тамыз- қыркүйек айлары ғана.

Осы бір мәселеде ауыл тұрғындарына ғалымдар қол ұшын бере алады. Қауын-қарбыз ысырап болмау үшін қауын тілігін кептіруді технологиялық деңгейге көтермекшіміз. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде көп жылдардан бері қауын-қарбыздан қандай тағамдар түрін жасауға болатындығы зерттеледі, «Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ Күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» қауынның жаңа сорттарын және әртүрлі аурулардан өсімдіктерді қорғайтын дәрі-дәрмектерді қолдану технологияларын ұсынады; Д.А. Қонаев атындағы Кен істері институты және әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті қауынқакты механикалық жолмен кептіру аппаратурасын, шет елдерге шығару үшін қораптайтын аппарат жинастыру үстінде. Болашақта осы аппараттарды бір цехқа топтастырып, кептірілген қауынқакты тонналап шығаратын боламыз.

Расында, Алматының дүкендерінде қай елдің тағамдары жоқ дейсіз, тіптен Вьетнамның кептірілген бананына дейін сатылады, Қытайдың біздің тұрғындарға жегізбеген жасанды нәрсесі қалмады, олардың қасында біздің қауыншегіміз талғамы мол дастарханның көрнекті жерінен орын алатыны сөзсіз.

Қауынның пайдалы қасиеттерін сақтаудың ең тиімді жолы оны кептіру. Ондағы қант құрамы жоғары болуына байланысты жүзі икемді және жұмсақ болып келеді, сонымен қатар, ұзақ сақтау үшін арнайы қорғасын астары бар пленкаға орайды.

Қызылорданың батыс аудандарында қауынқак бір, әрі кетсе екі рет ғана кептіріп алуға болады, себебі күннің қызуы жетіспейді. Сондықтан қауынның жүзін аппараттарда кептіру технологиясы ұсынылуда.

Қауын тілігін кептіретін аппараттардың әр алуан түрлері тәжірибелік сынақтан өтуде, себебі дәл қазіргі таңда қауынды кептіретін дайын аппарат жоқ. Әр ел өзінше кептіреді. Бізге керегі , ол — кәдімгі қазақтардың күн сәулесі қызуында, күндізгі аптап пен кешкі самалды пайдаланып шардақта кептіретін әдісі арқылы, шіресі сыртына шығып тұратын, иісі мұрынды қытықтайтын, қауынның барлық дәруменді қасиеті бойында сақталатын қауынқак болуы керек, яғни оны кептіруде жаңа технологияға арқа сүйенген дұрыс. Сондықтан қазақстандық конструкторлардың қауынды кептіру аппараттарына қол жеткізуіміз керек. Әрине , бұл үлкен іс бір күндік шаруа емес.

Бірақ, әдетте көп тұрғындар арасында қолданып жүрген, күнге қақтап кептіру арқылы алынған қауынқак, санитарлық талаптарға сәйкес келе бермейді. Ал, құрметті жерлестер, дана халқымыздан қалған бұндай тәтті тағам басқа елдерде сирек кездеседі. Сондықтан қауын жүзін кептіру аппаратымен де сондай қауынқакты шығаруымыз керек. Шетке тауарымызды шығарғанда ол технологиялық тұрғыда мінсіз болу керек, мысалы, кептіру үдерісінде оның бетіне шыбын, ара, шаң-тозаң қонбау керек және сілтілі жауынның астында қалмағаны жөн. Сонда біз қауынқағымызды Американың, Жапонияның, Германияның және т.б. елдердің дастарханына дейін жеткіземіз.

Сондықтан қауынды еккенде және оны қайта өңдегенде өнімдерін жаңа заманауи технологияларға сүйенген жөн. Бұл үшін, тіпті кәдімгі нан зауыттарындағы қондырғыларды пайдалануға да болады. Немесе арнайы конвейер түріндегі кептіргішті де пайдалануға болады. Мұндай қондырғыларда температураны белгілі бір жоспармен

реттеп отыруға, яғни, кептірілген қауын өнімінің сапасын белгілі бір стандарттарға сәйкестендіріп шығаруға болады.

Соңғы кезде неміс өнертапқыштары қауынды, жеміс-жидектерді, басқа да ауылшаруашылық өнімдерін сапалы кептірудің жаңа әдісін ойлап шығарды. Бұл әдіс бойынша қауынды, оның оттегімен әрекеттесуін тежей отырып кептіреді. Яғни қауынды қызған ауамен емес инертті газ-азотпен кептіреді. Бұл қауынның кебу температурасында оттегімен әрекеттеспегендігінен оның тотығу процесіне қатыспай, өзінің пайдалы қасиеттерін сақтап қалуына көмектеседі. Осының нәтижесінде қауынқактың, немесе басқа өнімнің, сыртқы тауарлық түрі жақсы болып шығады.

Демек, қауынды кептірудің технологиясы уақыт өткен сайын дамып келеді. Сондықтан кепкен қауын өнімдерін кеңінен өндіру қолымыздан келетін шаруа.

Халықтық медицинада қауынның жұмсақ жүзі өкпе ауруын (туберкулез, бронхит), ревматизмді, қан аздық, жүрек пен бауыр ауруларын емдеу үшін қолданылған. Заманауи медицинада қауынды бауыр аурулары мен қатар қатерлі ісікті, атеросклерозды, жүйке ауруларын емдеу үшін де пайдаланылады. Онкологтардың мәліметі бойынша қауынды көп жеген адамда қатерлі ісік ауруы сирек кездесетін көрінеді.

Қауынның бұдан да басқа пайдалы қасиеттері көп. Атап айтқанда, оның құрамындағы темір балықтағыдан 3 есе, ал сүттегіден 17 есе көп. С-витамині, қарбыздағыдан 3 есе көп. Сонымен қатар, тек қана ананың сүтінде кездесетін фолий қышқылы да қауында бар. Бұл қышқыл адамның көңіл-күйін көтеріп, оның жүйкесіне байсалдылық беретін серотиннің бөлінуіне жағдай жасайды. Сондықтан, қауын және оның өнімдері адамның тозған жүйкесін емдеп, көңіл-күйін көтеруге мүмкіндік береді.

Ал қауынның құрамындағы гемицеллюлоза мен клетчатка адамның ішек-қарынын тазалауда таптырмас ем. Қауынның құрамында адамтерісінің жағдайын жақсартатын кремний болғандықтан ол косметикалық заттар жасауда да пайдаланылады.

Қазіргі замандағы дамыған елдердегі бір өзекті мәселе адамның семіздік ауруымен ауруы. Бұл, әсіресе АҚШ-да, Еуропа елдерінде өте маңызды мәселе. Бұл мәселені шешуде де қауын үлкен рөл атқарады. Өйткені, ол «мезим» тәрізді асқорытуды жеңілдетеді. Мүмкін, сондықтан болу керек, ертеде Орта Азия бай-манаптары майлы тамақтан кейін әдетте сөзсіз қауын жейтін болған. АҚШ-да семіз адамдарға арналған арнайы қауын диетасы да бар. Бұл диета бойынша, таңғы асқа тек 300-400г қауын жеп, келесі асты 3-4 сағаттан кейін ғана ішеді. Осылайша, бір аптада 3 кг-ға дейін салмақ тастауға болады екен.

Қауынды осындай пайдалы қасиеттеріне байланысты, мүмкіндігінше, жиірек я сусын, я тағам ретінде пайдаланған жөн. Өйткені, табиғи қауында оның ағзаға пайдалы ақуыздары мен дәрумендері көп мөлшерде сақталады. Бірақ, өкінішке орай, қауынды табиғи түрінде пайдалану небәрі 1,5-2,0 айға ғана созылады(шілденің ортасынан қыркүйектің ортасына дейін). Сондықтан, қауыннан ұзақ уақыт сақталатын оның басқа өнімдерін алған жөн. Әдетте, қауынды кептіріп қауынқак (кей жерлерде қауыншек дейді) жасайды.

Қауындағы В, В1, В2, В9, А,С,Е,РР витаминдері қауынқакқа одан да көп мөлшерде өтетіні дәлелденген, себебі, кептірілген қакта 100 % қауынның сығымдалып 5-8 % ғана қалады, басқасы буға айналады. Оның ішінде өте пайдалы С витамині көп мөлшерде болатыны анықталған. Яғни қауынды кептіріп онан қауынқак жасағанда қауындағы барлық дәрумендер сақталады. Сондықтан Сыр бойының майлы сары топырағында өсетін қауын-қарбызды баптап, қыста пайдаланатын тағамның мол қорын жасап алған жөн.

Зерттеулерге карағанда, қауынқакта қауынның негізгі пайдалы қасиеттері сақталады екен. Бұл дақылдардан тағыда нендей тағам түрлерін жасауға болады десеңіз, оның тізімі ұзаққа созылатынын да айтқан жөн. Қауыннан қауынқактан басқа да көптеген

өнімдер, атап айтқанда, қауынқұрт, варенье, бал (бекмес), шарап, компот, цукат, балмұздақ, сироп, шырын (сок), мармелад, пастилат т.б. алуға болады. Ал қарбыздан „қарбыз балы,, деген қызыл күрең, иісі аңқыған өте пайдалы бал, сироп, шырын (сок) жасауға болады.

Қауынқақтың басты ерекшелігі адам ағзасында иммундік қорғанысты күшейтеді, одан көңіл-күйді көтеретін серотин бөлінеді, ішектегі уларды, радионуклидтерді т.б. зиянды қосындыларды сүзгіш ретінде залалсыздандырады. Бұнымен қатар медицина мамандары қанды тазартады дейді, зәр жүргізуі бұрыннан белгілі, туберкулезге қарсы емдік қасиеті бар екені анықталған. Қауынқақтың құрамындағы В9 витамині ағзадан фолиев сілтісін бөліндіреді, ал ол әйелдердің екіқабат және ертелі кеш келетін климакс кезеңін жеңілдетеді, депрессиядан арылтады, есте сақтау қабілетін күшейтеді. Қауында ғана кездесетін инозит дәрумені шаштың өсімі мен табиғи түр-түсін сақтайды. Әйелдердің бет әлпетінің алабұртып, піскен шабдалыдай болуы қауынқақтағы С витамині мен бета-каротинге байланысты. Ол көздің қырағы көруіне, терінің жұмсақ болуына әсері мол.

Қауынның жүзінде кремний көп, ол нерв жүйелерін реттеп адам терісін қалыпта ұстап, шашты бекітіп, өсіреді. Кремниймен қатар қауында магний мен калий де мол, ол жүрек қан тамырларының жүйесіне таптырмайтын ем.

Қауынды көп қолданатын елдерде адам бетін безеуден, ішектерді паразиттерден ада қылады, ал қабығын ангина болғанда, жарақат алған жерге жабыстырып қойса ауырғаны басылып, тез жазылады. Қайнатқан түрі беттегі пигмент пен секпілді кетіреді.

Қарбыз бен қауынның және асқабақтың дәнінен дәрілік емге қолданылатын май алынады. Қарбыздың дәнінен алынған май тазға шаш шығарады, оны емдейді, ал қауынның дәнін кептіріп, ұнтақ күйінде күніне 2-4 грамм ғана мөлшерінде шайнап жүрсе ер кісілердің белін күшейтедін бірден-бір ем. Қауынның жұқалап кесілген қабығы қыз-келіншектердің құрғақ бетіне маска жасауға таптырмайтын амал.

Сондықтан қауын, қарбыз және асқабақтың тұқымын жинауды қолға алыңыздар. Оларды Жалағашта құрылатан цех қабылдап алады. Әрине, ол дәндерді тазалап, кептіріп өткізу керек.

Дегенмен қауынды (қауынқас емес) ас ретінде қалай пайдалану керек екенін айтуымыз қажет: қант диабетімен, бауыр ауруларымен ауыратындарға оны бір отырғанда көп қолдануға болмайды, аз-аздан, бірақ жиірек жеген дұрыс. Емізулі баласы бар әйелдерге де осылай болғаны жөн. Арықтағысы келіп жүрген кісілерге қауынды күніне 1,5 кг мөлшерінде ғана жегені дұрыс дейді диетологтар. Майлы тамақтан кейін қауын жесе оны сіңіру жеңілдейді. Жарылған қауынды сол мезетте жеп қойған дұрыс, егер жартысын жеп қалғанын сақтап қойсаңыз оған бактериялардың талайы жабысады, ол дені сап-сау адамның да ішін қозғауы мүмкін. Жеуден қалған қауынды целлофанмен орап мұздатқыштың төменгі жағына ғана сақтаған дұрыс.

Сонымен, біздің айтайын дегеніміз, мезгілімен ғана үлкен еңбекпен келетін қауынның өмірін ендігі сезон келгенше созып, ондағы витаминдерді тұрғындарға жеткілікті беру. Ол үшін жаппай қауын-қарбыз егіп, оның сорттарын жылдан-жылға жақсартып, «ой,шіркін, Қызылорданың қауын-қарбызын айтсайшы»- деген бағаны елімізге қайтару.


Қызылорданың іргесінде ашылған «Іскер-М» ЖШС бір ғана 2017 жылда Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы «Лента» дүкендер тізбегіне 150 тонна қауын-қарбызды апарып, тұрғындардың алғысын алған. Бұл мекеме өнімдерін Қазақстанның солтүстік аймақтарына да жеткізді. Қауыннан джем, сироп шығарады. Қалада үлкен қойма салған, сөйтіп күзгі дақылды қысқа дейін балғын күйінде сақтап, сатуға шығарады. Айта кету керек, бұл серіктестік бұрын-соңды біз естімеген қауын сорттарын біздің сары топырақ пен климатымызға бейімдеу үдерістерімен де айналысады екен. Мысалы, Пьель де Сапо, Галлия, Канталупо сорттары, міне екінші жыл, ойдағыдай өнім бере бастапты.

Енді Жалағаш ауданында құрылған «Мегра» ЖШС (басшылары Иса Арман мен Мұхтар Нұртас) «Торпедо» және «Колхозница» сорттарымен Ресейдің бірнеше қаласының тұрғындарына Сыр бойының ең құнарлы топырағы қалыптасқан Жаңадария аумағында бапталған, хош иісті қауын мен қарбызын жылма-жыл жеткізіп беріп отыр.

Жалағаш тұрғыны, көп жылдар қауынды әрі егіп әрі кептірумен айналысып жүрген азамат Бағдат Махатов «Тахир-Ата» АӨК ашып Ганноверден (ФРГ) этникалық Қазақстан неміс азаматы басқаратын «Alexander Marz» фирмасының басшысымен келісіп, қауынды және басқа да жеміс-жидекті кептіретін құрылғысын Қазақстанға әкелуге келісім-шарт жасаған. Осы құрылғы арқылы қауын кептіріп, қауынқақ шығару технологиясын меңгеріп алсақ, онда қаржы тауып, ондаған құрылғыны Қызылорда облысында ашылатын цехқа орналастыру. Бұл қондырғы бар-жоғы 8 сағаттың ішінде 630 кг қауынқақ кептіреді. Егер 3 ауысыммен істейтін болса, тәулігіне 1890 кг дайын өнім шығарады (2-ші сурет).

Қазіргі уақытта жемістерді, жидектер мен көкөністерді кептіру келесі жолдармен жүзеге асырылады.

- 1.табиғи жолмен көлеңкеде немесе күннің көзімен шатырдың астында;
- 2.өнеркәсіптік негіздерде ыстық ауаның әсерінен кептіру;
- 3.вакуумдық қондырғыда;
- 4.микротолқынды кептіру;
- 5.инфракызылды сәулемен кептіру.



Сурет 2– Қауынды кептіру кеңістігін азотпен толтыру


Бұл әдістердің бірқатар кемшіліктері бар, олардың басты себебі, табиғи жағдайда кептіру уақыты ұзарып кетеді, оттегінің әсерінен қауынның жүзі көп қасиеттерін жоғалтады.

Біз жылу мен салқын ауаның және азоттық газ атмосферасында жүретін жаңа әдісті ойлап таптық.

Біздің технологияда қауынды кептіру жабық әдіспен өтеді. Қауынның кептірілетін жүзі камераның ішінде 98% - тік азотпен толтырылады. Өздеріңіз білетіндей, азот - иіссіз, көзге көрінбейтін инертті газ. Бұл газ азық-түлік өнімінің сақталуын ұзарту үшін қолданылады. Кептіру үдірісінде оттегі мөлшері 21% -тен 0,2% - ке дейін төмендетіледі.

Біздің кептіру агрегатымызда жылу ауамен салқын ауа біріннен кейін бірі қатар беріліп тұрады. Қауынды кептіру кезіндегі ауа құрамындағы конденсат арнайы орналастырылған сепараторларынан бөлінеді. Агрегат ішінде өтетін технологиялық үдеріс толық автоматтандырылған, сыртқы приборлармен бақыланып отырады, онымен қатар бейнебақылауға жазылып отырады.

Германияда жасалған бұл қондырғының ұзындығы -12 м, ені- 2,45 м, биіктігі -2,85 м. Қондырғыны қалыпты жұмыс атқарылуы үшін электрэнергияны қолдану (бір камераға) 15,0-20,0 кв/сағат қана. Қондырғыдағы азоттың реттеліп берілуі 3-ші суретте берілген.



Сурет 3 – Қауынды кептіру желісіндегі ауа қозғалысы

Қондырғының техникалық характеристикасы:

- Қауынның жүктемесі: шамамен 2,000 кг (бір стеллаж).
- Орналастыру алдындағы ылғалдылығы: 83%.
- Дайын кезіндегі ылғалдылық: 20-25%.
- Тауар массасы: 30-33%.
- Кептіру уақыты: 8 сағат.
- Бір тәулікте 3 ауысым;
- Бір ауысымдағы кептірілген қауынқак: 630 кг.
- Тәулігіне: 1,890 кг.
- Маусымда шығарылатын қауынқак (95 күн): 179,550 кг.



Сурет 4– Кептірілген қауынқак

Ел бұрынғыдай емес, табыстың көзін іздеп қолдан келетін жұмыс болса аянбай, бала-шағасымен еңбектенуге дайын. Биыл «Туған жерге тағзым», «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» бағдарламалары бойынша бірнеше кездесулер өткізіп, өз ойымызды халықпен бөлістік. Жалағаш ауданы бойынша қанша деген ұсыныстар түсіп, ондаған меморандумдарға қол қойылды. Бұл іске асатын шаруалар және ауылдың қарапайым тұрғындарының қолынан келетін, ата-бабаларымыздың жасап кеткен істері. Біздердікі сол істерді жаңалап, технологиялық биіктерге көтеруге ат салысу. Бұл бағдарламаларды тұрғындардың қолдап жатқанын көрдім: «Мырзабай» ауылында мектепте өткен жиын көпшіліктің қызығушылығын туғызды. Жоғары сынып оқушыларымен болашақта қандай мамандыққа ие болатындықтары туралы ашық әңгіме өткізілді, мектеп директоры Сәлима қарындасымыз оның ауласын паркке айналдырмақшы екен, жүздеген көшет егу мәртебесіне ие болдық. Кейбір оқушылардың орыс, ағылшын тілдерін де өз тілдеріндей меңгергенін Еуропа ақын жазушыларының еңбектерінен сол тілдерде жатқа үзінділер оқығанын көріп сүйсіндік. Елге керек мамандықтардың тізбегін айттық. Қай қалаларда оқу орындары бар екенін, оған түсудің жолдарымен бөлістік. Оқушылар үй айналасын, көшені таза ұстап күтуге-уәде беріп жатты. Болашақ осы жастардың қолына өтетініне

және тыңғылықты істерімен ауылды көркейтетіне көзіміз жетіп, марқайып қайттық. «Мәдениет» пен «Мырзабай ахун» ауылына барар жолда «Мырзабай» мешіті бар. Бұрын ол кішігірім қалашықтай еді. Айналасы биік қоршаумен қоршалған, суы мол көлдері мен үлкен каналы бар, тоғыз жолдың торабында еді. Кеңес кезінде қорғандары бұзылып, мешіт дүкенге айналды, астық жинайтын қойма да болған еді. Егемендік алған жылдары ауыл азаматтары бастап, өздерінің қаржысына мешітті қайта жөндеуден өткізіп, ал қазір тұрғындарға қызмет жасап тұр. Күре жолдан мешітке дейін аралықта «Мырзабай ахун» ауылының төрағасы Шағдат Еспенбеттегінің басшылығымен теректер егіліп, тәу етуге келгендердің алғысын алып жүр. Сол саябақта 150-дей адам отыратын орындықтар қойылып, бюджет есебінен Мырзабай ахунның сыпасын көтеру жұмыстары жүріп жатқанын көрдік.

Әдебиеттер:

1. KZ Патент. №629. «Балшекер» мәдени қауыны // У.А. Аймухамбетов, С.И.Умирзаков, С.У.Косанов, т.б. Астана, 2016 ж.
2. KZ Патент. №628. «Ната» мәдени қауыны // У.А. Аймухамбетов, В.С.Тян, С.И.Умирзаков, т.б. Астана, 2016 ж.
3. KZ Патент. №794. «Ливера» мәдени қауыны // В.С.Тян, К.Е.Бугенбаева, С.И.Умирзаков, т.б. Астана, 2017 ж.
4. Жалғасұлы Н. Қауын –қарбыз –Сыр бойының байлығы//Жалағаш жаршысы,№ 49(9428), 3 шілде 2018 ж.
5. Таныбаева А.Қ., С.М.Тәжібаева, К.Б.Мұсабеков, Ә.Қ. Қоқанбаев Сорбит қатысында агар-қауын езбесі сірнелерін алу // ҚазҰУ хабаршысы. Хим. сериясы. - 2012.- №3(67). – 202 б.
6. Таныбаева А.К., С.М. Тажибаева, К.Б. Мусабеков, А.Н. Ашимова. Регулирование нековалентных взаимодействий в наночастицах гелей агар-агара и дынной мякоти // Международный междисциплинарный симпозиум «Нанотехнология и ноосферология в контексте системного кризиса цивилизации»/ - Симферополь –Ялта, 4-10 января 2011г.
7. ТюсюповаБ.Б., АртыковаД.М.К., БокашеваН., ТажибаеваС.М., Мусабеков К.Б. *Brassica oleracea* шырынының агар-агар-қауын концентраты жүйесінің құрылым түзуіне әсері // Вестник Алматинского технологического университета. 2017. №4. 55-59.
8. Жалғасұлы Н. Халқына қалдырған қазынасы мол// «Сырбойы» газеті, 21 қазан 2017, №159-160 (19445-19446)
9. Zhalgassylu N., Cherni G.M., Ismailova A.A. Technology for production of plants-growth stimulating preparation//XV-Balkan mineral processing congress. Sozopol, Bulgaria, 2013. Volume 2, p.1242-1244.

ТЕХНОЛОГИЯ ПЕРЕРАБОТКИ ДЫНИ И АРБУЗА

К.Б. БЕГАЛИЕВ¹, кандидат сельскохозяйственных наук,
С.И. УМИРЗАКОВ¹, доктор технических наук,
А.М.ТОКТАМЫСОВ¹, доктор сельскохозяйственных наук,
М.М.ЖАНУЗАКОВ², кандидат сельскохозяйственных наук,
Б.К.БАЙЖАНОВА³, кандидат сельскохозяйственных наук

¹Казахский научно-исследовательский институт рисоводства имени И.Жахаева,

²Университет Болашак,

³Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстана

Аннотация

В статье изложен материал о Кызылординской области, известной в странах Содружества Независимых Государств как земле «Дыни Сыра». Наличие благоприятных почвенно-

климатических условий для выращивания бахчевых культур в регионе привело к засеву адаптированных к этому региону сортов бахчевых культур, повышению ее продуктивности и качества. Отличительной особенностью местных дынь является насыщенность и выносливость плодов к транспортировке. В результате проведенных экспериментов в отделе овощебахчевых культур Казахского научно-исследовательского института рисоводства им. И.Жахаева достигнуто снижение ручной работы до 85%. В последние годы новые технологии возделывания бахчевых культур позволили увеличить объем бахчевых культур в регионе и увеличить спрос на рынке за счет улучшения качества с выращиванием сортов, адаптированных к местному климату.

В результате исследований ученых Казахского НИИ рисоводства им. И.Жахаева были выпущены новые сорта дыни и арбуза, адаптированные климатическим условиям региона, а также с 2018 года испытан 21 сорт дыни зарубежных стран и ведутся работы по адаптации к местному климату. В районах Кызылординской области на договорной основе высажено 700 га бахчевых культур, заключены договора на реализацию продукции на бартерной основе в пяти областях России и Хромтауском заводе Актюбинской области.

Совместно с Германией реализуется научный проект по глубокой переработке плодоовощной и бахчевой продукции на сумму 214 млн. тенге. Из хозяйств Махтаральского района Туркестанской области выделены 613 млн. тенге для реализации данного проекта. В рамках данного проекта в Кызылординской области будет построен завод по переработке овощных и бахчевых культур, с созданием дополнительных рабочих мест на 15-18 человек.

Ключевые слова: дыня, сорт, семена, репродукция, кластер, агротехника, технология.

TREATMENT TECHNOLOGY FOR MELONS AND WATERMELONS

K.B. BEGALYEV¹, candidate of agricultural sciences,
S.I. UMIRZAKOV¹, doctor of engineering,
A.M. TOKTAMYSSOV¹, doctor of agricultural sciences,
M.M. ZHANUZAKOV², candidate of agricultural sciences,
B.K. BAYZHANOVA³, candidate of agricultural sciences

¹I.Zhakhayev Kazakh Research Institute of Rice,

²Bolashak University,

³Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Republic of Kazakhstan

Annotation

The article describes the Kyzylorda region known in the CIS countries as the land of "Syrland Melons". The presence of favorable soil and climatic conditions for the cultivation of melons in the region led to the sowing of varieties of melons adapted to this region, increasing its productivity and quality. A distinctive feature of the local melons is the saturation and endurance of the fruit to transportation. As a result of the conducted experiments the Department of vegetable and vegetable crops of the I.Zhakhayev Kazakh Research Institute of Rice reduced manual work to 85%. In recent years new technologies of melon cultivation have allowed to increase the volume of melons in the region and to increase demand in the market by improving the quality of growing varieties adapted to the local climate.

- подавления, где ТСН может быть отдельной фитосанитарной процедурой или применяться в сочетании с другими фитосанитарными процедурами для достижения и поддержания низкой численности популяции;

- локализации, где ТСН может быть особенно эффективной в зонах, которые в значительной степени свободны от вредителя (такие, как буферные зоны), но, которые подвержены регулярным проникновениям вредного организма из приграничных зараженных зон;

- ликвидации, где ТСН может применяться при достаточно низкой численности популяции, чтобы ликвидировать оставшуюся популяцию;

- недопущения интродукции, где ТСН может быть использована в зонах, подверженных опасности ввиду высокой численности вредного организма на близлежащих территориях.

Хотя генетические исследования могут вызывать споры, в отношении ТСН такого пока не отмечалось. “Поскольку насекомые стерильны, они не способны внедряться в экосистемы и не несут потенциальной угрозы неблагоприятного воздействия на окружающую среду. Стерилизованные самцы все еще не так же сексуально активны, как их природные конкуренты. Это означает, что для того, чтобы стерильные самцы одерживали верх в природных условиях, необходимо разводить и выпускать их в больших количествах, так чтобы они численно заведомо подавляли конкуренцию. ФАО/МАГАТЭ в прошлом году начали осуществление многонациональной исследовательской программы

по борьбе со средиземноморской мухой, чтобы получить дополнительные сведения о взаимодействии между операциями массового разведения, лучевой стерилизацией и поведением самцов плодовой мухи [5, с.15,16].

Самцовый вакуум создавался нами в условиях лабораторно-полевого опыта в садках, выставленных на посевах дыни. Садки размером 50x80 см, высотой 50 см были изготовлены из мелкоячеистой ткани – «мельничный газ».

При достижении размера плодов дыни 7-10 см в диаметре в садки выпускались самцы и самки дынной мухи в различных соотношениях из облученных в дозе стерилизации 50 Гр и необлученных пупариев, согласно вариантам опыта:

1 вариант - без сепарации. Самки из необлученных пупариев +самки из облученных пупариев + самцы из облученных пупариев;

2 вариант - с сепарацией. Самки из необлученных пупариев + самцы из облученных пупариев;

Контроль – Самки + самцы из необлученных пупариев.

Опыт был заложен в 4-х кратной повторности.

Подсчет личинок проводился путем вскрытия плодов дынь через 14-15 дней после откладки яиц (таблица 1).

Таблица 1 – Эффективность метода «самцового вакуума» против дынной мухи (лабораторно-полевой опыт, КазНИИЗиКР, 2017 г.)

Повторность опыта	Количество плодов дыни, шт.	Количество проколов на один плод, шт.	Количество личинок в одной дыне, шт.
С сепарацией, самки, доза 50 Гр.			
1	4	13	-
2	4	9	-
3	4	13	2
4	4	11	-
Среднее		11,5	0,50
Без сепарации, самцы и самки, доза 50 Гр.			
1	4	17	-
2	4	10	3
3	4	15	-
4	4	7	-
Среднее		12,2	0,75
Контроль, без облучения			
	4	42	15

	4	38	11
	4	37	16
	4	46	8
Среднее			12,5

Как видно из полученных результатов, достоверных различий по количеству проколов и количеству личинок на плодах дыни по вариантам опыта не обнаружено.

Однако в садках, куда были выпущены самки и самцы из необлученных пупариев (контроль), количество проколов и пораженность личинками в среднем на одну дыню было в 10-15 раз выше, чем в вариантах опыта.

При использовании технологии самцового вакуума сепарация и отделение по полу не целесообразны так, как выпуск в природу стерильных самок не влияет на эффективность этого метода. Без проведения сепарации поврежденность плодов снижается с 12,5 до 0,75 личинок, при сепарации с 12,5 до 0,50. Мировая практика стерилизации насекомых в целях защиты растений от плодовых мух, показывает, что разделение насекомых по полу стоит дорого и отнимает много времени. Кроме того, в процессе сепарации происходит механические повреждения пупариев, что приводит к снижению количества вылетевших насекомых, их физиологического и биологического потенциала. Исключение сепарации также будет способствовать снижению стоимости самой технологии.

Также проведена оценка метода самцового вакуума с использованием феромонных ловушек, установленных в Аксуатском сельском округе г. Кызылорды, на фоне невысокой численности дынной мухи и двукратной обработки Энжио 247, с.к. в дозировке 0,15 л/га. В течение летнего периода были отловлены единичные особи вредителя. При 20, 40 и 60 ловушках на 1 га самцы дынной мухи практически не попадали в ловушки белого и желтого цвета с диспенсером и пищевыми аттрактантами.

Литература:

1. Марс А.М., Мухышов А.А., Кадринов Н.Х., Кульшиков А.М., Токмурзина З.Х., Смагулов Д.М. Под общ. ред. Айнабекова Е. Т. Обзор распространения карантинных объектов в 2016 году и прогноз их появления в 2017 году. – Астана, 2017. – С. 13.
2. Торениязов Е.Ш., Тохтабаев Р.З., Певелинг Р., Хабибуллаев Б., Атамуратов А.С. Биоэкология развития дынной мухи и рекомендации по борьбе. – Нукус, 2010. – С. 24.
3. МСФМ 28. 2007: Приложение 7. Обработка облучением против плодовых мух семейства Tephritidae (общая) (2009). Рим, МККЗР, ФАО. – С. 1.
4. Бюллетень МАГАТЭ. – Вена. – Австрия. – Март, 2007. – Том 48/2. – С. 33.
5. Бюллетень МАГАТЭ. – Вена. – Австрия. – Март, 1997. – Том 39/3. – С.15-16.

ҚАУЫН ШЫБЫНЫНА ҚАРСЫ СТЕРИЛЬДІ ЖӘНДІКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНА

Б.А. ДУЙСЕМБЕКОВ¹, биология ғылымдарының кандидаты,
А.С. ДИНАСИЛОВ¹, биология ғылымдарының кандидаты,
С.О. ҚОСАНОВ², биология ғылымдарының кандидаты,
Ж.Б. НИЯЗБЕКОВ¹, биология ғылымдарының кандидаты,
Б.У. ЕРМЕКБАЕВ¹, **А.Е. НУРЕКЕЕВ¹**, магистрлер

¹Жазкен Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты,

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Аталық вакуум сепарациясы технологиясын қолдану және жынысы бойынша бөлу тиімсіз екендігі анықталды, өйткені табиғатқа стерильденген аталықтарды жіберу бұл әдістің тиімділігіне ықпал жасамайды. Сепарация жүргізілмегенде жемістердің зақымдалуы 12,-тен 0,75 дернәсілге дейін төмендейді, сепарацияланғанда 12,5-тен 0,5-ке дейін. Тиімді феромондар мен аттрактанттардың жоқтығы салдарынан, феромонды тұзақтарды қолданатын қауын шыбынының аталық вакуум технологиясы тиімсіз болып отыр.

Кілт сөздер: сепарация, стерильденген, феромонды тұзақтар, жеміс шыбыны

TO THE TECHNOLOGY OF USING STERILE INSECT TECHNIQUE AGAINST THE MELON FLY MYIOPARDALIS PARDALINA BIGOT

B.A. DUISSEMBEKOV¹, candidate of biological sciences,
A.S. DINASSYLOV¹, candidate of biological sciences,
S.U. KOSSANOV², candidate of agricultural Sciences,
J.B. NIYAZBEKOV¹, candidate of biological sciences,
B.U. YERMEKBAYEV¹, **A.E. NUREKEYEV¹**, masters

¹Zhasken Zhiembayev Kazakh Research Institute of Protection and Quarantine of Plants,

²Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Republic of Kazakhstan

Annotation

It has been established that using the vacuum separation technology and separation by sex is not advisable since the release of sterile males into the nature does not impact on the effectiveness of this method. Under lack of t separation, damage of fruit is reduced from 12,5 to 0,75 larvae, under separation - from 12,5 to 0,50. The technology of the male vacuum of the flies with the use of pheromone traps is inefficient due to the lack of effective pheromones and attractants.

Keywords: separation, sterile, pheromone traps, fruit fly.

FTAMP 27.03.40

ІТ САЛАСЫ МЕН ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, МАТЕМАТИКА САЛАСЫНДА 1-ШІ РЕТТІ СЫЗЫҚТЫҚ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ МАТНСАД-ТА ОРЫНДАУ

Қ.ҚАНИБАЙҚЫЗЫ¹, педагогика ғылымдарының магистрі,
А.Қ.СМАХАНОВА¹, математика магистрі

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Елбасы өзінің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа арнаған жолдауында елімізде «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асыру керектігі баяндалған болатын. Яғни, ақпараттық технологиялар жедел дамып бара жатқан мына заманда ІТ саласын дамытпасақ, дамыған 30 елдің қатарынан көріну қиын болады. Себебі, өркениетті елдердің барлығы осы цифрлы жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуын және халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді. Жалпы, сандық технологиялардың біздің қоғамға берер артықшылықтары көп.

Ақпараттық технологиялар немесе қысқаша айтқанда ІТ саласы мен цифрлы технологияларды дамыту қажеттілігі, компьютерлік технологияның көп функционалды бағдарламалық-ақпараттық мүмкіндіктері: виртуальді лабораториялар, компьютерлік бағдарламалық пакеттер, интернет жүйесі, мультимедиа, электрондық оқулықтар және т.б. студенттердің танымдық белсенділігін арттыру, шығармашылық ізденіске баулу. MathCAD жүйесінде дифференциалдық теңдеулерді шешуге үйрету.

Кілт сөздер: ақпараттық, цифрлы технология, сызықтық дифференциалдық теңдеу, Бернуллі әдісі, интернет жүйесі, виртуальді лабораториялар.

Бүгінгі таңда дамып келе жатқан болашағы зор сала ақпараттық технологиялар саласы екенін бүкіл әлем мойындап отыр. Бұл саланың берері мол екеніне көздері жеткен көптеген дамушы елдер қаржысын да, ресурсын да аяп жатқан жоқ. Осы елдердің арасында Қазақстан да бар. Жалпы, сандық технологиялардың біздің қоғамға берер артықшылықтары көп.

Ақпараттық технологиялар немесе қысқаша айтқанда ІТ саласы мен цифрлы технологияларды дамыту қажеттігін Елбасы өзінің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа арнаған жолдауында баяндаған болатын. Жолдауға сәйкес елімізде «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылуы белгіленді. Ақпараттық технологиялар жедел дамып бара жатқан мына заманда ІТ саласын дамытпасақ, дамыған 30 елдің қатарынан көріну қиын болады.

Себебі, өркениетті елдердің барлығы осы цифрлы жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуын және халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді. Компьютерлік технологияның көп функционалды бағдарламалық-ақпараттық мүмкіндіктері: виртуальді лабораториялар, компьютерлік бағдарламалық пакеттер, интернет жүйесі, мультимедиа, электрондық оқулықтар және т.б. студенттердің танымдық белсенділігін арттырады, шығармашылық ізденіске баулиды. Инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана оқытушының шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана өз күшіне ие бола алады. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр оқытушыдан оларды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болатын іскерлікті талап етеді.

Сондықтан жоғары оқу орындарында математика пәнінің оқытушылары қазіргі уақыт талабына сай білім бере отырып, математикалық ойлау қабілеті жоғары, ойлау мәдениеті қалыптасқан, өз бетінше дәл шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, білімді студентті даярлап шығаруға зор үлесін қосуы тиіс.

Енді MathCAD жүйесінде дифференциалдық теңдеулерді шешуді қарастырайық:

Бірінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеулердің жалпы түрі $y' + p(x)y = f(x)$, мұндағы $p(x), f(x)$ берілген функциялар. Бұл теңдеуді Бернуллі әдісін қолданып шешеміз. Шешім екі функцияның көбейтіндісі ретінде алынады.

$$y = u(x)v(x)$$

$$\text{Мұнда } v(x) = e^{-\int p(x)dx}$$

$$u(x) = \int e^{\int p(x) dx} f(x) dx + c$$

Сонда, $y = e^{-\int p(x) dx} \left(\int e^{\int p(x) dx} \cdot f(x) dx + c \right)$

- Дифференциалдық теңдеуді шеш: $xy' - y = x^3$

Шешуі: Берілген теңдеуді түрлендірейік

$$y' - \frac{1}{x} y = x^2$$

Сонда $p(x) = -\frac{1}{x}$, $f(x) = x^2$ болады.

Демек $v(x) = e^{-\int (-\frac{1}{x}) dx} = e^{\int \frac{dx}{x}} = e^{\ln x} = x$

$$u(x) = \int e^{\int \frac{dx}{x}} \cdot x^2 dx = \int e^{-\ln x} \cdot x^2 dx = \int x dx = \frac{x^2}{2} + C$$

Теңдеудің жалпы шешімі: $y = x \cdot \left(\frac{x^2}{2} + C \right)$

Енді осы теңдеуді MathCAD-қа енгізіп,

Evaluation символынан « \rightarrow » белгісін қойып, Enter батырмасын басып, 1-суреттегі нәтижені аламыз.

Сурет 1

- $y' + y \tan x = \frac{1}{\cos x}$ теңдеудің шешімін тап.


Шешуі: Мұнда $p(x) = \operatorname{tg}x$, $f(x) = \frac{1}{\cos x}$

$$v(x) = e^{-\int \operatorname{tg}x dx} = e^{\ln \cos x} = \cos x$$

$$u(x) = \int e^{\int \operatorname{tg}x dx} \cdot \frac{1}{\cos x} dx = \int \frac{dx}{\cos^2 x} = \operatorname{tg}x + C$$

Жалпы шешім мына түрде жазылады: $y = \cos x(\operatorname{tg}x + C)$

Енді осы теңдеуді MathCAD-қа енгізіп, Evaluation символынан « \rightarrow » белгісін қойып, Enter батырмасын басып, 2-суреттегі нәтижені аламыз.




Сурет 2.

- Теңдеуді шеш: $y' - 2y = 0$

$$p(x) = -2, \quad q(x) = 0$$

Берілген теңдеуді MathCAD-қа енгізіп, Evaluation символынан « \rightarrow » белгісін қойып, Enter батырмасын басып, 3-суреттегі нәтижені аламыз.




Сурет 3.

- Теңдеуді шеш: $y' + y = 0$

$$p(x) = 1, \quad q(x) = 0$$

Берілген теңдеуді MathCAD-қа енгізіп,

Evaluation символынан « \rightarrow » белгісін қойып, Enter батырмасын басып, 4-суреттегі нәтижені аламыз.



Сурет 4.

Қорыта айтқанда, еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы оқушылар бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет.

Әдебиеттер:

1. Қонысұлы А. 1-ші ретті сызықтық дифференциал тендеулер және олардың қолданулары. ҚМУ, 2001.-80б.
2. Дьяконов В.П. MathCAD 2000. Учебный курс. СПб, Питер, 2001.-592с.
3. Сдвижков О.А. MathCAD 2000: введение в компьютерную математику.-М., Дашков и К., 2002.-204с
4. Тұрбаев Б.Е., Қанибайқызы Қ. Дифференциалдық және интегралдық есептеулер негіздері. Қызылорда 2013ж, 152 б.

ВЫПОЛНЕНИЕ ЛИНЕЙНЫХ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ 1-ГО ПОРЯДКА В ОБЛАСТИ МАТЕМАТИКИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИТ ОТРАСЛИ И ЦИФРОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ НА MATHCAD

Қ. ҚАНИБАЙҚЫЗЫ¹, магистр педагогических наук,
А.К. СМАХАНОВА¹, магистр математики

¹Қызылординский государственный университет имени КORKYT АТА, Республика
Казахстана

Аннотация

В своем послании народу «Третья казахстанская модернизация: глобальная конкурентоспособность» глава государства подчеркнул необходимость реализации в стране государственной программы «Цифровой Казахстан». То есть, когда быстроразвивающиеся технологии быстро меняются, в настоящее время для вхождения в ряды 30 развитых стран без IT-сектора трудно представить. Поскольку все цивилизованные страны переходят на эту цифровую систему, они постепенно улучшают промышленность и благосостояние населения.

В данной работе описаны информационные технологии, в частности, необходимость развития IT отрасли и цифровых технологий, многофункциональные программно-информационные возможности компьютерных технологий: виртуальные лаборатории, компьютерные программные пакеты, интернет-системы, мультимедиа, электронные учебники и т. д., повышение познавательной активности студентов, вовлечение в творческий поиск. Обучение решению дифференциальных уравнений в системе Mathcad.

Ключевые слова: информационная, цифровая технология, линейное дифференциальное уравнение, метод Бернулли, сети интернет, виртуальные лаборатории.

EXECUTION OF LINEAR DIFFERENTIAL EQUATIONS OF THE N-TH ORDER IN THE FIELD OF MATHEMATICS WITH THE USE OF IT INDUSTRY AND DIGITAL TECHNOLOGY ON MATHCAD

K. KANIBAYKYZY¹, master of pedagogical sciences
A. K. SMAKHANOVA¹, master of mathematics

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Republic of Kazakhstan

Annotation

In his Message to the People of Kazakhstan "The Third Kazakhstan Modernization: Global Competitiveness," the Head-of-the State stressed the need to implement the national program "Digital Kazakhstan" in the country. That is, when emerging technologies are

developing rapidly, presently it is impossible to imagine the IT sector as 30 developed countries. As all civilized countries are under moving to this digital system, they gradually improve industry and the well-being of the population.

This paper describes information technologies, in particular, the need to develop the IT industry and digital technologies, multifunctional software and information capabilities of computer technologies: virtual laboratories, computer software packages, the Internet system, multimedia, electronic textbooks, increase of cognitive activity of students, involvement in a creative search, learning to solve differential equations in the Mathcad system.

Keywords: informational, digital technology, linear differential equation, Bernoulli method, Internet, virtual laboratories.

ҚҰМАЙ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ БОТАНИКА-БИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ӨСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

И.А.ТАУТЕНОВ¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
С.Ж.БЕКЖАНОВ¹, PhD,
А.М.КУЗДИБАЕВА², ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

²Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Мақалада құмай дақылдарының тамыр жүйесінің, сабақтары мен жапырақтарының ботаникалық сипаты, сонымен қатар олардың жылу мен жарыққа, ылғалға, топырақ пен тұздануға, минералды қоректенуге қатынасы келтірілген. Құмайдың вегетативті қалыптасу және генеративті пайда болу органдары графикалық интерпретация түрінде берілген. Құмай дақылдарының тұқымының көктеу, өскіндеуі, түптену мен түтіктенуі, сабақтарының өсуі, сіпселенуі, гүлдеуі, дәндердің қалыптасуы, дәннің балауса және толық пісу кезеңдерінің айрықша белгілері қаралған. Құмайдың ботаника-биологиялық сипаттамасы мен өсу ерекшеліктері Қызылорда облысының қуаңшылық аудандары үшін өте бағалы малазықтық дақыл ретінде өсіруге болатындығын дәлелдейді.

Кілт сөздер: құмай, тамыр жүйесі, сабақтар, жапырақтар, вегетациялық кезең, өсу ерекшеліктері, минералды тыңайтқыштар.

Құмайдың дамуында екі негізгі кезеңді бөледі: I – вегетативтік органдардың – тамыр, сабақтар мен жапырақтардың қалыптасуы; II – генеративтік органдардың – гүл шоқтарының, гүлдер мен тұқымдардың түзілуі.

Құмайда тамырлардың бес типі анықталған: ұрықтық, мезокотельді, түйіндік, түптену сабақтарының тамырлары және ауа тамырлары, ол тамыр жүйесінің тіршілік етуі тұқым пісіп жетілгеннен соң да жалғаса береді [1].

Құмайдың тамыр жүйесі көпшілік астық тұқымдастар сияқты шашақты, кең тармақталған, топыраққа терең бойлайды. Құмай бір тамыршамен өсіп, 3-4-ші жапырақ пайда болғанша, түкшелермен жабылған көптеген жанама тамыршалар түзіп, қарқынды тармақталады және олар екінші кезектегі тамырлар пайда болғанша, өсімдіктің топырақтан қоректенуінің негізгі органы болып табылады. Өскіндер өсіп шыққаннан соң, 4-8 күннен кейін түптену түйіні нақты белгіленеді, онан екінші қатардағы (түйіндік) тамырлар шығады және олардың топырақтың кеуіп кеткен қабатын тесіп өтетін қабілеті бар, 2 м және онан да тереңге бойлап, ылғал қабатқа жетуге ұмтылады. Күшті қуаңшылық орын алғанда құмай тамырларында, оларды құрғап кетуден сақтандыратын қорғаушы кремний қабаты түзіледі.

Түптену түйінінен жанама тамырлардың қуатты шашақтары дамиды, олар жан-жаққа 60-130 см-ге тарап, 250-300 см тереңдікке дейін бойлайды. Шашақтану кезеңінде тірек (ауа) тамырлары түзіледі, олар жер бетіндегі бірінші-екінші түйіннен өсіп шығып топыраққа бойлай сіңіп кетеді.

Құмайдың сабақтары тік тұратын, буынаралықтарға бөлінген, олардың саны мен ұзындығы қай түрге жататындығына және сортына байланысты. Бас сабақтағы буынаралық саны генетикалық негізделген және едәуір тұрақты белгі болып табылады. Ерте пісетін сорттарда буынаралықтар саны аз, 7-10, орта мерзімде пісетін сорттарда – 11-15, ал кеш пісетін сорттарда 16-25. Олардың ұзындығы құмайдың түрі мен сортына және

қолданылған агротехника жағдайына байланысты түбінен 0,5-2 см-ден сіпсебасқа қарай 40 см-ге дейін ұлғаяды.

Сортына, егістің тығыздығына байланысты, сол секілді топырақ құнарлылығы деңгейіне және климат жағдайларына байланысты сабақтар биіктігі және олардың бір түптегі саны әртүрлі болып келеді. Құмайдың биік сорттарының биіктігі 2-3 м, ал суармалы жағдайда 4-5 м-ге дейін жетеді. Ергежейлі сорттардың биіктігі 0,6-0,8 м шамасында болады. Өзгергіштігіне қарамастан, сабақ биіктігі құмайдың көптеген топтары, түрлері мен сорттары үшін тұрақты белгі болып табылады.

Құмайдың жапырағы жапырақ алақанынан және жапырақ қынабынан тұрады. Жапырақтың қынап бөлігі сабақтың төменгі жағын тығыз қоршап, оларды қолайсыз сыртқы жағдайлардан қорғайды және сабаққа үлкен беріктік береді.

Жапырақтар екі жағынан кезектесіп орналасады. Олардың саны буынаралықтар санына, сондай-ақ өсіру жағдайларына және сорттың өніп-өсу мерзіміне байланысты болады. Ерте пісетін сорттар 7-10, орта мерзімде пісетін сорттар 16-25 және онан да көп жапырақ шығарады. Жапырақ алақанының ұзындығы 40-80, жалпақтығы 5-14 см болып келеді. Жапырақтарда құлақша жоқ, тілшесі кішкентай, жапырақ алақаны – отырған. Бір өсімдіктің жапырақ алақанының орташа ауданы 290 см², ал ол 200-ден 390 см² дейін ауытқиды.

Гүл шоғыры әртүрлі формадағы (цилиндр тәрізді, сопақша, пирамида тәрізді, сыпырғы тәрізді және т.б.) әртүрлі тығыздықтағы (бос, тармақты, қысыңқы), әртүрлі түсті (ақтан қоңырға дейін) гүл және масақ қабықшаларымен біркелкі деңгейде жабылмаған, ұзындығы 15-70 см болатын сіпсебас. Бұл белгілер толық бас шығару-гүлдеу кезеңдерінде өте анық көрінеді және құмайдың топтарын, түрлерін және сорттарын анықтау кезінде маңызды морфологиялық белгілер болып табылады.

Құмайдың жемісі – дән, ол формасы, өлшемдері және түсі жағынан ерекшеленеді. Дәндік құмайдың жемісі жалаңаш, гүл және масақ қабықшалары оңай ажыратылады, қант және сыпырғы құмайларының дәнінің қабықшасы болады. Қабықшасы бар сорттарда тұқымды саңырауқұлақ ауруларынан қорғайтын танин глюкозиді бар. Бір сіпсебастағы дәндер саны сортқа, буданға және өсіру жағдайларына байланысты сорттарда – 1800-2190 дана, будандарда 3000-5600 дана кездеседі. 1 кг-да сортына және өсіру жағдайларына байланысты 24-48 мың құмай дәні болады. Дән пішіні сопақ, жұмыртқа тәріздес, бөшке тәріздес, домалақ және т.б; өлшемі бойынша – ірі (1000 дән салмағы 30-40 г) орташа (20-30 г) және майда (20 г-нан төмен) болады.

Өсу ерекшеліктері. Құмай дақылының өсуі мен дамуының өзіндік ерекшеліктері бар. Батыс елдерінде өсімдік онтогенезін астық дақылдарының дамуының ондық коды бар халықаралық фенологиялық шкала бойынша бағалайды [2]. ТМД елдерінде сортсынау әдістемесіне сәйкес дамудың жеті фенологиялық кезеңін есептеу қабылданған: толық өскіндер, түптеу, сіпсебас шығару, гүлдеу, дәннің сүт-балауызданып пісуі (сүрлемге арналған тәжірибелерде) және толық пісу (дәнге арналған тәжірибелер) [3].

Құмай дақылының өндірістік егістерін бақылаулар көрсеткендей, бұл өсімдіктің негізгі бір сипаттамалық ерекшелігі, ұрық тамырлары қажетті қоректендіруді қамтамасыз ете алмаған өскіндер-түптеу кезеңінде, өте баяу өсетіндігі.

Құмайда органогенездің 12 кезеңі өтеді (1 сурет): I –тұқымның өнуі; II –өскіндер, үшінші жапырақ; III – түптену; IV – түптенудің жалғасы; V – түтіктену; VI – түтіктенудің жалғасы; VII – сабақтың өсуі; VIII – сіпсебас шығару; IX – гүлдеу; X – дәннің қалыптасуы және өсуі; XI – дәннің толысуы; XII – дәннің балауызданып және толық пісуі [4].

Өніп-пісіп жетілу мерзімі органогенез кезеңдері бойынша төмендегідей қалыптасады. Бірінші кезеңде судың аз мөлшері жұмсалады – тәулігіне 10 м³/га. Екінші кезеңде, яғни негізгі вегетативтік органдар қалыптасу кезеңінде де жұмсалатын су мөлшері аса көп емес – тәулігіне 22 м³/га. Құмай өсімдігінің сипаттық негізгі

ерекшелігінің бірі, ұрық тамырлары қажетті қоректенуді қамтамасыз ете алмаған өскіндер-түптеу (3-4 апта) кезеңінде жай өсуі.

Үшінші кезеңге өту мерзімінде ұрық жапырақтарын салу тоқталады және гүл шоғыры дінгегінің бөлінуі басталып, олардың жоғарғы бөлігінде бұтақтану жүреді (төртінші кезең). Бұл екі кезең қатар жүріп отырады десе де болады. Төртінші кезең 5-6 жапырақ кезінде және түптенудің басында байқалады және суға жоғары талабымен сипатталады – тәулігіне 45 м³/га-ға дейін. Бұл кезеңде сумен қамтамасыз ету қалыпты болған жағдайда, құмайдың сабақтары көп бұтақтар шығарады, ал ылғал жеткіліксіз болған жағдайда өсімдік түптемейді.

Бесінші кезеңнен бастап жаңа сапалы органның қалыптасуы басталады, оның жабынды және генеративті органдары құралады. Бұл уақытта су тұтыну тәулігіне 93 м³/га-ға дейін ұлғаяды. Түптену кезеңі түтіктену кезеңімен алмасады, онда өсімдіктің жер асты және жер үсті бөліктерінің өсуі қарқынды жүреді. Сіпсебаста болатын гүлшелердің мүмкінді саны нақты анықталады. Алтыншы кезеңнің аяғында тозаң тетрадасы құрылады. Әрі қарай сабақ және сабақтық торапаралықтар қарқынды өседі. Өсімдік биіктігі тәулігіне 5-6 см-ге дейін ұзарады. Н.А. Шепель бойынша [4] жер үсті массасының ең жоғарғы өсуі толық сіпсебас шығару-гүлдеудің басына келеді, одан кейін жапырақтардың өсуі және түптенудің тоқталуына байланысты, өсімдіктің жерүсті өнімділігі төмендейді.

Биіктігі, см	1-3	4-7	24-31	44-55	67-82	77-95	157-185	182-221	183-223	186-227	191-233	194-237
Өсімдіктің тәуліктік өсуі, см/тәулік	0,1	0,4	1,7		1,9		0,5	5,1	0,3		0,3	
Тамырлардың топыраққа өнуі, см												
	3-7	7-11	11-46	46-85	85-104	104-114	114-137	137-148	148-160	160-188	188-198	198-204
Тәуліктік суды тұтыну, м ³ /га	10	10	12	45	93		95-100		74			40
Фаза-аралық зақтылық, күн	10-12	8-10	12-14	12-14	12-14	5-7	16-18	5-7	4-7	12-14	18-20	10-12
Вегетация кезеңдері	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
	Егу-Өну	Өскіндер-3-ші жапырақ	Түптену		Түтіктену		Сабақтың өсуі	Шашақтану	Гүлдеу-дән салу		Балауыздану-толық пісу	

Сурет 1 – Құмай дақылы өсімдіктерінің вегетация кезеңіндегі өсу ерекшеліктері

Ескерту – [1,4,6,8] әдебиет көздері негізінде авторлармен құрастырылған

Тәжірибе көрсеткендей, осы және келесі кезеңдерде (VI дан VIII-ге дейін) өсімдік қарқынды жарықты және толық сумен қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл кезеңдер жаздың ең ыстық кезеңімен ($t \geq 35^{\circ}\text{C}$) және ең төменгі ауа ылғалдылығына сәйкес келеді (20% шамасында). Осы уақытта судың мейлінше мол мөлшері жұмсалады – тәулігіне 95-100 м³/га. Осы кезеңдегі су жетімсіздігі гүлдердің стерильдігіне және бос гүлділікке әкеп соқтырады. Дәл осы кезеңде құмайдың ең қарқынды тәуліктік салмақ қосуы байқалады –

14-18 г. Бұл уақыттағы су тұтынудың азаюы өнімнің, яғни жасыл массаның 180-200 ц/га-ға дейін төмендеуіне себеп болады.

Органогенездің тоғызыншы және оныншы кезеңдерінде тәуліктік су пайдаланудың аздап төмендеуі, шамамен 75 м³/га-ға дейін байқалады. Бұл мезгілде құмай қарқынды өседі және суды қажет етеді. Құмайдың ерте пісетін сорттары сіпсебас шығарғаннан соң 3-4 күннен кейін, ал көпшілік кеш пісетін сорттар – 5-6 күннен кейін, таң мезгілінде гүлдейді. Сабақ-жапырақ массасының өсуі екі кезеңге бөлінеді – вегетативті және репродуктивті.

Суару мөлшері топырақтың су-физикалық қасиеттеріне байланысты жер асты сулары жақын орналасқан жағдайда 600-700 м³/га-дан кем болмауы тиіс.

Жылу мен жарыққа қатынасы. Құмай өзінің толықтай жылуға қоятын талабына сәйкес әлемдік егіншілікте ең жылу сүйгіш дақылдардың бірі болып есептеледі. Құмай аязға өте сезімтал, әсіресе өскіндер кезінде. Өсімдіктер өскіндер кезінде ауа температурасы минус 2-3⁰С болғанда үсіп кетеді, ал гүлдеу кезеңінде минус 1⁰С-та өледі [5]. Оның тұқымдары себу тереңдігіндегі топырақтың температурасы + 10-12⁰С болғанда көктей бастайды, бірақ жас өскіндер шамалы аз уақыттық аяздарда өліп қалуы мүмкін.

Әртүрлі зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда, құмай дақылы дамуының толық циклын өту үшін белгілі бір ауа белсенді температура жиынтығы қажет болады. Ол өте елеулі шектерде ауытқиды: ерте пісетін сорттар үшін 2000-2500, орта ерте – 2500-3000, орта мерзімде пісетін сорттар – 3000-3500, кеш пісетін сорттар үшін – 3500 ⁰С-дан жоғары, өсіру жағдайына және сорттық ерекшеліктеріне байланысты. Жылуға көп қажеттілік құмайдың өскіндер-сіпсебас шығару кезеңінде байқалады – 1400-2100, аз қажеттілік себу-өскіндер кезеңінде – 243-297⁰С [6].

Ылғалға қатынасы. Құмай өзінің ерекше анатомиялық және физиологиялық құрылысына байланысты құрғаққа өте шыдамды және ыстықты көтеретін дақылдар қатарына кіреді [7]. Ғылыми-көпшілік әдебиетте құмайды «*өсімдік әлемінің түйесі*» деп атайды. Бірақ, жер жүзінде үлкен эколого-географиялық өзгешелігіне және кең таралуына байланысты, оның түрлерінің құрғақшылыққа қатынасы бірдей емес екені байқалады [2, с.42].

Құмай дақылдарын құрғақшылыққа төзімділік деңгейіне байланысты 5 топқа бөлуге болады: 1) құрғаққа тұрақсыз – кафрлік және қытайлық; 2) аз тұрақты – гвинеялық; 3) орташа тұрақты – қант құмайы; 4) құрғаққа төзімді – астық құмайы; 5) өте құрғаққа төзімді – шәй құмайы.

Құмай тропикалық өсімдік болғандықтан эволюция үдерісінде ылғал жетіспеушілікке жоғары бейімділік және оны үнемдеп пайдалануға дағдыланған. Құмайдың ылғалға қатынасы, әдетте транспирация коэффициентімен сипатталады, әдебиетте оның мөлшер шамасы әртүрлі. Г.М. Шекун [8] өз еңбегінде транспирациялық коэффициент мәні фазааралық кезеңдерге байланысты болады деген қорытындыға келеді, өскіндерден түптенуге дейін ол 114-ке, түптенуден сіпсебас шығаруға дейін 124, сіпсебас шығарудан гүлдеуге дейін 403, ал орта есеппен 214-ке тең деп жазады. Алайда, оның мәні басқа дақылдарға қарағанда төмен. Мысалы, судан шөбі құрғақ заттың бірлігін құрау үшін судың 340 бөлігін, жүгері – 388, бидай – 515, арпа – 534, сұлы – 600, жоңышқа – 730 бөлігін жұмсайды [4, с.42].

Топыраққа және тұздылыққа қатынасы. Әдебиет мәліметтеріне сәйкес, құмай топыраққа ерекше талаптар қоя бермейді, ол арамшөптерден таза, жеңіл құмдақ және ауыр саздақ топырақтарда да өсе береді [9,10]. Бұл топырақтың терең қабатынан қоректік заттарды сіңіре алатын, топырақтың үлкен көлемін қамтитын және тереңге бойлап кететін тамыр жүйесіне байланысты болса керек. Құмай, әсіресе қант құмайы, жерасты суларының жақындығын жеңіл көтереді.

Құмай топырақ тұздылығына және сілтілігіне шыдамды. Ол топырақ ерітіндісі реакциясына үлкен икемділік көрсетеді (1 кесте) [11].

Кесте 1 – Құмайға арналған топырақ сипаттамасының оптимум, экономикалық мүмкін минимум және максимум көрсеткіштері

Көрсеткіш	Минимум	Оптимум	Максимум
Қарашірік мөлшері, %	1-3	3-6	-
Су суспензиясының рН	5,5-6,5	6,5-8,5	8,5-8,8
Тығыздық, г/см ³	1,10-1,35	1,35-1,45	1,45-1,50
Физикалық саз мөлшері (<0,01 мм), %	10-30	30-45	45-70
Алмаспалы Na, % АКС-нан	-	3-5	5-10
Хлоридті-сульфатты тұздандудағы тығыз қалдық, %	-	0,1-0,2	0,2-0,4
CaCO ₃ мөлшері, %	-	0-5	5-10

Қант құмайы мен дәндік құмай, басқа малазықтық дақылдарға қарағанда, топырақ тұздылығына шыдамды болып, фитомассаның жақсы өнімдерін құрайды [12]. Мысалы, зертханалық жағдайда натрий сульфатының ерітіндісінде өсіру кезінде дәндік құмайдың көптеген сортүлгілері жоғары тұрақты екенін көрсетті.

Минералды қоректенуге қатынасы. Құмайдың басқа дақылдарға қарағанда, суға және топыраққа төменгі талап қоятындығына қарамастан, көптеген авторлар, оның жоғары өнімділігі қоректік заттардың едәуір мөлшерін пайдалануымен байланыстырады, сондықтан ол, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды енгізуді қалайды. Құмай үшін ең қажетті қоректік элемент азот болып табылады, топырақтың табиғи құнарлылығы дақылды азотпен тек 38,7%-ға, фосформен 53,3%, калиймен – 93%-ға қанағаттандырады. Құмай өсімдігінің ең көп азотты тұтынуы, қарқынды өсу кезеңінде және генеративтік мүшелер қалыптасу кезінде, әсіресе сіпсебас шығаруға 10-15 күн қалғанда және гүлдеуден 10-15 күн өткен соң байқалады. Сіпсебас шығару кезеңіне қарай өсімдіктер жалпы P₂O₅ мөлшерінің 50% сіңіреді [4, с.46].

Қорытынды. Жоғарыда көрсетілген, құмайдың ботаника-биологиялық және өсу ерекшеліктері оны, Қызылорда облысының қуаңшылық аудандары үшін өте бағалы малазықтық дақылдар қатарына қосуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Шорин П.М., Малиновский Б.Н., Мирошниченко В.Ф. Сорго – ценная кормовая культура. – М.: «Колос», 1973. 109 с.
2. Федоров В.А., Коломейченко В.В., Дурнев Г.И. и др. Растениеводство. Практикум. – Воронеж: Воронежский агроуниверситет, 1996. – 392 с.
3. Методика Государственного сортоиспытания сельскохозяйственных культур. – Алматы, 2002. - Вып. 1. –378 с.
4. Шепель Н.А. Сорго. – Волгоград, 1994. – 448 с.
5. Балакай С.Г. Сорго – культура больших возможностей // Научный журнал Российского НИИ проблем мелиорации, 2012. – № 1(05), – С.1-8.
6. Алабушев А.В., Бескровный В.И., Гайко Н.Т., Метлин В.В. Сорго. – М.: Агропромиздат, 1989. – 32 с.
7. Кадыров С.В., Федотов В.А., Большаков А.З., Клепка Ю.Н. и др. Сорго в ЦЧР // Ростов-на-Дону, ЗАО «РостИздаТ», 2008. – С. 14-16.
8. Шекун Г.М. Культура сорго в СССР и ее биологические особенности. –М.: Колос, 1964 –С.3-14.
9. Вахненко В.В. Сахарное сорго как кормовая культура в Приаралье. Тр. по прикладной ботанике, генетике и селекции. – Л., 1980. - Т.69, вып.1. – С. 125-127.

10. Пронько В.В. Высокая отдача сорго // Кукуруза и сорго. – 1989. № 4. – С. 37-38.
11. Вальков В.Ф., Денисова Т.В., Казеев К.Ш., Колесников С.И., Кузнецов Р.В. Почвенно-экологические аспекты растениеводства. – Ростов-на-Дону: «Ростиздат», 2007. – 391 с.
12. Царев А.П., Царева М.А. Агробиологические основы формирования высокопродуктивных агрофитоценозов кормовых культур и их использование на корм и семена в условиях Саратовской области // ФГОУ ВПО «Саратовский ГАУ», 2011. – С. 134-139.

БОТАНИКО-БИОЛОГИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ И ОСОБЕННОСТИ РОСТА СОРГОВЫХ КУЛЬТУР

И.А. ТАУТЕНОВ¹, доктор сельскохозяйственных наук,
С.Ж. БЕКЖАНОВ¹, PhD,
А.М. КУЗДИБАЕВА², магистр сельскохозяйственных наук

¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
²Отдел сельского хозяйства Кармакшинского района,
Республика Казахстан

Аннотация

В статье приводятся ботаническое описание корневой системы, стеблей и листьев сорговых культур, а также их отношение к теплу и свету, влаге, почвам и засолению, минеральному питанию. Формирование вегетативных и образование генеративных органов сорго представлены в виде графической интерпретации. Рассмотрены отличительные особенности прорастания семян, всходов, кущения, выхода в трубку, роста стебля, выметывания, цветения, формирования зерновки, восковой и полной спелости зерна сорговых культур. Описанные ботанико-биологические характеристики и особенности роста сорго обуславливают его высокую засухоустойчивость и урожайность, что ставят в число наиболее ценных кормовых культур для засушливых районов Кызылординской области.

Ключевые слова: сорго, корневая система, стебли, листья, вегетационный период, особенности роста, минеральное питание.

BOTANICAL AND BIOLOGICAL CHARACTERISTICS AND GROWTH CHARACTERISTICS FEATURES OF SORGHUM CROPS

I.A. TAUTENOV¹, doctor of agricultural sciences,
S.Zh. BEKZHANOV¹, PhD,
A.M. KUZDYBAEVA², master of agricultural sciences

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University,
²Department of agriculture of Karmakshinsky district,
Republic of Kazakhstan

Annotation

The article provides a botanical description of the root system, stems and leaves of sorghum crops, as well as their relation to heat and light, moisture, soil and salinization and mineral nutrition. Formation of vegetative and creation of generative organs of sorghum are presented in the form of graphical interpretations. The distinctive features of seed germination, germination, tillering, going into the tube, stem growth, sprouting, flowering, formation of grains, waxy and full ripeness of sorghum crops are considered. The described botanical and biological characteristics and growth characteristics of sorghum determine its high drought tolerance and yield which is among the most valuable forage crops for arid areas of the Kyzylorda region.

Keywords: sorghum, root system, stalks, leaves, vegetative period, features of body height, mineral delivery.

FTAMP 68.37.29

КҮРІШ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛҒЫ ДАҚЫЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАЛУЫ

И.А.ТАУТЕНОВ¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
Қ.А.ҚАЙМОЛДАЕВА¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі,
Д.М.НАЙМАНБАЙ¹, магистрант

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Қазақстан Республикасының Қызылорда облысы күріш өсіретін ең перспективалы аймаққа жатады. Алайда, соңғы жылдары ауа райының күрт өзгеруі салдарынан экологиялық жағдайдың нашарлауы ауылшаруашылығы дақылдарының, оның ішінде негізгі дақыл күріштің ауруларының белең алуына, соның нәтижесінде өнімділік пен өнім сапасының төмендеуіне әкеп соқтырды.

Күріштің жұқпалы ауруларын саңырауқұлақтар, бактериялар, вирустар және нематодтар қоздырады. Ең қауіпті кең тараған күріш ауруларына пирикулярриоз, фузариоз, гельминтоспориоз, альтернариоз, нигроспориоз жатады. Осы күріш ауруларының күріш ауыспалы егісіндегі алғы дақылдарға байланысты таралуын зерттеу барысында жүргізілген фитосанитарлық талдау, өсімдіктің ауруға шалдығу егіншілік мәдениеті деңгейіне, яғни танаптың арамшөптермен залалдануына байланысты екенін көрсетті. Өз кезегінде танаптағы арамшөптер саны мен түрлері алғы дақылға байланысты өзгеріп, күріш егісінде жыл сайын ауыспалы егіс айналымы бойынша жоңышқа танабынан алыстаған сайын фитосанитарлық жағдайдың төмендегені байқалды. Зерттеулер қорытындысы бойынша күріштен мол және сапалы өнім алу үшін жақсы алғы дақылдарды пайдалану ұсынылады.

Кілт сөздер: күріш, пирикулярриоз, фузариоз, гельминтоспориоз, альтернариоз, нигроспориоз.

Еліміз әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылуы үшін қойылатын негізгі міндеттердің бірі – өндірілген өнімдеріміздің халықаралық нарықта бәсекелестік қабілетінің жоғары болуы. Осы орайда Қызылорда облысының негізгі өндіріс көзінің бірі болып табылатын ауыл шаруашылығы, оның ішінде өсімдік шаруашылығы өндірісінің орны ерекше [1].

Арал теңізіне Амудария және Сырдария өзендерінен түсетін су мөлшерінің азаюына байланысты болған Қазақстандық Арал өңірінің экологиялық дағдарысының әсері барлық салаларда байқалуда, әсіресе су шығынын көп қажет ететін күріш шаруашылығында көптеген проблемалар туындауда. Негізгі күріш өндіруші аймақ болып есептелетін Қызылорда облысында 200 мың га-дан асатын инженерлік күріш жүйелерінің топырақтарының тұздануы, өңірде ауа райының күрт өзгеруі нәтижесінде өсімдіктердің зиянды ағзалары көбеюде [2,3].

Әсіресе, соңғы жылдары аймақта күріш ауруларының эпифитотиясы ауа райының өзгеруіне байланысты және соған сәйкес ауру таратушы инфекцияның жиналуына байланысты көбейген [4,5].

Әлемнің негізгі күріш өсіретін аймақтарында (Жапония, Үнді, Филиппин, Қытай, Ресей) күріштің зиянды аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресуде химиялық

шараларды тиімді деп есептейді. Себебі, күріш жылы, ылғалы мол климат жағдайында өсетін болғандықтан, бұл дақылдың жұқпалы аурулары өте көп, олар орасан зор зиян келтіреді [6].

Күріштің жұқпалы ауруларын саңырауқұлақ, бактерия, вирус және нематодалар қоздырады.

Пирикуляриоз – ауру қоздырғыш саңырауқұлақ *Piricularia oryzae* Br et Saw. Ең қауіпті кең тараған күріш ауруына пирикуляриоз жатады. Бұл ауру күріштің өсу дәуірінде барлық жер бетіндегі бөлімін зақымдайды. Зақымдау сипатына байланысты ауру үш түрге бөлінеді: жапырақта, буында және шашағында. Жапырақ алақанымен жапырақ қынабында ақшыл-қоңыр дақ пайда болады, ол біртіндеп үлкейіп ұзындығы 3-4 см және ені 0,5 см болады. Жапырақтың үстіңгі жағынан сұрғылт-ақшыл қара-қоңыр жиекті, төменгі жағынан – қоңыр сұр немесе қара және сұрғылт қоныммен жабылған.

Күріш буыны зақымдану түрі буында қара – қоңыр дақ пайда болады. Әуелі олар кішкене біртіндеп көбейеді, буынның бәрі қарайып кетеді. Зақымданған сабақтағы дән толық болмайды және жоғары көтеріліп тұрады. Ауру күріш өсу кезінде конидиямен таралады. Саңырауқұлақ өсімдік қалдығында, тұқымда сақталады. Ауру қоздырғыш көптеген астық тұқымдас өсімдіктерде де дамиды, әсіресе қамыста. Ол ауру таралудың қосымша көзі болуы мүмкін. Пирикуляриоз ауруынан зияндануға тұқымның өнгіштігінің төмендеуі, күріш көгінің сиреуіне, вегетация кезінде кейбір өсімдіктердің өлуі, сонымен қатар толық піспеген немесе ұшық дәннің көп болуы себеп болады. Осының арқасында күріш өнімі төмендеуі 20-25% және одан да көп болуы мүмкін [6].

Пирикуляриоз Ресейдің Краснодар өлкесінде көп тараған. Оның күшті дамуы 1937-1938 жылдары байқалған, сонан соң ауру эпифитотиясы 10-12 жыл сайын қайталанып тұрған. Ауруға төзімсіз Лиман және Регул сорттарының өнімділігі 50 және онан да жоғары пайызға төмендеген. Осыған байланысты өніп-өсу кезеңі бойына фунгицидтермен 2-3 қайтара өңдеу ұсынылады.

Л.Д.Казенастың жарты ғасыр бұрын жүргізген зерттеулері Қазақстанда пирикуляриоздың өте сирек кездесетінін көрсеткен. Ж.А.Әбілдаева 1998 жылы Қызылорда облысының 2-3 аудандарының күріш алқаптарында пирикуляриоз ауруы әр жерден кездескенін, ауру белгілері жапырақта, буында пайда болғанын жазады. Жапырақтағы дақ әр түрлі ұзындығы 2,2-3,4 см, ені 0,3-0,5 см, жиегі қара-қоңыр ортасы сұрғылт түсті. Жапырақ қынабындағы дақ екі жағында қоңыр түсті болып келеді.

Шашақ зақымдалуы сабақтың ең жоғарғы басы (метелкаға жақын) шіруі, соның нәтижесінде шашақта дән толық болмайды ұшық болады. Конидиясы 3 клеткалы, формасы алмұрт немесе жұмыртқа тәрізді ашық сары түсті, өлшемі жапырақта 21,62 + 0,48 буында 23,72 + 0,53 шашақта 23,62 + 0,55. Ауру облыс егістік алқаптарында 2006 жылы 12 мың га жерде немесе зерттелген аумақтың 30%-да кездесті. Сол жылдардан бастап облыс күріш алқаптарында бұл ауру жыл сайын көрініс береді, күріш өндіруші шаруашылықтар химиялық күрес шараларын технологиялық картаға енгізіп қойды.

Фузариоз – ол *Vaccinia* немесе гигантизм (шамадан тыс өсіп кетуі және тамыр шіруі) деген атпен белгілі. Күріштің кең тараған ауруына фузариозды тамыр шіруі, және дән фузариозы жатады. Гигантизм Индияда, Қытайда, Мадагаскарда, Филлипинде және Жапонияда тараған. ТМД республикаларында аурудың бұл түрі тіркелмеген. Ауру қоздырғыш саңырауқұлақ *Fusarium moniliforme* /қалталы стадиясы/ *Typhlocyba fujikuroi* /Saw/ W. Ауру белгілері күріш көктеген кезден басталады. Ауырған өсімдік ақшыл-сары немесе ақшыл-жасыл түсті болады. Сабағы жіңішкеріп шамадан тыс ұзын болып өседі. Сабақтың басталар жерінде қызғыш түсті қабық пайда болады, ол саңырауқұлақ конидиясынан тұрады. Конидия гүлге таралып оны зақымдайды. Зақымданған дән бірінші ауру таратушы болып табылады. Кейде ауру өсімдіктің бойы қысқарып көптеген қысқа сабақтар түзуі мүмкін.

Тамыр шірік түрінің ауру қоздырғышы *Fusarium oxysporum f. oryzae* F. graminearum F. heterosporum Nees, F. culmorum т.б. Каспий өңірінде, Қырымда, Кубанда, Орта Азия және Қазақстанда. Қазақстанның оңтүстігінде күріштің фузариоз ауруы қоздырғышы *F. oxysporum f. oryzae* күріштің барлық органын зақымдайды. Зақымдалған өсімдіктің тамыры әуелі қоңырланады, жіңішкереді одан соң ұлпа мацерацияланады, ол тамыр мойынын қамтиды. Соның нәтижесінде тамыр мойыны шіріп, сабақ тамырдан жеңіл ажырайды. Ауру өсімдіктің шашағындағы дән толық болмайды, гүл қауызында қоңыр дақ пайда болады, кейде өсімдік дән байламай сарғыш түсті болып кетеді [3,7].

Күріштің гелиминтоспориоз ауруы күріш егілетін барлық аймақтарда кездеседі. Краснодар өлкесінде, Кавказда, Орта Азияда және Қазақстанның Қызылорда облысында гелиминтоспориозбен зақымдалған өсімдік сирек кездеседі.

Ауру қоздырғышы – саңырауқұлақ *Helmintosporium oryzae* v.B. de.Naan. Жіп шумағы клетка аралық, диффузды таралады. Зақымдалған ұлпа үстінде конидиялы спора түзеді. Конидия тасушы күңгірт-қоңыр, түзу кейде тармақталады, өлшемі 100- 175 x 4-5 мкм. Конидиясы күңгірт сарғыш, ұзынша, аздап иілген 5-13 көлденең перделері бар. Конидия өлшемі 35-170 x 26,8 мкм. Саңырауқұлақ өсімдік қалдығында, дәнде жіпшумақ, конидия күйінде сақталады. Ауырған күріш көгі солады, тамыры шіриді, түптену буынында күңгірт-сары қоным пайда болады. Жапырақта, сабақта және дәнде ұсақ овальді-ұзынша қоңыр дақ пайда болып, ортасы сұрғылт сары барқытгүл тәрізді қоным пайда болады. Ауру өсімдік жапырағы қурап түсіп қалады, сабағы сынады.

Гелиминтоспориоз ауруы тұқым өңгіштігін төмендетеді, күріш көгі сирек кетеді, жапырақта ассимиляция процесін азайтады, егістіктің жығылып қалуына себеп болады. Аурудың зақымдауы 5-10% болса, кейде 30-40% болуы мүмкін. Ауруға төзімді сорттар жоқ.

Альтернариоз ауру қоздырғышы – *Alternaria alternata* Nees. Ауру күріш жапырағында қоңыр белгілі формасы жоқ дақ пайда болады. Конидия тасушы қысқа қара қоңыр түсті конидиясы 3-6 көлденең пердесі бар. Альтернариоз, фузариозбен және пирикулярриозбен ауырған күрішті ылғалды камераға салып қарағанда барлық уақытта кездеседі. Ол астық тұқымдас дақылдардың барлығында кездесетін факультативті паразит. Бұл ауру Ресейдің Краснодар және Примор өлкелерінде кеңінен таралған.

Нигроспориоз – ауру қоздырғыш – *Nigrospora oryzae* Petch – факультативті паразит. Дән сыртында күріш пісуге жақындағанда қара ұнтақ қоным түрінде пайда болады. 1998 жылы Жалағаш ауданы «Ақсу» шаруашылығында тұқымға арналған егістікте кездескен. Аурудың этиологиясы анықталмаған.

Септориоз ауруының қоздырғышы – саңырауқұлақ *Septoria oryzae* Cott. *Sphaeropsis* туысына жатады. Күріш жапырағында, сабақ буыны арасында және дән қабығында қоңыр-сұр дақ пайда болады.

2018 жылы күріш дақылының өніп-өсу дәуірінде пирикулярриоз және басқа да күріш ауруларының таралуы мен даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Қарауылтөбе тірек пункті жағдайында әртүрлі дақылдар танабына орналасқан күріш егісінің фитосанитарлық жағдайына талдау жүргізілді. Күріш өсімдігінің өсуі мен дамуының негізгі кезеңдерінде аурулар дамуының өзгерісіне ұдайы бақылаулар жүргізіліп отырды. Түтіктену кезеңінде пирикулярриоз ауруы белгілері тек қоға өсімдігінде байқалса, дақылдың балауызданып пісу кезеңінде, алғы дақыл күріш болған жағдайда аз мөлшерде негізгі дақылда да болды. Дақтылық кешенімен жапырақтар мен сабақтардың зақымдануы 1-5% аралығында болды. Күріштің Түгіскен және Ару сорттарында дән қабықшаларының қараюы 20-30%-ға дейін жетті. Ылғал камерада жасалған талдаулар ауру дәндерден негізінен *Alternaria* туысынан, сиректеу *Fusarium* туысынан бөлінгенін көрсетті, ал пирикулярриоз қоздырғышы кездескен жоқ.

Саңырауқұлақ және бактериялық аурулар инфекциясының көзі патогендер ұзақ уақыт сақталатын дақылдың өсімдік қалдықтары және астық тұқымдас арамшөптер болып табылады. Сол себепті күріш агроценозында көп кездесетін астық тұқымдас арамшөптерге, оның ішінде атап айтқанда, кәдімгі қамыс, күрмек және шиін, доңыз қоға арамшөптеріне баса назар аударылды. Кәдімгі қамыс аз мөлшерде сабақ және қоңыр дат ауруымен, ал тауық тарысы – жабық қара күйе ауруымен залалданған. Қамыс жапырақтарынан негізінен *Alternaria* және *Fusarium* туыстарынан саңырауқұлақтар, сондай-ақ бактериальды экссудат бөлінді. Пирикуляриозға ұқсайтын дақтар тек қоғаларда ғана кездесті, бірақ саңырауқұлақтың спора таратуы болған жоқ.

Облыстың күріш жүйелерінде негізінен сегізтанапты күріш ауыспалы егістері игерілген. Соңғы жылдары экологиялық жағдайларға және су тапшылығына байланысты ауыспалы егістегі күріштің үлесін 25-37,5%-ға төмендетіп, құрамына әртараптандыру дақылдары енгізіліп жатыр. Нәтижесінде күріш дақылы жыл сайын жақсы алғы дақылдардан соң егіліп, ол жерлерде зиянды ағзалардың әрекетінің бәсеңдеуі байқалуда. Тоқырау жылдары әл бермей кеткен егістік арамшөптерінен құтылу, сауатты жүргізілген агротехникалық шаралар көмегімен және алғы дақылдар-көп жылдық бұршақтұқымдас шөптер арқасында іске асып жатыр. Танапта, арық-атыздарда арамшөптер түрлері мен саны кеміген сайын күріш дақылының саңырауқұлақ және бактериялық аурулармен залалдануы деңгейі төмендегені байқалып отыр.

Күріш ауыспалы егісіндегі негізгі алғы дақылдар жоңышқа, мелиоративтік танапқа егілген әртараптандыру дақылы және күріш болса, бұлардың әрқайсысы бойынша арамшөптер саны мен түрлері әрқалай болатыны белгілі болды. Түрлі алғы дақылдар танабына орналасқан күріш егісіндегі фитосанитарлық жағдайды зерттеу жақсы, тығыз өскен, өнімді жоңышқа танабынан кейін егілген негізгі дақыл танабында батпақ арамшөптерінің де, сондай-ақ күріш тарысы түрлерінің де саны аз екенін көрсетті. Батпақ арамшөптерінің саны егістің әр шаршы метрінде 2-3 дана болса, жер тегістігіне қарай күрмек, шиін арамшөптері 3-7 дана аралығында болды. Жоғарыда айтылғандай, жоңышқадан кейін орналасқан күріш танабындағы өсімдіктерде саңырауқұлақ және бактериялық аурулар белгілері байқалған жоқ. Жоңышқа танабын аударып жірту алғы дақылында күріш егісінің арнаулы арам шөптері санының 2-3 есеге көбейгені байқалды. Осы көрсеткіштерге байланысты күріш өсімдіктерінде саңырауқұлақ және ауруларының белгілері көрінді. Жоңышқа танабынан соң үшінші жыл күріш орналасқан танапта өскіндер кезеңінде батпақ арамшөптері саны бір шаршы метрде 27-30 болса, күріш тарысы арамшөптері саны 46-50 данаға жетті. Бұл танапта күріш аурулары орасан зиян келтірмегенімен, өсімдіктердің 10%-да фузариоз және альтернариоз ауру белгілері кездессе, ал 7-8%-ы пирикуляриоз ауруына шалдыққаны белгілі болды.

Қорыта айтқанда, күріш өсімдігінің саңырауқұлақ және бактериалды аурулармен ауруы егістің алғы дақылына және онда арамшөптердің түрлері мен санына тікелей байланысты болғаны анықталды. Зерттеулер нәтижесінде күріштен мол және сапалы өнім алу үшін егістің фитосанитарлық жағдайына мониторинг жасалуы қажет және күріш ауруларының таралмауы үшін ауыспалы егістегі негізгі дақыл күрішті тек жақсы алғы дақылдардан кейін орналастыру қажет екендігі дәлелденді. Басқа алғы дақыл бойынша орналасқан күріш егісінде өсімдіктің жағдайын үнемі бақылап отыру және залалдану белгілері көрінген жағдайда фунгицидтермен өңдеу ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. Зеленский Г.Л., Тохетова Л.А., Таутенов И.А., Қаймолдаева Қ.А., Демесінова А.А. Күріш ауыспалы егісінде әртараптандыру дақылдарын өсірудің ғылыми негіздері //

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал – Қызылорда, 2017. №1. – Б. 29-34 .

2. Котлярова Л.А., Әбілдаева Ж.А. Күріштің зиянды жәндіктері мен аурулары және оларға қарсы күрес шаралары. Қазақстан күріші – Алматы «Қайнар» 1982. – Б-119-126.

3. Абилдаева Ж.А., Котлярова Л.А. Поражаемость риса фузариозом // Вестник с.-х. науки Казахстана – Алма-Ата, 1978. №7. – С.50-53.

4. Әбілдаева Ж.А. Күріштің саңырауқұлақ ауруларына төзімділігін арттыру жолдары // Ғылым жаршысы – Астана, 2008 №1 (48) – Б. 142-148.

5. Абилдаева Ж.А. Совершенствование защиты риса от вредителей, болезней и сорняков в условиях Приаралье с применением малотоксичных пестицидов нового поколения. Международный НПК. Проблемы экологии и охраны окружающей среды. Т. 11. – Кызылорда, 2008, – С. 92.

6. Петрова А.И. Болезни. Рисоводство. –М.: Колос 1973. – С.212-242.

7. Абилдаева Ж.А., Попандопуло М.И. и др. Методические указания по диагностике и оценке устойчивости селекционных образцов риса к фузариозной корневой гнили – Кызылорда, 1990. 9 с.

РАСПРОСТРАНЕНИЕ БОЛЕЗНЕЙ РИСА В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ПРЕДШЕСТВЕННИКА

И.А.ТАУТЕНОВ¹ – доктор сельскохозяйственных наук,
К.А.КАЙМОЛДАЕВА¹ – магистр сельскохозяйственных наук,
Д.М.НАЙМАНБАЙ¹ - магистрант

¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация

Кызылординская область является наиболее перспективным регионом выращивания риса. Однако в последние годы резкое изменение климатических условий и ухудшение экологической обстановки привели к развитию болезней сельскохозяйственных культур, в том числе основной культуры риса и снижению продуктивности и качества продукции.

Инфекционные болезни риса вызваны грибами, бактериями, вирусами и нематодами. Наиболее распространенными болезнями риса являются пирикулярриоз, фузариоз, гельминтоспориоз, альтернариоз, нигроспориоз. Фитосанитарный анализ, проведенный в рамках исследований распространения этих болезней в рисовом севообороте по предшествующим культурам показал, что развитие болезней напрямую связано с культурой земледелия, то есть засоренностью полей сорняками. В свою очередь, виды и количество сорняков на рисовом поле изменились по предшественникам, по ротации культур в севообороте при отдалении рисового поля от пласта люцерны наблюдалось ухудшение фитосанитарного состояния посевов. По результатам исследований для получения стабильного и качественного урожая риса рекомендуются использование лучших предшественников для риса.

Ключевые слова: рис, пирикулярриоз, фузариоз, гельминтоспориоз, альтернариоз, нигроспориоз.

THE SPREAD OF RICE DISEASES DEPENDING ON THE PREDECESSOR

I.A. TAUTENOV¹ – doctor of agricultural sciences,
K.A. KAYMOLDAYEVA¹ – master of agricultural sciences,

D.M.NAYMANBAY¹ – undergraduate

Korkyt Ata Kyzylorda State Universite, Republic of Kazakhstan

Annotation

The Kyzylorda region of the Republic of Kazakhstan is the most perspective rice growing region. However, in recent years, sharp changes in climatic conditions and environmental degradation have led to the development of agricultural diseases, including the main rice culture and a decrease in productivity and product quality.

Infectious diseases of rice are caused by fungi, bacteria, viruses and nematodes. The most common diseases of rice are periculariasis, fusariosis, helminthosporiosis, alternaria, nigrosporiosis. The phytosanitary analysis carried out in the framework of studies of the spread of these diseases in the rice rotation on previous crops showed that the development of diseases is directly related to the culture of agriculture, that is, the weeding of fields with weeds. In turn, the species and number of weeds in the rice field have changed according to their predecessors, the rotation of crops in the crop rotation when the rice field was removed from the alfalfa layer deteriorated the phytosanitary state of the crops. By results of researches for reception of a stable and qualitative crop of rice use of the best predecessors for rice is recommende.

Keywords: rice, pyrikulyariosis, fusariosis, helminthosporiosis, alternaria, nigrosporiosis.

КЛИЕНТ-СЕРВЕРЛІК ЖҮЙЕСІ

Э.Н. ТУЛЕГЕНОВА¹, экономика ғылымдарының кандидты,
А.О. ДӘУІТБАЕВА¹, техника ғылымдарының кандидаты,
А.А. АБИЛДАЕВА¹, магистрант

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазіргі даму кезеңінің ажырағысыз белгісі жаһандандыру және қоғамды ақпараттандыру болып табылады. Қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандыру ақпараттың және ақпараттық технологиялардың мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық дамуындағы рөлін түбірлі өзгертеді. Қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі, оның әлемдік жүйеге интеграциясы ақпараттық технологияларды пайдаланудың масштабы мен сапасына және мамандардың кәсіпкерлік қызметіне тәуелді. Желіде пайдаланушылардың қызмет көрсету режимінің кең тараған түрі файл-сервер және клиент – сервер. Бұл екі модель де күрделілігімен, жұмыс көлемділігімен, түрлі функцияларымен, программалық-техникалық жабдықтарымен сондай-ақ өндірушілігімен ерекшеленеді.

Клиент-сервер моделінің ресурстық мүмкіндіктері көп, сұраныстарға жауап береді, бірінші болып файлдарды желі арқылы жібереді. «Клиент-сервер» жүйесі техникалық жабдықтауды ұйымдастыруды ұсынады, және екі компонент арасындағы ақпаратты өндеуді бөледі, олар клиент (жұмыс станциясы) және сервер. Екі бөлім де желімен біріктірілген сыйымдылығы әр түрлі компьютерде орындалады.

Кілт сөздер: клиент-сервер, мәліметтер қоры, файл-сервер, ақпараттық ресурстар.

Кез келген қоғамның ақпараттандыру деңгейі ақпараттық қызметтің даму дәрежесімен және онымен айналысып қызмет көрсететін мамандардың санымен, біліктілігімен анықталады. Сондай-ақ ақпараттандыру, қазіргі ақпараттық технологияларды көп мөлшерде шығарумен оларды соңғы уақыттарда жиі пайдаланып жүрген телекоммуникациялы жүйелерге қосу мәселелерін шешуді қарастырады және де оның алдағы уақыттарда дамуын болжайды.

Күрделі клиент-серверлік жүйелердегі қолданушы және ақпаратты - программалық интерфейстердің компоненттерін таңдау сұрақтарын кешендерді жобалау барысында осы мақсаттарға жету үшін келесідей өзара байланысқан міндеттерді орындау қажет:

- адам-оператор мен компьютерлік жүйе арасындағы қарым-қатынасты іске асыратын пайдаланушылық, программалы-аппараттық интерфейстерді жобалау мен таңдау сұрақтары [5];
- адам-оператордың компьютерлік жүйелердегі орны;
- пайдаланушы интерфейсін құрылымы;
- пайдаланушылық интерфейстердің классификациясы;
- компьютерлік иерархиялық жүйенің ақпараттық өзара қатынас интерфейсі;
- компьютерлік жүйелердің ақпараттық өзара қатынас интерфейстерін құру.

Жұмыстың жаңалығы серверді қолданғанда қосымшаның орындалуының тиімділігін жоғарылатады және мәліметтердің бүтіндігін бақылайды. Клиент/сервер мәліметтер базасында қосымша мәселе шығады - проектилеу қосымшасы, ол максималды түрде сервер мүмкіндіктерін пайдаланып және минималды желіні іске қосады және одан, яғни желіден тек минимум мәлімет алып тұру керек.

- Компьютердің ең соңғы деңгейінде клиенттер қосымшасы орналасқан, ол қолданушыға интерфейсін пайдалануға мүмкіндік береді.

- Екінші деңгейде сервер қосымшасы орналасқан, ол мәліметтер базасымен қолданушы арасындағы мәліметтер алмасуын қамтамасыз етеді.

-Үшінші деңгейде мәліметтер базасының алынған (қашықтан) сервері орналасқан, ол сервер қосымшасынан мәліметтерді қабылдап, оларды басқарады.

Ақпараттық технологияны қолдану арқылы күрделі клиент-серверлік жүйелердегі қолданушы және ақпаратты - программалық интерфейстердің компоненттерін таңдау сұрақтарын кешендерді жобалау процесі арқылы жұмысты орындауға мүмкіндік береді.

Клиент-серверлік архитектурада объектілердің төрт тобы бар: клиенттер, серверлер, деректер және желілік қызметтер. Клиенттер пайдаланушылардың жұмыс орнында, жүйелерде орналасқан. Деректер негізінен серверлерде сақталады. Желілік қызметтер ортақ қолданылатын серверлер және деректер болып табылады. Желілік қызметтер деректерді өңдеу процедураларын басқарады [1].

Клиент-сервер архитектурасын пайдалану біріншіден, кәсіпорынның даму барысында, екіншіден, ақпараттық жүйенің өзінің дамуы барысында кәсіпорынның ақпараттық жүйесін біртіндеп ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы мәліметтер қорыны (МҚ) корпоративтік МҚ мен дербес МҚ-ларға бөлу орталықтандырылған нұсқасымен салыстырғанда МҚ-ны жобалаудың күрделілігін төмендетуге, сол арқылы жобалау кезінде қателер жіберіп алудың ықтималдығы мен жобалаудың бағасын төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде таратылған объекттер үлгісіне негізделген клиент-серверлік жүйелер кеңінен қолданылады. Таратылған объекттер технологиясы бойынша құрылған жүйе бір-бірімен әрекеттесетін компоненттер жиынынан тұрады. "Клиент-сервер" архитектурасы желіде өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың жалпы қағидаларын анықтайды. Онда *сервер*– кейбір спецификалық функцияларды (сервистерді) атқарады, ал *клиент* – осы функциялардың тұтынушылары болады.

Желілік операциялық жүйеден басқа, желімен ұсынатын артықшылықтарды іске асыратын желілік қолданбалы программалар керек.

Сервер базасында желінің ең жақсы сипаттамалары және жоғарғы сенімділігі бар. Сервер желінің ең негізгі ресурстарын басқарады.

Қазіргі заманғы клиент-сервер архитектурасында төрт топты объекттерді белгілейді: клиенттер, серверлер, мәліметтер және желілік қызметтер. Клиенттер қолданушының жұмыс орындарындағы жүйелерінде орналасады. Мәліметтер негізінде серверлерді сақталады. Желілік қызметтер серверлермен және мәліметтермен бірге қолдануда болып табылады. Сонымен қатар қызметтер мәліметтерді өңдеу процедурасымен басқарады [4].

Клиент-сервер архитектура желілерінің келесідей артықшылықтары бар:

- желілік ресурстарға нәтижелік қол жеткізу;
- желіге кіру үшін қолданушыға бір пароль керек және қолданушының құқықтары таралатын барлық ресурстарға қол жеткізуді алу үшін
- көп санды жұмыс станциялы желілерді ұйымдастыруға рұқсат етеді;
- орталықтанған басқару қамтамасыз етеді.

Клиент-сервер архитектура желісінің артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар:

- сервердің істен шығуы желінің жұмыс істемей қалуына, және желілік ресурстардың минимум жоғалуына әкеліп соғуы мүмкін.

«Клиент-сервер» технологиясының негізгі қағидаларының бірі – мәліметтерді өңдеу операциясын табиғаты әртүрлі үш топқа бөлу. Бірінші топ – бұл мәліметтерді енгізу және бейнелеу. Екінші топ берілген пәндік облыстың міндеттерін шешу үшін тән, мәліметтерді өңдеудің қолданбалы операцияларын біріктіреді. Үшінші топ – мәліметтерді сақтау және оларды басқару операцияларын қамтиды.

Осы жіктелімге сәйкес кез келген процесте программалардың үш түрін ажыратуға болады:

- бірінші топтың операцияларын жүзеге асыратын көрініс программалар;
- екінші топтың операцияларына қолдау көрсететін қолданбалы программалар;
- үшінші топтың операцияларын жүзеге асыратын, ақпараттық ресурстарға ену программалары;

Осыған байланысты «клиент-сервер» технологиясын іске асырудың үш моделін ажыратады.

1. қашықтағы мәліметтерге ену моделі(Remote Date Access – RDA);
2. мәліметтер қоры серверінің моделі(Date Base Server – DBS);
3. қосымшалар серверінің моделі(Application Server – AS).

Ақпараттық ресурстарға ену SQL тілі операторларымен немесе арнайы кітапхана функциясын шақырумен қамтамасыз етіледі. Ақпараттық ресурстарға сұрау желі арқылы қашықтағы компьютерге жіберіледі, мысалы мәліметтер қоры серверіне, ол сұранысты өңдеп, клиентке өңдеуге қажетті мәліметтер блогын қайтарады.

DBS-моделі клиент-компьютерінде орындалатын программалар енгізу және бейнелеу меншектеледі, ал қолданбалы программалар мәліметтер қоры процедурасында жүзеге асырылады және мәліметтер қоры сервері-компьютерінде мәліметтерге – МҚБЖ ядросына ену және басқару программаларымен бірге тікелей сақталады деген ұйғарыммен құрылады.

Тәжірибеде жиі аралас модельдер қолданылады.

AS-моделінде клиент-компьютерінде орындалатын программалар мәліметтер енгізу және бейнелеу міндеттерін шешеді, яғни бірінші топтың операцияларын жүзеге асырады. Қолданбалы программалар бір немесе қосымшалар серверінің тобымен орындалады. Қолданбалы есептерді шешуге қажетті ақпараттық ресурстарға ену RDA-моделіндегідей қамтамасыз етіледі. Қолданбалы программалар түрлі типтегі ресурстарға енуді қамтамасыз етеді –мәліметтер қорына, индексацияланған файлдарға және т.б.

Сонымен, клиент берілгендерді өңдеп, нәтижені қолданушыға ыңғайлы түрде береді. Осындай байланысқан жүйе клиент сервер деп аталады. Жергілікті желі аймағында да компьютердерді тікелей байланыстыру кезіндегі сияқты *клиент* және *сервер* ұғымдары қолданылады.

Әдебиеттер:

1. Станек Уильям Р. Microsoft SQL Server 2012. Справочник администратора / СПб.: БХВ-Петербург, 2013. – 576 с.
2. Аллен Тейлор. SQL для изучающих, 8-е издание.: Пер. с англ. - М.: ООО "И.Д. Вильямс", 2014. - 416 с.
3. Бекаревич Ю. Б. Самоучитель Access 2010 / Ю. Б. Бекаревич, Н. В. Пушкина. - СПб.: БХВ-Петербург, 2013. - 432 с.
4. Зудилова Т. В., Шмелева Г. Ю. Создание запросов в Microsoft SQL Server 2008 - СПб: НИУ ИТМО, 2013. - 149 с.
5. Гайнанова Р.Ш. Разработка приложения типа «клиент-сервер» // Наука, образование и инновации: Сборник статей Международной научно-практической конференции (25 июня 2016., г. Томск. Ч.1 - С. 70-76.
6. Кошкина Л.Ю., Емельянов В.М., Кошкина К. В. Проектирование реляционной базы данных для мероприятий повышения квалификации в области энергоресурсосберегающих технологий // Вестник Казан. технол. ун-та. 2014. Т.17. № 20. С. 353-356.

КЛИЕНТ-СЕРВЕРНАЯ СИСТЕМА

Э.Н. ТУЛЕГЕНОВА¹, кандидат экономических наук,

А.О. ДАУИТБАЕВА¹, кандидат технических наук,
А.А. АБИЛДАЕВА¹, магистрант

¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация

Неотъемлемым признаком современного этапа развития является глобализация и информатизация общества. Информатизация всех сфер жизни общества в корне изменит роль информации и информационных технологий в социальном и экономическом развитии государства. Уровень экономического и социального развития общества, его интеграция в мировую систему зависят от масштаба и качества использования информационных технологий и предпринимательской деятельности специалистов. Наиболее распространенным типом режима обслуживания пользователей в сети является файл-сервер и клиент-сервер. Эти две модели отличаются сложностью, объемом работы, различными функциями, программно-техническим оборудованием, а также производительностью.

Ресурсные возможности модели клиент-сервер, отвечают запросам, в первую очередь, направляет через сеть файлов. Система "Клиент-сервер" предлагает организацию технического снабжения, и распределяет обработку информации между двумя компонентами, такими как клиент (рабочая станция) и сервер. Оба раздела выполняются на компьютере с различной емкостью, объединенной сетью.

Ключевые слова: клиент-сервер, база данных, файл-сервер, информационные ресурсы.

THE CLIENT-SERVER SYSTEM

E.N.TULEGENOVA¹, candidate of economics sciences,
A.O.DAUITBAYEVA¹, candidate of technical sciences,
A.A. ABYLDAYEVA¹, undergraduate

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Republic of Kazakhstan

Annotation

An integral feature of the current stage of development is globalization and Informatization of society. Informatization of all spheres of society will radically change the role of information and information technologies in the social and economic development of the state. The level of economic and social development of the society and its integration into the world system depend on the scale and quality of the use of information technologies and business activities of specialists. The most common type of user service mode on the network is file server and client server. These two models are characterized by complexity, volume of work, various functions, software and hardware, as well as performance.

The resource capabilities of the client, the server responds to requests in the first place, sends across the network files. The "Client-server" system offers the organization of technical supply, and distributes the processing of information between two components, such as the client (workstation) and the server. Both partitions run on a computer with different network capacity.

Keywords: client-server, resources, database, file-server, information resources.

УПРАВЛЕНИЕ ПРОЕКТАМИ В УНИВЕРСИТЕТАХ В ОБЛАСТИ ИНФОРМАЦИОННЫХ И КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Е.А.ЧЕРТКОВА¹, доктор технических наук, профессор,
К.К.ДАУРЕНБЕКОВ², кандидат технических наук

¹Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики»,
Российская Федерация

²Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация

В статье рассмотрена концепция и история развития управления проектами. Также приведены сведения о развитии проектного менеджмента в Республике Казахстан. В управлении проектами предусмотрены основные узлы компетенции подготовки специалистов.

Ключевые слова: управление проектами, информационно-коммуникационные технологии, компетентность.

В конце XIX – начале XX века в США и промышленно развитых странах Европы началось бурное развитие научного менеджмента. Сформулированные принципы управления для обеспечения высокой эффективности бизнеса сохраняют свою актуальность и в настоящее время.

В соответствии с современными представлениями о методах управления, мероприятие, с помощью которого к заданному сроку должна быть достигнута некоторая цель (или система целей), рассматривают как *проект*. Для проекта характерна определенная протяженность во времени (каждый проект когда-нибудь начинается и его необходимо завершить к заданному сроку) и, что очень важно, уникальность производимых продуктов, услуг и/или методов их создания.

Проектный менеджмент как современная методология управления сформировалось в последние десятилетия, и включает принципы научного менеджмента, методы сетевого планирования и управления, а также опыта их практического применения. Эта дисциплина направлена на обеспечение эффективности выполнения любого проекта. Более шестидесяти лет организации используют методы и инструменты управления проектами, которое за последние два десятилетия превратилось в обособленную область менеджмента.

Управление проектами в области информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) является сложной задачей. Руководителям проектов необходимо рассматривать все аспекты планирования и реализации проекта, включая постановку цели, организацию, управление ресурсами и затратами, а также отчетность и утверждение результатов проекта организаторами проекта. Проекты в области ИКТ появились в последние три десятилетия 20-го столетия. Данные проекты предоставляют процессы и методологии, которые поддерживаются информационными и коммуникационными технологиями. Они вносят технические изменения в организации, которые должны быть полезными для организации и ее целевой клиентуры.

Одним из наиболее полных руководств по управлению проектами считается разработанный американским Институтом управления проектами (Project Management Institute) Свод знаний PMI (PMBOK) – Project Management Body of Knowledge, который периодически переиздается с учетом накопленного опыта [1]. Последняя редакция документа разработана в 2012 году.

Методология управления проектами признана во всем мире как научное направление, и свод знаний используется в государственном, коммерческом и некоммерческом секторах экономики [2].

В Казахстане интерес к научным исследованиям в данной области возрос в начале 2000-х гг. Развивающаяся экономика страны требовала новых форм менеджмента, что, в свою очередь, обусловило появление новых направлений в управлении проектами как области деятельности. Центром передового опыта управления проектами в Казахстане является основанный в 2003 г. Союз проектных менеджеров (СПМ) Республики Казахстан.

В последние годы в Казахстане наблюдается рост применения управления проектами в области информационных и коммуникационных технологий. Анализ развития управления проектами в Казахстане представлен в работах [3,4]. Показана тенденция роста динамики управления, как отраслевыми проектами, так и проектами в области информационных и коммуникационных технологий. Следует отметить, что в правительственных структурах Республики Казахстан рассматривается вопрос создания полнофункционального офиса управления проектами (Project Management Office, PMO) для эффективной реализации проектов [5]. В будущем планируется разработать национальный стандарт Управления проектами на основе Свода знаний PMI (PMBOK).

Поскольку менеджмент проектов в области информационных и коммуникационных технологий требует решения множества задач, связанных с широким спектром областей знаний, необходима подготовка специалистов в университете, которые способны осуществлять управление проектами на всех стадиях реализации.

В числе необходимых навыков - управление рисками, эффективная коммуникация с заинтересованными сторонами, выяснение ожиданий участников проекта. Область профессиональных задач, которые должны решать специалисты по проектному менеджменту в области информационных и коммуникационных технологий включает также разработку бизнес-планов проекта; сбор, обработку и анализ информации с целью планирования деятельности и принятия решений; организацию работы исполнителей для осуществления конкретных проектов; контроль деятельности команды проекта; оценку эффективности проектов и т.д.

При подготовке будущих проектных менеджеров следует обратить внимание на особенности их подготовки для управления программными проектами в области информационных и коммуникационных технологий.

Главное действующее лицо проекта – менеджер. Он должен иметь знания и навыки. Кто он для программного проекта? Программист? Вначале так и было. Играли роль знания в предметной области (проектирования и разработка программного обеспечения). Но потом на первое место стали выходить знания и навыки об управлении.

Институтом качества ПО (SQI – Software Quality Institute) разработан руководящий документ (Body of Knowledge) для сертификации менеджеров программных проектов (SWPM – SoftWare Project Management). В этом документе содержится список 34 компетенций, которыми должен обладать менеджер программного проекта. Список разделен на три основные категории компетенций (рис. 1):

- Методика разработки продукта
- Навыки управления проектов
- Навыки управления персоналом

Таким образом, подготовка менеджеров в области информационных и коммуникационных технологий должна включать все разделы знаний, которые позволят сформировать специалистов, способных решать следующие основные задачи по основным категориям компетенций.



Рис. 1 - Основные категории компетенций менеджера

По методике разработки продукта

1. Процессы оценивания – определение критериев для отбора методик
2. Знание стандартов процесса
3. Определение продукта – идентификация клиентской среды и требований, выдвигаемых к продукту
4. Управление требованиями – мониторинг изменения требований
5. Выполнение начальной оценки – оценка степени трудности, рисков, затрат и создание графиков
6. Отбор методов и инструментов – определение процессов отбора
7. Отслеживание качества продукта контроль качества в процессе разработки продукта
8. Понимание действий по разработке продукта – изучение цикла разработки программного обеспечения

По навыкам управления проектов

1. Создание структуры пооперационного перечня работ
2. Документирование планов – идентификация ключевых компонент
3. Оценка стоимости – стоимости завершения проекта
4. Оценка трудозатрат – необходимых для завершения проекта
5. Менеджмент рисков – идентификация, определение воздействия, обработка рисков
6. Отслеживание процесса разработки – контроль процесса разработки
7. Составление графика – разработка графика и ключевых стадий проекта
8. Выбор метрических показателей
9. Отбор инструментов менеджмента проекта – выбор методик и инструментов
10. Отслеживание хода разработки продукта – мониторинг хода разработки по выбранным метрическим показателям

Навыки управления персоналом

1. Оценка производительности – оценка действий команды, направленных на повышение ее производительности.
2. Организация эффективных встреч – планирование и проведение.
3. Взаимодействие и общение – с разработчиками, руководством и другими командами.
4. Лидерство – обучение проектных команд для получения оптимальных результатов.
5. Управление изменениями – обеспечение эффективного управления изменениями.
6. Успешное ведение переговоров – разрешение конфликтов и ведение переговоров.
7. Планирование карьерного роста – структурирование и управление ходом реализации карьеры.
8. Эффективное представление – использование письменных и устных навыков

9. Создание команды – формирование, руководство и поддержка эффективной команды

Подготовка высокопрофессиональных специалистов для управления проектами в области информационных и коммуникационных технологий будет способствовать дальнейшей реализации государственной программы Республики Казахстан «Цифровой Казахстан» и способствовать успешному продвижению стратегии «Третьей модернизации Казахстана».

Литература:

1. PMI. A Guide to the Project Management Body of Knowledge (PMBOK Guide). Project Management Institute, Newtown Square. -2013.

2. Narbaev T., de Marco A. «Cost estimate at completion methods in construction projects». Proceedings of the 2nd International Construction and Project Management Conference. IACSIT Press, Singapore. -2011.

3. Narbaev T. «Project management knowledge discovery in Kazakhstan: a co-word analysis of the field». Proceedings of the 12th International Conference on Intellectual Capital, Knowledge Management and Organizational Learning. Academic Conferences and Publishing International Press, Sonning Common, England. -2015.

4. Tsekhovoy A.F., Nekrassova N.A., Karmazina L.I. «The project management culture: international lessons and Kazakhstan's experience». PM World Journal, Vol. 3, No. 3, pp. 1-14. – 2011.

5. Нарбаев Т.С. Оценка зрелости управления проектами в Казахстане // Управление проектами и программами. – М.: СОВНЕТ, 2016. - С.144-157.

АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ

Е.А.ЧЕРТКОВА¹, техника ғылымдарының докторы, профессор,
К.К.ДАУРЕНБЕКОВ², техника ғылымдарының кандидаты

¹ «Экономика Жоғары мектебі» Ұлттық зерттеу университеті,
Ресей Федерациясы

² Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада жобаларды басқарудың даму тарихы мен концепциясы қарастырылған. Қазақстан Республикасында жобалық менеджменттің дамуы туралы мәліметтер де келтірілген. Жобаларды басқаруда мамандар дайындаудың құзыреттілігінің негізгі түйіндері қарастырылған.

Кілт сөздер: жобаларды басқару, ақпараттық коммуникациялық технологиялар, құзіреттілік.

PROJECT MANAGEMENT IN UNIVERSITIES IN THE FIELD OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES

E.A. CHERTKOVA¹, doctor of technical sciences, professor,
K. K. DAURENBEKOV², candidate of technical sciences

¹National Research University «Higher school of Economics»,

Russian Federation
²Korkyt Ata Kyzylorda State university,
Republic of Kazakhstan

Annotation

The article considers the concept and history of the development of project management. The article provides information on the development of project management in the Republic of Kazakhstan. The key competencies of training specialists in the field of project management are described.

Keywords: project management, information and communication technologies, competence.

FTAMP 16.01.09

**«ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНДАҒЫ» ТОПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ә.Б.АЛМАУЫТОВА¹, филология ғылымдарының кандидаты

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазақ халқы өмірінің тарихи-мәдени көрінісін, ұлттық болмысын көрсететін, бейнелейтін тілдік-көркем құралдарының бірі болып табылатын топонимдердің ұлттық-мәдени, тарихи т.б. сипаттары көркем мәтінде үлкен рөл атқарады. Ұлттық-мәдени сипаты бар топонимдер арқылы қазақ жерінің ұлттық колоритін көрсетеді, қазақ елі мен жерінің өткен тарихи кезеңдерін суреттейтін шынайы көріністерін жасай біледі. Көркем мәтінде қолданылатын топонимдердің негізгі қызметтері әдеби шығармада өрбітілген сюжеттердің, оқиғалар желісінің адрестік, яғни мекендік межелерін, тұстарын көрсету, сонымен бірге баяндалған тақырыпқа сәйкес тарихи-географиялық ортаны, көріністі суреттеу болып табылады.

Кілт сөздер: Қорқыт ата кітабы, ұлттық болмыс, лингвомәдениеттану, ұлттық-мәдени сипат, қазақ жерінің ұлттық колориті, Алатау, Қаратау, топонимдік қолданыстар.

Қазіргі таңда ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің өзара байланысын сабақтастыра, нақты мол деректер негізінде айқын танытуда маңызы айрықша тың бағыттың бірі - лингвомәдениеттану. Демек, мәдениет, ұлттық менталитет құндылықтары оның құдіреті мен тілінде бейнеленеді. Тіл мен мәдениет сабақастығы тіл білімінің өзекті салаларының бірі ретінде қарастырылып келеді. [1,17 б.]

Тіл мен мәдениеттің байланысы тіл білімінің қазіргі лингвомәдениеттану саласында ерекше мәнге ие. Осымен байланысты лингвистикалық реконструкция мәдени реконструкциямен сабақтасады. Ежелгі дәуір адамдарының әртүрлі әлеуметтік — тарихи кезеңдердегі өкілдердің айналадағы алуан түрлі сыры туралы мифтік бағам-пайымын, наным-сенімін көрсететін тіл деректері, кейбір көне этномәдени сөз қолданыстары бүгінгі заманға халқымыздың бай ауыз әдебиеті, ескіліктері, көркем әдебиет мәтіндеріндегі ұлттық-мәдени компоненттері т.б. шығармашылық көздері арқылы келіп жетті [1, 76] .

Осы орайда қазақтың қара сөзін бағзы мәдениеттің жетегінде тіл арқылы анықтап, келер ұрпақтың санасына зор мақтанышпен жеткізу – ана тіліміздің бай ырысын танытудың бір жолы [2, 52].

Қазақ халқы өмірінің тарихи-мәдени көрінісін, ұлттық болмысын көрсететін, бейнелейтін тілдік-көркем құралдарының бірі болып табылатын топонимдердің ұлттық-мәдени, тарихи т.б. сипаттары көркем мәтінде үлкен рөл атқарады. Ұлттық-мәдени сипаты бар топонимдер қазақ жерінің ұлттық колоритін көрсетеді, қазақ елі мен жерінің өткен тарихи кезеңдерін суреттейтін шынайы көріністерін жасай біледі.

«Қорқыт ата кітабында» кездесетін «Қаратау» мен «Алатауға» байланысты сөз қолданыстары аталмыш топонимнің ұлттық-мәдени семантикасын меңзейді, яғни *Алатау мен Қаратау* өңірі қазақ елінің қара шаңырағы, билік ордасы болған жерлер екенінен хабардар боламыз. Бұл мәліметтерде *Алатау мен Қаратау* топонимінің ұлттық-мәдени семантикасы берілген – мұндай топонимдік қолданыстар жырда көрсетілген, суреттелген

қазақ халқының сол дәуірдегі өмір-болмысын шынайы мәдени-тарихи көріністе бейнелеу үшін қолданылған.

Қазақ елінің қара шаңырағы болып есептелетін Қаратау жайында «Қорқыт ата кітабында» мынадай ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи сипаттағы көркем бейнелі мәліметтер берілген:

Қаратау.

Хан ием, саған айтар тілегім мынау туып өскен жеріндегі *Қаратауларың* күйремесін (21-б).

Қорқыт тұрып: «Мен сенің аспанмен таласқан *Қаратауыңның* басына шықсам деп келдім» (39- б).

Көз алдымда тұрған *Қаратауымның* биігі! (60-б)

Егер ол *Қаратаудың* басынан құлап өлген болса оны айт, сол тауды мен жоқ қылармын, Қазан (61- б).

«Тек қарсы алдымда тұрған *Қаратауым* құламасын, ол елімнің кең жайлауы еді, сулы өзендерім аман болса елдің шырайы кірер» (63 -б).

Сен менің көз алдымда тұрған асқар *Қаратауым* едің (63-б).

Сен өлсең менің *Қаратауымның* құлағаны, Қазан (64-б).

Мен сізге бата бергім келеді, хан ием, сенің туып өскен мына *Қаратауың* құламасын!(66- т).

Керегі болса, менің көз алдымда тұрған *Қаратауымды* ал (70 -б).

Хан ием, өз басым сізге батағөймін: өзіңе кең жайлау болған *Қаратау* күйремесін (72 -б).

«Мен сенің қарсы бетінде тұрған *Қаратаудың* басына шықсам деп келдім» (76 -б).

Оны жеңсең, даңқың мынау самаладай болып тұрған биік *Қаратау* шыңдарының басынан асып, өзендерден өтіп, еліңе жетеді (79- б).

Теңіздің екінші жағасынан *Қаратауда* жүрген жүзі жарқын, басы алып, сол адамға жақындай беріп, оны найзамен шаншып құлаттым (87 -б).

Менің берер батам мынау, хан ием: «Сенің *Қаратауың* құламасын» (89- т).

Төбекөз қап қара жолбарыс сияқтанып ақырып шыққанда, мен *Қаратау* аңғарында шауып жүріп соғыстым, бірақ ала алмадым (94 -б).

«*Қаратаудың* басына шығар болсаңдар, қанаттарың талмасын, өзен суы қанға толса, одан да жүзіп өте біліңдер!» (98- б).

Оның ашуы *Қаратауға* тұман болып түсіпті (102- б).

Бекіл баласына *Қаратауды* жайлау етіп берді (105- б).

Көз алдында тұрған *Қаратауың* құлап еді ғой, сенің сол тауың бой түзеген екен,шырағым!(108-б).

«Қорқыт кітабында» және «Оғыз намеде» көп айтылатын Қаратаудағы ескі орданың бірі – Қарашық (Қараспан). Ол Қаратаудың оңтүстік беткейінде, Қарнақ қаласына жақын жерде болған. Қазақ халқының эпостық жырларында оны «Қырық қақпалы Қарашық» деп өте қадірлеп, Қаратаудың атымен ұйқастырып жырлаған.

Махмут Қашғари Қарашық қаласын Отырардың (Фарабтың) бір аты деп көрсетеді. Екеуінің арасында байланыс көп болған соң айтқан болуы керек. Бірақ Қарашық Қаратаудың қадірлеп айтатын бір аты (Қарашық, Қараспан, Қаратау).

Атақты Қарашық қаласының орны Түркістан қаласынан сәл төменірек, Қарнақ қаласына таяу жерде, Қарашық тауының (Қаратаудың) оңтүстігінде тұрады. Қазіргі археологиялық картада ол ұлы Қорымды Қарашық 1, Қарашық 2 деп атайды екен [3, 321].

Алатау.

Шұбарланған көп әскер *Алатауға* аттанып, аң ауламақ болды (23 -б).

Әкемнің тіккен үйінен түзге талай шыққанмын, *Алатауға* барғанмын (83 -б).

Қазан хан орнынан Ерте тұрып жауға аттанбақ, *Алатауға* ақ шатырларын тікті (123- б).

«Қорқыт ата кітабында» қолданылған ұлттық-мәдени сипаты бар топонимдер қатарына Түркістан қаласының аты да жатады. *Түркістан* топонимінің ұлттық-мәдени семантикасы төмендегідей сөйлемдерде (сөзқолданыстарда) байқалады:

Түркістан.

Сені Төле құстың тұқымы, *Түркістанның* дiңгегi деп атаушы едi (49- бет).

Сенi ел кем кетiктiң қамқоры, *Түркістанның* ұстыны деушi едi (86- бет).

«Қорқыт ата кітабында» Түркістанның қасиеттілігі, қазақ даласындағы мұсылман діні орталығы екендігінен хабардар етеді.

«Қорқыт ата кітабында» көп жолығатын жер аттары – Арқу (Арқа) белі, Ала-тағ, Алты ағаш, Қазылық тауы. Қазылық тауын Этторе Росси «Түркістандағы бір таудың аты», - дейді. Күдері Қожаның жырында ашық айтылған:

Қарқаралы, Қазылық,

Жататұғын жазылып (Күдері қожса).

Қарқаралының күншығысындағы, Семейдің күнбатысындағы биік тауларды (Кент, Мыржық, Абыралы, Дегелең) ерте заманда қарлықтар қоныстанып отырғанын қытай тарихы ашық жазған. Кейбір ғалымдардың Қарлықты – қазылық деп атауы да осыдан шыққан. Қазылық «Манас» жырында да жолығып отырады. «Қазылық тауы» Қазақстан жерінде екенін В.В.Радлов ашық мысалмен келтірген.

Қазығұрт тауы. Абылғазының толғауынша, Қазанбектің сыйынатын, ас-садақа беретін, ордасының көп заман тұрған жері Қазығұрт тауы болған, ал ондағы сәуегей үңгірді ерекше қадірлеген. Қорқыт ата Қазығұрт тауында Қазанбекті мақтап, бір нақыл айтқан:

Қазығұрт тауындағы үңгір тасты

Салар Қазан барып көркейтті.

Онда ата-бабасына садақа тартты.

Ит бешене оны көріп есі кетті.

Бір қазанға қырық аттың етін салды,

Ол қазанды сол қолыменкөтереді,

Оң қолымен елге жүріп үлестірді

Алыптар, билер, көремісің Қазанбектің кім екенін.

Қазығұртты қадірлеп жырлайтын әфсана қазақ тілінде де кездеседі. Ол ескі Қорқыт жырынан сақталып келген көп аңыздардың бір тарауы. Қазақ әфсанасы бойынша, Қазығұрт тауының басы ұлан байтақ жазық дала, жаздыгүні салқын жайлау. Ескі аңыздар бойынша оның басы – топан су болғанда кеме тоқтаған жер деп суреттеледі. Оның қасында ерте кезде ұлы адамдар тұрған сәуегей үңгір бар, үстінде ағаш қалаған орындар бар. Ол «Алтын қабак» атысатын нысананың орны. Бұл жерде қазақ ақындары домбыра, қобыз тартып, ерте кезде «Нұх пайғамбардың кемесі қалған орын» деп әдемі жыр шығарады.

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса неге қалған?

Жетім бота үстінде жатып қалып,

Ойсылқара жануар содан қалған.

Мұнда Қазығұрт тауы мал өсірудің бір байтақ өлкесі болып суреттелсе, екінші жағынан, жоғарыда айтылған Қазанбектің Қазығұрт тауын қандай жақсы көргенін нақыл сөзбен сипаттаған Қорқыт ойына дәл келеді.

«Қорқыт ата» кітабында кездесетін түр-түс атауларына байланысты қойылған топонимдердің де ұлттық-мәдени семантикасы бар деп айтуымызға болады. Осындай топонимдер қатарына Қаратау, Алатау, Ақшал, Гокче Теңіз, Қара теңіз тәрізді географиялық атауларды жатқызуымызға болады. Топонимдердегі түр мен түс семантикасы біраз зерттеушілер еңбектерінде қарастырылған. Қазақстанның барлық өңірлерінде ақ, қара, боз, қызыл, көк, сары, ала, қоңыр, құба т.б. атаулар арқылы жасалған түсті білдіретін топонимдерді кездестіруге болады.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, табиғи орта нысандарын көзбен бағдарлап, көру арқылы қабылдаған, олардың түсін, түрін, пішінін, көлемін көзбен көретін және де басқа ерекшеліктерін жіті ажырататын қазақтардың ұлттық топонимиясында түр-түске байланысты қойылған топонимдердің мол болуы – заңды құбылыс.

Ақ, сары, қара, қызыл, қоңыр т.б. сөздер арқылы жасалған топонимдер тек түсті ғана белгілеп қоймай, тағы басқа да ауыспалы мағынаға ие екендігін топонимист-ғалымдар өз зерттеулерінде атап өткен. Басқа сөзбен айтқанда, түр-түсті білдіретін қазақ топонимдерінің этномәдени семантикасы бар және де сондай географиялық атаулар кез-келген көркем мәтіннің ұлттық-тарихи көрінісін, келбетін жасаушы тілдік (лингвостилистикалық) құрал болып табылады.

Қорыта келе, қазақ тілінің орасан мол ономастикалық қорында ұлттық материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері сақталғанын тілдік деректерден көріп отырмыз. Қазақ тілінің ономастикалық жүйесі халқымыздың ғасырлар қойнауында жатқан тарихымен, тұрмыс тіршілігімен, дүниетанымымен, бүкіл болмысымен тығыз байланыста қалыптасқан және дамыған.

Әдебиеттер:

1. Керімбаев Е. Атаулар сыры. –А., 1984. -119-б.
2. Сарбалаев Ж. Этнолингвистика және Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы. //Қазақ тілі мен әдебиеті, №10, 2002.
3. Марғұлан Ә. Шығармалары. I-т., -А., 2007.
4. Алмауытова Ә.Б.//Қорқыт Ата Қызылорда мемлекеттік университеті Хабаршы ,Қызылорда, №1 (48) 2017. 17 б.

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ТОПОНИМОВ В «КНИГЕ КОРКЫТ АТА»

А.Б.АЛМАУЫТОВА¹, кандидат филологических наук

¹Қызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация. Национально-культурный, исторический характер топонимов является важным образно-языковым средством в художественном тексте, отражающим историческую и культурную жизнь казахского народа, его национальную самобытность. Посредством топонимов, имеющих национально-культурный характер, изображается национальный колорит казахской земли, этапы истории казахского народа. Основными функциями топонимов, используемых в художественном тексте, являются указание адресных точек сюжетов, линий событий, развившихся в литературном произведении, а также картирование историко-географической среды, представленной в соответствии с изложенной темой.

Ключевые слова: книга Коркыт Ата, национальная самобытность, лингвокультурология, национально-культурный характер, национальный колорит казахской земли, Алатау, Каратау, топонимические приложения.

LINGUO-CULTURAL FEATURES IN «THE BOOK OF KORKYT ATA»

A.B.ALMAUYTOVA¹, candidate of philological sciences

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University, Republic of Kazakhstan

Abstract. National and cultural, historical features of toponyms is an important image-lingual means in the literary text reflecting of the historical and cultural of life of life the Kazakh people, its national identify. By means of toponyms that have a national-cultural character, the national color of the

Kazakh land, the stages of the history of the Kazakh people are depicted. The main functions of the toponyms used in the artistic text are the indication of the address points of the plots, the lines of events that have developed in the literary work, as well as the mapping of the historical-geographical environment presented in accordance with the stated theme.

Keywords: book of Korkyt Ata, national being, linguacuturology, national cultural character, the national color of the Kazakh land, Alatau, Karatay, toponymic applications.

ҒТАМР 16.01.09

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ («ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ» НЕГІЗІНДЕ)

Ә.Б.АЛМАУЫТОВА¹, филология ғылымдарының кандидаты,

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

«Қорқыт ата кітабындағы» материалдық мәдениетке қатысты жинақталған тарихи-лексикологиялық бай тілдік материалдар дәстүрлі салыстырмалы-тарихи әдіспен қатар жаңа әдістерге сүйенуді қажет етеді. Атап айтқанда, осы зерттеу тілдік жүйенің кейінгі дәуірде пайда болған түрлерін анықтаудың, тереңдеп барлаудың бір жолы – оның құрылымын тек тілдің «өз ішінде» қараумен бірге, тілден тыс, яғни ақиқат өмірмен тығыз байланыста қарау. Осыған орай, жұмыстың өзектілігін айқындауда, тақырыпқа сай тілдік деректердің этнолингвистикалық қырларын сабақтастықта зерттеудің мәні ерекше.

Кілт сөздер: материалдық мәдениет, этномәдениет, ұлттық таным, шаңырақ, қазан, қараша үй, отау, шатыр, бесік.

Ұлттың тұрмыс жағдайы мен ерекшеліктері оның әдет-ғұрпында, дәстүрлерінде, мінез-құлқында т.б. терең із қалдырады. Халқымыздың материалдық мәдениеті – қайнар бұлақ, сарқылмас қазына, бай мұра. Зергерлік-әсемдік бұйымдардан бастап, тұрмысқа қажет ұсақ-түйек дүниелерге дейін адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, өздерінің әдемі бояу, бедерлі өрнектерімен, сан қырлы терең сырлы материалымен т.б. технологиялық үлгілерімен, талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы эстетикалық тұрғыдан рухани мәдениетіміздің қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік, танымдық қызметін де өтейді. Себебі, халықтың іс-әрекеті, тұрмыстық болмысы, дүниетанымы өзі жасаған туындылардан елеулі орын алады. Шебер қолы тиген әр бұйым көне заманнан келе жатқан дәстүрдің жалғасы, әр халықтың ұлттық мәдениетінің белгісі.

«Қазақстанда қолөнер үй кәсібі түрінде дамыды. Көшпелі шаруашылықтың қажетіне байланысты қолөнершілер мал шаруашылығына керекті шылбыр, жүген, ертұрмандар т.б. жасаумен шұғылданды. Сонымен бірге құмнан, тастан, саздан ыдыс-аяқ; мүйізден, сүйектен, теріден әшекейленген нақышты мүліктер, саз аспаптарын жасады, киім тікті. Қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу, сондай-ақ моншақ, білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы сияқты зергерлік бұйымдар жасау кең етек алды» [1].

Қазақ тұрмысының мәні мен сәнін бейнелеп, күнделікті өмірдегі қажеттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, рухани қазынасын да көрсететін сан түрлі қолөнер туындылары ұлттық мәдениеттің өзекті бір саласын құрайтыны сөзсіз. Олардың этнографиялық мазмұны, шығу, жасалу тарихы, қолданылу аясы т.б. Ш. Уәлиханов пен Ы.Алтынсарин еңбектерінен басталып, көрнекті ғалымдарымыз Ә. Марғұланның, С.Қасимановтың, Х.Арғынбаевтың, С.Масановтың, Ө.Жәнібековтің, Т.Арыновтың, Н.Уәлиевтің т.б. еңбектерінде жалғасын тапқан.

Тұрмыста қолданылатын қолөнер туындылары – тарихи мәдени категория. Оның кейбір дәстүрлі түрлері мәдениеттің терең қабаттарын құрайды. Оның әр қабатында, түрінде қоғамның әлеуметтік-тарихи, материалдық-экономикалық дамудың таңбалары қалып отырады. Ғасырлар бойы халық екшеуінен өтіп келе жатқан қолөнер туындылары қашанда сап алтын күйін жоймайды. Бірақ халықтың ұлттық ерекшелігі мен дәстүріне, тұрмыстық болмысын бойына сіңіре отырып дамыған ұлттық мәдениеттің алтын қазынасы, халық санасы оянуының айнасы болған халықтық қолөнердің туындылары өзінің жүйелі даму сипатынан айрылып, көптеген түрлері жойылып, ұсақталып, кейбіреулері өзінің құнды қасиеттерінен қол үзіп, қазіргі заманның талап-тілегіне ыңғайлы күйге түскен. Сондықтан, көбі тек атаулары арқылы ана тілімізде сақталған олардың тәлімдік, тарихи-танымдық қасиеті зор. Демек, күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер туындыларының тілдік қабатын анықтау, оның атауларының жасалу жолдарын, мазмұнын ашу т.б. маңыздылығы дау туғызбайды. Ол атаулардың табиғаты мен мәнінің ерекшелігі шын мәніндегі этнолингвистикалық зерттеуді, нақтырақ айтқанда тек қана этнолингвистикалық тәсілді қажет етеді. Көбі қолданыстан шығып, ұмыт болған, тек қана эпостық жырлардың жолдарында, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдердің құрамында мағынасы күңгірттенген атаулардың анықтамасы шағын этнографиялық очерктерді, түсініктемелерді қажет етеді.

Сол себепті, «Қорқыт ата кітабындағы» [2] материалдық мәдениетке қатысты атауларға этнолингвистикалық талдау жасау, сол атаулардың шығу төркінін этнос табиғатының тарихымен, мәдениетімен байланысты сабақтас зерттеу жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді.

Мысалы: **Қазан** – тамақ пісіруге арналып қоладан, мыстан, шойыннан жасалған ыдыс. Қазанның рәміздік мағынасы туралы Ә.Марғұлан: «Қазан мықты болса, ел де мықты, Қазан шаңырақ сияқты бүтіндіктің белгісі, ол құрыса, ел де құриды. Оның үстіне қазанды қасиеттеу – ерте кездегі темірге табынудың бір түрі. Тәуке ханның аңызында жолығатын «қара қазан», «қара мылтық» алу – жаудан кек алу белгісінің ескі түрі. Тәукенің жарғысы бойынша, бұрын жауласқанда «шаңырақ», «қазан сындырып» кек алудың орнына, енді оны сындырмай, жәбір көрген жаққа сол нәрселердің өзін беріп тыныштық жасайды. «Жеті жарғыда» кек алуға беретін символикалық нәрселер - «қара қазан», «қара нар», «қара мылтық», «қара күн», «қара ат», - деп жазады [3]. *Келсе үйі ұрланған, қазан-аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, үйдің қорада байлаулы қалған сиыры мәңгірейді. Үйде ұн жоқ, диірменге кеткен түйе қайтқан жоқ, оның не әкелері белгісіз /10-б/.*

Оттау көтергенде арнайы «от жағарға» сайланған бәйбіше қара шаңырақтан от әкеліп, алғашқы отты жағып «от бөлу» рәсімін жасайды. Осылайша ғұрыптық от бөлінген соң оттау пайда болады.

Отты қастерлегендіктен түнде үйден отынның қалдығын шығаруға тыйым салған. Бұл отты тірі деп елестеткен анимистік танымның сілемдері ендігі анық. *Солар үшін ақ оттау тіккен аға-інілеріне – құрмет! /9-б/.*

Күбі – іркіт құятын үлкен ағаш шелек (Қасиманов). Қайыңнан, еменнен, аршадан жасалатын көже ашытатын, ашымал қымыз, шұбат пісетін, май шайқайтын ыдыс. *Ондай әйел төсегінен тұрған соң беті-қолын жуады, үйдің(шатырдың) ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні апыл-құпыл пісіп, көрпе-төсегін жинайды /9-б/.*

Үзеңгі – көлікке міну үшін, ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі (us~жоғары, үсті). *Дирсе хан қолына сұр жебесін алып, аяғын үзеңгіге тіреп тұрып, адырнасын тартып қалды /16-б/.*

Шаңырақ оң және сол қоспасы тұсынан төмен қарай доғалана салбырап, ұшы керегеге ілінетін желбау да ерекше мағынаға ие. Ол дауылда үйді жел жықпас үшін таспен бастыратын бау ғана емес, аспаннан құт-ырыздықты түсіретін киелі арқан рәмізі.

Қазақта отбасы сөзінің ауыспалы бір мағынасы – **шаңырақ**. **Қара шаңырақ** бүкіл әулетті айғақтайды. Себебі жоғарғы әлемнен құт-несібе шаңырақ арқылы үйге

құйылады. Сондықтан оның тура астына қазан тосылады. Шаңыраққа кепкен төстік, үрген қарын ілінеді. Шаңырақтың күлдіреуіштерін бекіте түсу үшін кесе көлденең байланатын кесінді ағаштарды бөгелек деп те атайды. Жалпы көшпелілер түндікті, шаңырақты, бақанды ұрпақтың дүниеге келу салтымен жиі ұштастырады. Мәселен, ел бала көтермейтін әйелді «бөгелегі қураған» деп жазғыратын болған. Анимстік наным бойынша, шаңырақ тірі кейіпте. Сондықтан үй ішінде ешкім жоқ болса да, табалдырықтан аттаған соң «Ассалаумағалейкүм» деп шаңыраққа сәлем беру рәсімі қалыптасқан. Қара шаңырақ әулетті жалғастырушы кие саналғандықтан, кенже балаға мирас етіледі.

Дәстүрлі танымда кез келген заттың түпкі жасалу негізіне космос құрылымы мызғымас үлгі болғандықтан, киіз үйдің сәулеттік бітімі де осы жүйе-жұлгеден алшақ кетпеген. Жеке адам мен күллі ғаламның өзара қарым-қатынасын заттық орта делдалдық жасап, реттейтінін ғалымдар дәлелдеген. Бір сөзбен айтқанда, заттар - ежелгі дүниетанымның бұйымдалған көрінісі, көне мәліметті тасымалдаушы. Кез келген байырғы мәдениетте қолөнер бұйымдары егіз сипатқа ие: біріншіден, тұрмыстық қажеттікті өтейді, екінші қырынан қарағанда, таңба-рәміз, үнсіз мәтін қызметін атқарады. Осындай себептерді тірек ету арқылы киіз үйдің әу бастағы мифологиялық толымды бейнесі жаңғыртылды. Шын мәнінде, киіз үй көшпеліні ыстық-суықтан ғана емес, табиғаттағы түрлі зиянкес рухтардан берік қорғайтын киелі нысан.

Шатыр. Көшпелі қазақ халқының тұрмыс ерекшелігін көрсететін мәдени мұраның бірі – шатыр. Оның кеңінен қолданылғанын жырдан, яғни, «Қорқыт ата кітабынан» жиі кездесуінен байқауға болады. *Ей, хан ием, бір күні Қам-Ғанұлы Баяндүр хан орнынан тұрып, өзінің жігіттеріне Шам жұртынан әкелінген ала шатырларын тіккізіп: «Ала шатырдың төбесі көкке жетсін, оған мың жерден қалы кілемдер төселсін», - деп бұйрық беріпті. Алтындаған шатырларың кетсе, соның ішінде менің де ақ шатырым бар, оны қырық қарақшыға неге бермекпін? /20-б/. Гәуірлер оның алтын жалатқан шатырларын қиратып, аққу құстай керілген қыз қалыңдықтарын зарлатып, олжа қылды /23-б/. Оғыздар заманында жігіт үйленер болса, әуелі садақтан оқ атып, сол оқ түскен жерге қалыңдық шатыры тігілуші еді /41-б/.*

Байбіжан саған беремін деген қызын Байраққа берді, олар бүгін түнде неке шатырына кірмек, соны асығыс түрде басып алалық», - деді /42-б/.

Өзінің ақ шатырына кіріп, үйлену тойын өткізді. /54-б/.

Сөйтіп қырық жерден шатыр тігілді /54-б/.

Күндерде бір күні Ұлашұлы Қазан бек төсегінен тұрып, қара жерге өзінің ақ шатырын тіккізді /55-б/.

Ала шатырлардың төбесі көкке жетті /55-б/.

Алтын шатырларыңды жау алмасын /21-б/.

Л.Будагов: Шатыр 1) палатка, шатеръ, полочъ. 2) женское бълое покрывало, въ которое окутываются въ головы до носъ, зонтикъ. Шатырдың әуелгі мағынасы күнқағар болған сияқты. М.Қашқари отау сөзі “шатер, жилище” мағынасында келтірілген [4, 373]. Шатыр – көшпелі қазақ халқының тұрмыс ерекшелігін көрсететін мәдени мұраның бірі. Оның кеңінен қолданылғанын «Қобыланды батыр» жырынан байқауға болады:

Бұл сөзді айтып Қобыланды

Шатырға қайтып келеді;

Жағалай таудың жатыр-ай,

Жарасар тіккен **шатыр-ай**.

Бұдан шатыр атауының өте ерте кезден түсінікті ұғым екені көрінеді.

Табалдырық. Табалдырық – босаға – мандайша – бүтіннің орнына жүретін есіктің бөлшектері. Оның ішінде көбірек қолданылатыны – босаға. Босаға – екі дүниенің шегі, кез келген дүниенің кіріп - шығатын есігі, әр нәрсенің аузы деген ауыспалы ұғымға көшкен. Жалпы есік пен босаға сыртқы әлемнен қорғаныш, ішкі береке мен тыныштықты сақтаушы ретінде танылады. Жын-шайтаннан, ішкі әлемді сыртқы әлемнен, өзін өзгеден сақтар қорғаныш қызметін атқарар босаға мен табалдырыққа байланысты тыйымдар бар

екені де белгілі. Босаға сөзінің мынадай мағыналары бар: 1) есіктің жақтауы; 2) үйдің төрге қарама-қарсы есік жағы; 3) ауыс мағынада үй, отбасы, табалдырық. *Балаға қара шекпен кигізіп табалдырыққа көлденең байлап тастаған екен /62-б/.*

Алаша. *Кілемге бергісіз алаша бар, Ханға бергісіз қараша бар (Мақал). Бұл атауға уәж болған «ала» сөзі (түсті білдіретін) болу керек.*

Далаға шығып жазы арасында жатқан бір алашаны алып, қырық тесік етті де, соны мойнына іліп, есалаң бақсы болып тойға келді /48-б/.

Киіз. **Киіз**, кигіз – қойдың күзем жүнінен басылған, үй тұрмысында пайдаланылатын бұйым. Көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше. Киіз қазақ жеріндегі көшпелі тайпаларда б.з.б. 1-мыңжылдықта белгілі болған. Бұл киіз басу өндірісі ерте дамығанын көрсетеді. Киізден сырт киім, байпақ (аяқ киім) тіккен, оны тек үйді жабу үшін ғана пайдаланып қоймай, киіз үйдің ішкі жасау-жиһаздарын, өзге де тұрмыс-тіршілікке қажет заттарды тігуге де қолданған. Халық шеберлері қазіргі кездің өзінде киізден қоржындар мен дорбалар жасайды. Ақшаңқан киіз ақ қойдың жүнінен басылады. Дайын киізден туырлық, үзік, [түндік](#), [текемет](#), сырмақ жасалады. Басылатын жүннің мөлшерін, жарамдылығын айыра алатын, шабақтау мен тартуға шебер адамды киізші дейді. *Жұртына уағыз беріп: «Ұлы-қызы бірдей жоқ адамдар болса, олар қараша үйлерге кіргізілсін, астына қара құрым киіз төселіп, жейтін асына қара қойдың еті берілсін, жесе жесін, жегісі келмесе орнынан тұрып кете берсін /11-б/.*

Баяндүр ханның жігіттері алдынан шығып, оны қараша үйге кіргізді, астына қара киіз төсеп, жейтін асына қара қойдан сойыс берді /11-б/.

Арқан. Арқан– [қылдан](#), мақтадан, зығыр талшықтарынан, т.б. бұрап есілетін [бұйым](#). Арқан есу [қазақ халқының](#) тұрмысында ерте заманнан бері қолданылған. Арқан жасау үшін алдымен жеке өрім жіптер ширатып алу керек. Ширатылған 3 – 4 тіл бір-бірімен өріліп біріктіріледі. *«Мен сені арқанмен қорған сыртына шығарып жіберсем, әкешешеңе , еліңе аман-есен барып жетсең, қайтып келіп мені әйелдікке алар ма едің», - деді./45-б/.*

Қалғандары болса: «Дирсе ханды үйінен басып, аяқ-қолын байлалық, мойнына қыл арқан салалық, сөйтіп гәуірлер еліне қашалық», - десті /19-б/.

Кілем — әсемдік үшін, сондай-ақ үйдің жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету үшін пайдаланылатын түрлі-түсті [ою-өрнек](#) салып тоқылған бұйым. Кілем бір немесе бірнеше қабатты, түкті немесе тықыр болып келеді. [Түкті кілем](#) бірнеше қабаттан тұрады. Тықыр кілем бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылады. Түгі қырқылмаған (түз ақшалы), кейде түгінің жартысы қырқылып, жартысы қырқылмаған аралас кілемдер де шығарылады. Сонымен қатар тоқыма емес (түгі тігілмелі, шыбықшалы, желімді кілемдер), түскиіз, ою-өрнек салынған тері кестелі өрме кілемдер де болады. *Ораз ханның әкесі, Баяндүр ханның күйеуі, барлық оғыз елінің бақыты, оғыз батырларының ағасы Қазан-Салор төсегінен тұрып: «Уа, қырық жігітім, қара жерге тоқсан жерден алтын шатыр тігілсін, жібектен тоқылған тоқсан түсті кілем төселсін», -деп бұйрық берінті /22-б/.*

Бесік— [нәрестені](#) бөлеуге арналған ағаш [төсек](#). Бесікті [Орталық Азия](#) мен [Кавказ](#), [Үндістан](#), [Қытай](#) жерін мекендейтін халықтардың басым көпшілігі пайдаланады. Тек әр түрлі үлгіде жасалады. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті [қарағай](#), [қайыңнан](#), көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын *түбек* пен *шүмек* бала дәретін жайылдырмайды. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады. [Шүмекті](#) қойдың [асық](#) жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады. Бесікпен қоса [құс төсек](#), [жастық](#), [жөргек](#), [қолбау](#), [тізебау](#), [тізе жастық](#), [бесік көрпе](#) даярланады. Қазақта бесік қасиетті, киелі құтты мүлік болып есептеледі.

Бесігіне қара өгіздің терісін жауып, жау келетін қара сайдың қақпасына қойған, сол өгіздің күші бар, қаһарланса, қара тасты құм қылған /65-б/.

Оның бесігін анасы тау аңғарына қойып, қара өгіздің терісімен жауып өсірген еді /30-б/.

Кесе - ыдыс. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ыдыс-аяқтардың бәрі ағаштан жасалған. Фарфор ыдыстар қолданысқа кейін кірген. Оны шай, сұйық тамақ ішуге қолданған. Кесенің беті ашық, дөңгелек етіп жасалады. Ағаштан жасалған мұндай ыдыстар кесеге жатпайды, оны тостаған дейді. Кесе фарфордан ғана жасалып, сыртына түрлі ою-өрнектер салынады. *Шапштары арқасына түсіп, тал-тал болып өрілген, бармағы мен тырнақтарын қыналаған, ықтарында бір-бір құс сайраған гәуірлердің тоғыз қызына сол алтын кеселермен оғыз бектеріне сусын тартқызды /55-б/.*

Гәуір елінен тұтқын болып келген тоғыз сұлу беттерін қыналап, төсіндегі қос анарын дірілдетіп, ақ саусақ қолдарымен кеселерге шарап құйып, оны бектерге тартты /22-б/. Менің жарқын көзім сөніп барады, қолдарымнан әл кетті, жүрегім қалтырайды, қолымдағы алтын кесем түсіп кетті /68-б/. Тоғыз жерден көзе, сансыз жерден алтын кеселер қойғызды /55-б/.

Қараша үй - көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Көшпенділердің киіз үйі — тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Киіз үй-көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан - қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй. *Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық /8-б/. Баяндүр ханның жігіттері алдынан шығып, оны қараша үйге кіргізді, астына қара киіз төсеп, жейтін асына қара қойдан сойыс берді /11-б/.*

Мәдениетті тіл арқылы тануда мынадай ұғымдарға назар аударылуы қажет: мәдени әрекет, мәдени орта, уақыт пен кеңістік контексіне сәйкес рухани және материалдық игіліктерге берілетін баға, мәдени трансляция, мәдениеттің метатілі т.б. Осы арада тұлғаның өмірдің мәні мен мағынасын түсінуге қатысты шығармашылық – мәдени қажеттіліктерін сипаттайтын мәдени сұхбатты да атап кетуге болады.

Байқап отырғанымыздай, жоғарыда аталған ұғымдар тіл арқылы анықталатын, жеткізілетін мәдениеттің коммуникациялық (қатысымдық) табиғатымен астасады.

Нақты айтқанда, мысалы, қолданылған материалдық мәдениетке қатысты атаулар жай айтылмайды, олар сол заманда өмір сүрген осы тұлғалардың мәдени әрекеті нәтижесіндегі рухани дүниесінде заттанады. Яғни, бұл – осы тұлғалардың өзіндік санасындағы мәдени ұғымның дискурстық сипаттағы айшықты көрінісі. Себебі, әр замандағы ұрпақтар жалғастығы, мәдени мұраларды игеру, қабылдау шығармашылық негізде тиімді іске асады.

Мәдени туынды егер мәдени коммуникация негізінде рухани мұраға айналмаса, ол мәдени айналымнан шығып қалады. Демек, мәдени болмыстың тірегі – қарым-қатынаста, ақпараттылығында. Бұл тек тіл, мәтінде көрінеді. Ал, тіл тек денотативті коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге халықтың тарихи, әлеуметтік, мәдени мазмұнын ашатын коннотативтік құрал [5,38-139].

Қорыта айтқанда, тұрмысқа қажет түрлі дүниелер адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, өздерінің әдемі өрнектері мен сан қырлы, терең сырлы бояу, бедер үлгілерімен талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы эстетикалық тұрғыдан рухани мәдениетіміздің қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік, танымдық қызметін де өтейді. Осындай ғажап төл мұрамыздың атауларының бай сырларына үңіліп, талдап анықтау, оларды рухани қажетімізге айналдыра білу – ұлт санасын жаңғыртатын ұлттық қазына.

Әдебиеттер:

1. ҚСЭ, 6 Т. 597-б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қорқыт ата кітабы. –А., 1986.
3. Қазақтың бақсы-балгерлері /Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов/. - Алматы: Ана тілі, 1993. -223б.
4. Древнетюркский словарь. -Л., 1969.

5. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –А., 2008.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ БЫТОВЫХ НАЗВАНИЙ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ (НА ОСНОВАНИИ «КНИГИ КОРКЫТ АТА»)

А.Б.АЛМАУЫТОВА¹, кандидат филологических наук

¹Қызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация

Богатый языковой материал, собранный в «Книге Коркыта Ата» для обозначения материальной культуры, требует историко-лексикологического исследования. При этом наряду с традиционным сравнительно-историческим методом необходимо использование новых методов. В настоящей статье процессы, происходившие в системе языка в более ранний период, предлагается рассматривать не только «изнутри», но и в тесной связи с реальной жизнью. Автор отмечает, что это даст возможность более глубоко и детально проанализировать названные процессы. Актуальность работы определяется тем, что языковой материал исследуется во взаимосвязи с этнолингвистическими факторами.

Ключевые слова: материальная культура, этнокультура, национальное познание, шанырак, казан, караша уй (юрта), отау (семейный очаг), шатыр (крыша, шатер), бесик (колыбель).

USE OF HOUSEHOLD NAMES IN THE KAZAKH LANGUAGE IN LITERARY TEXT (BASED ON «THE BOOK KORKYT ATA»)

A.B.ALMAUYTOVA¹, candidate of philological sciences

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University, Republic of Kazakhstan

Abstract. The rich linguistic material collected in the “Book of Korkyt Ata” to denote material culture requires historical and lexicological research. At the same time, along with the traditional comparative historical method, it is necessary to use new methods. In this article, the processes occurring in the language system in an earlier period are proposed to be considered not only “from the inside”, but also in close connection with real life. The author notes that this will provide an opportunity to more deeply and in detail analyze these processes. The relevance of the work is determined by the fact that language material is studied in conjunction with ethno-linguistic factors.

Keywords: material culture, ethnoculture, national cognition, shanyrak, kasan, yurta, otau, shatyr (roof), bessik (cradle).

FTAMP 16.21.31

ТҮРКІ-ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР – ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Қ.Қ.АУБАКИРОВА¹, PhD

¹Қоркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Берілген мақалада ортағасырлық араб және түркі-қыпшақ тілдеріндегі жазба ескерткіштер негізінде мәмлүктер билігі тұсындағы (XIII-XV ғ.) түркі-араб мәдени және тілдік байланыстары

қарастырылады. Сонымен қатар этнолингвистикалық дереккөз ретінде мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің тарихи-мәдени және лексика-семантикалық ерекшеліктері сипатталады. Ұлттың өзін-өзі тануы үшін оның өткен тарихында қандай халықпен қарым-қатынас жасап, қандай мәдениетпен байланыста болғандығын және әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу міндет. Сондықтан қазіргі кезде халықтардың рухани құндылықтарын қайта жаңғыртып, ұлт тарихын терең зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Қазақ хандығының 550 жылдығы, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мен тарихи, мәдени жәдігерлерді, көне қолжазбаларды зерттеуге, сақтауға, жаңғыртуға және тиімді пайдалануға бағытталған «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» сияқты мемлекеттік бағдарламалар аясында шетелдік кітапханалар мен мұрағаттардан қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар жазба ескерткіштер мен құжаттар Қазақстанға әкелінгенімен, әлі күнге дейін кешенді түрде зерттеле қоймады. Сондықтан түркі тілдерінің қалыптасуын және тарихи дамуын зерттеуде, мәмлүктердің шығу тегін анықтауда XIII-XV ғасырларда түркі-қыпшақ тілінде жазылған қыпшақ мәдениеті мен тіліне қатысты мәдени-тарихи жәдігерлер құнды дереккөз болып табылады. Бұл жазба ескерткіштердегі тілдік материалдарды лингвомәдени тұрғыда зерттеу арқылы түркі-араб тарихи, саяси, әскери, экономикалық, мәдени-тілдік байланыстарының ерекшеліктерін анықтауға болады.

Кілт сөздер: түркі-қыпшақ тілі, жазба ескерткіштер, грамматикалық еңбектер, зерттеулер.

Біздің заманымызға дейін сақталып қалған жазба деректер белгілі бір дәуірдегі нақты бір тілдің лексикалық қорын, оның қызмет ету жағдайын, қоғамдағы орнын анықтауда құнды қазына болып табылады. Ескерткіштердің қалай, қашан, не себепті, қандай жағдайда пайда болғандығын, авторы мен ортағасырлық мәтіндердің лексикалық қорын анықтауда лингвистикалық деректанудың маңызы үлкен. Түркі тілдерін синхронды немесе диахронды қырынан зерттеу барысында көркем әдебиет, іс-қағаздар, ресми құжаттармен қатар түрлі филологиялық трактаттар мен сөздіктерді қолдану арқылы тілдің белгілі бір кезеңдегі даму жағдайы мен қоғамдағы орнын объективті түрде анықтауға болады. Лингвистикалық деректерде сақталған тілдік элементтер мен бірліктер лингводеректанудың нысаны болып табылады. Тарихта сақталған түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер XX ғасырдың орта кезеңінен бастап жан-жақты зерттеле бастады. XIII-XV ғасырлардағы Мысыр мен Алтын Орда территориясында дүниеге келген ескерткіштердің тілі көптеген лингвист ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Э.Н. Наджип, Ғ. Айдаров, А. Құрышжанов, М.Б. Сабыр, Б. Сағындықұлы сияқты түркітанушы-ғалымдардың еңбектерінде ортағасырлық түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерге сипаттама жасалып, шығармалардың лексикалық қоры анықталды. Көптеген түркі-қыпшақ тіліндегі ортағасырлық қолжазбалар әлемнің түкпір-түкпірінен табылып, ғылыми айналымға енгізілді.

Мәмлүктер мемлекеті (1250-1517) – Мысыр және Сирия жерлерінде түркі және Кавказ халықтары өкілдерінен шыққан жауынгер-құлдар билік еткен мемлекет. Мәмлүк сөзінің шығу тарихына тоқталсақ, ол Ислам тарихында үлкен рөл ойнаған «ақ құлдарға» қатысты туындаған. Бұл сөз араб тіліндегі «мәләкә» – иелену, билеу деген етістіктің ырықсыз етісінің есімшесі. Мәмлүк сөзі бастапқы кезде «біреуге тиесілі мүлік», «егесі бар мүлік» деген мағынаны берсе, кейін өз заманының тарихи жағдайлары мен қолдану аясына байланысты «ақ құл» деген екінші мағынаға ие болды [1, 1 б.].

Мәмлүктердің шығу тегіне қатысты Ә. Құрышжанұлы былай деп жазады: «Этникалық құрамы жағынан мәмлүктер әр алуан елдердің өкілдері болған. Талай тайпа рулар мен халықтардың қолға түскен жасақтары әрдайым құлдыққа сатылып отырған. Олардың ішінде сол кездегі «Дешті-Қыпшақ» даласынан (Алтай мен Днепр, одан әрі Днестр мен Дунай өзендеріне дейін) келген рулар мен ұлыстардың айбынды азаматтары да аз болмаған. Мәмлүк гвардиясында құлдармен қатар өз еркімен жалданып қосылғандар да болған (қыпшақтар, түріктер, түрікмендер, грузиндер, славяндар, еуропалықтар, кавказдықтар және т.б.), бірақ олардың бәрі бірдей бір орталыққа – қыпшақтар билігіне бас ұрып, бір тілде, тек қана қыпшақ тілінде сөйлеген (ресми түрде) [2, 17-18 б.б.]. Осылайша, Ә. Құрышжанұлы мәмлүктер қыпшақ тілінде сөйлеген деп тұжырымдап,

мәмлүктер билігі кезіндегі Мысыр қоғамындағы қыпшақ тілінің рөлін жоғары бағалайды. Ғалымның бұл сөздеріне мәмлүк сұлтандарының Алтын Орда хандарымен өзара араб және түркі-қыпшақ тілдерінде хат жазысуы және осы кезде құрастырылған араб-қыпшақ тілдеріндегі сөздіктер мен грамматикалық еңбектер дәлел бола алады. Мәмлүктер билігі кезіндегі қыпшақ тілінің кең қолданыста болуының әсерінен Мысырда оның ықпалы өте күшті болғанын араб тіліне енген түркізмдердің сақталуынан байқауға болады. Ортағасырлық араб деректерінде шамамен үш ғасырдай Мысырда билік құрған мәмлүктердің өзара қыпшақ тілінде сөйлескені жайлы айтылады. Орта ғасырлардағы Мысырда және басқа араб елдерінде қыпшақ тіліне деген қызығушылық жоғары болып, мәмлүк-қыпшақ тілінде (араб деректерінде халис түрік тілі деп келеді) әдеби, діни, грамматикалық еңбектер, сөздіктер, атбегілік пен әскери өнер туралы жазылған жәдігерлер дүниеге келді. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі мұндай жазба ескерткіштерді зерттеу қазіргі түркі халықтарының, олардың ішінде қыпшақ тобына жататын халықтардың қоғамдық, этнографиялық, саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдениеттік, тілдік тарихын зерттеуде алатын орны зор. XIII-XV ғасырларда мәмлүктер билігі тұсында мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштеді төмендегідей топтастыруға болады:

1) Сөздіктер мен грамматикалық еңбектер («Китабу әл-идрак ли лисани әл-атрак», «Китабу маджму' тарджуман турки уә а'джами уә муғули уә фарси», «Китаб ат-тухфат аз-закийат фи луғати-т-туркийя», «Әл-қауанин әл-куллийа лидабт әл-луғати-т-туркийя», «Китаб ад-дуррату-л-мудаййату фи-л-луғати-т-туркийя», «Китаб әл-булғати әл-муштақ уә фи-л-луғати ат-турк уә-л-кибджак»);

2) Діни еңбектер («Иршаду-л-мулук уә ас-салатин», «Китабу әл-мақаддима Абу Лайс ас-Самарқанди», «Китабу әл-Фикһ», «Китабу әл-Фикһ билисани ат-турк»);

3) Атбегілік пен соғыс өнеріне арналған еңбектер («Китаб фи 'илми ан-нушаб», «Китаб Байтарату әл-уадих», «Муниату әл-Гузат», «Китаб фи рийадат әл-хайл»);

4) Әдеби еңбектер.

Жоғарыда аталған XIII-XV ғасырлардағы мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің ішінде түркі-араб, араб-қыпшақ тілдерінде жазылған сөздіктер мен мәмлүктер билігі тұсында түркі-қыпшақ тілін үйрету мақсатында құрастырылған грамматикалық еңбектертерді зерттеу арқылы Мысыр қоғамындағы қыпшақ тілінің қолданыс аясы мен рөлін анықтауға болады. Бүгінгі күнге дейін төмендегідей мәмлүк-қыпшақ тіліндегі сөздіктер мен грамматикалық еңбектер сақталған:

1) **كتاب الادراك للسان الاتراك**

«Китабу әл-идрак ли лисани әл-атрак» («Түркі тіліне түсіндірме кітап») атты жазба ескерткіш 1312 жылы 18 желтоқсанда Каирде жазылған. Түркі тілін үйренушілерге арналған бұл шығарманың авторы – орта ғасырдағы араб филологы Асираддин Абу Хаййан Мұхаммед бин Али Йусуф әл-Гарнати. Ол 1265 жылы (кейбір деректер бойынша 1256 жылы) Андалузияда мәдени-әкімшілік орталық болған Гарната қаласында дүниеге келген [3, 55 б.]. Абу Хаййан 1344 жылы Мысырда қаза болады. 1298 жылдан бастап Каирде филология мен Құран оқытудан сабақ беріп жүріп түркі мәмлүктерінің тіліне қызығушылық танытады [4, 55 б.]. Мәмлүктер билігі тұсында Мысырда кенінен қолданылған мәмлүк-қыпшақ тілінің маңыздылығын түсінген Абу Хаййан «Китаб Хаһуи-л-мулк фи наһуи-т-турк» («Түркі грамматикасындағы жарқын иелік кітабы»), «Китаб әл-әууәл фи лисани-т-турк» («Түркі тіліндегі алғашқы кітап») және «Китабу әл-идрак ли лисани әл-атрак» («Түркі тіліне түсіндірме кітап») атты еңбектерін жазған. Бірақ олардың соңғысы ғана бізге дейін жеткен. Автор өз жұмысын қалай жазғандығы туралы былай дейді: «Мен сөздерді тілді жақсы білетін адамдардан біртіндеп жазып алдым. Оларды өзімше бір тәртіпке келтірдім. [Грамматика](#) туралы жазылған қағидаларды басқа бір еңбектен алмадым, өзімнің ой-тұжырымдамаларым арқылы жаздым».

Бұл еңбектің түпнұсқасы сақталмаған, тек үш түрлі көшірмесі ғана жеткен. [1335](#) жылы жазылған 132 беттен тұратын бір нұсқасының көшірмесін кім жасағаны белгісіз. Көлемі 194 беттен тұратын екінші көшірмесін [1402](#) жылы Ахмед ибн әш-Шафиғ

жасаған. Екі көшірменің арасында азды-көпті айырмашылықтар да кездеседі. Оның ең алғашқы нұсқасы Баязид ұлттық кітапханасында, екіншісі Стамбул университетінің кітапханасында, үшінші нұсқасы Каирдегі Дарул-Кутуб кітапханасында сақталған. Қолжазба ең алғаш 1891 жылы Стамбулда жарияланған. Жинақ екі бөлімнен тұрады: 1) түркі-араб тіліндегі сөздік (есімдер мен етістіктерден құралған 3500 сөзден тұрады); 2) грамматика бөлімі: фонетика мен морфология (78 бөлімнен құралған) [5, 4 б.].

2) کتاب مجموع ترجمان ترکی و عجمي ومغلي و فرسي

«Китабу маджму' тарджуман турки уә а'джами уә муғули уә фарси» атты жазба ескерткіш Мысырда арабтарға түрік тілін үйрету мақсатында жазылған. Еңбектің соңында 1245 жылы 28 қаңтарда (кейбір деректер бойыша 1343 жылы) жазылып аяқталғаны айтылады. Сөздік Хажы Мәуләнә Кемал ад-Диннің кітапханасына арналып жазылған. Бұл еңбектің түпнұсқасы Голландиядағы Лейден академиялық кітапханасында 517 нөмермен сақтаулы [6]. 76 беттен тұратын бұл жинақ қызыл және қара түсті сиямен жазылған. Аталған еңбектің 63 беттен тұратын бірінші бөлімінде арабша-түрікше сөздік пен грамматика, ал 13 беттен тұратын екінші бөлімінде моңғолша-парсыша сөздік берілген. Еңбектің арабша-түрікше бөлімі төрт тараудан тұрады. Алғашқы екі тарауда зат есім мен етістіктердің топтамасы берілсе, соңғы екі тарауда грамматикалық зерттеу берілген.

1894 жылы еңбекті алғаш рет голландық шығыстанушы Мартин Теодар Хоустма баспадан шығарып, неміс тіліне аударған. Ғалымның түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткішке қатысты бұл зерттеу жұмысы туркология саласындағы құнды еңбектердің қатарына кіреді. Поляк зерттеушісі А.Зайончковский: «Китабу маджму' тарджуман турки уә а'джами уә муғули уә фарси» атты ескерткіш туралы «Тарджуман турки» мәмлүк мемлекетіндегі жазба ескерткіштердің немесе араб-түркі (қыпшақ) тіліндегі көне сөздіктердің қатарына кіреді» деп, бұл тарихи мұраны ғылыми айналымға ең алғаш рет шығарған М.Т. Хоутсманың неміс тіліндегі аударма нұсқасы мен транскрипциясын жетілдіре түсу туралы ұсыныс айтады.

1970 жылы А. Құрышжанов «Исследование по лексике старокипчакского письменного памятника XIIIв. Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде М.Т.Хоутсманың зерттеуін басшылыққа ала отырып, жоғарыдағы сөздікті зерттеп, орыс тіліне аударады.

Э.Н.Наджиптиң айтуы бойынша, еңбектің авторы немесе көшірмесін жасаған Кониялы түрік Халил бин Мұхаммед бин Йусуф болған. Ал З.Б. Мухамедованың ойынша, Кониялы Халил бин Мұхаммед бин Йусуф шығарманың көшірмесін жасаған. Бірақ М.Т.Хоустма мен А. Құрышжановтың зерттеу жұмысының нәтижесінде бұл еңбектің авторы туралы еш мәлімет табылмаған. Бұл еңбектің түпнұсқа екені немесе түрік тілін үйрену мақсатында басқа еңбектен көшірілгені белгісіз.

А.Құрышжанов өзінің зерттеу жұмысында аталған еңбектің авторы мұсылман болғандығын және оның өте жоғары лингвистикалық ілімі болғанын айтады. Автор кей кездері диалект сөздерді де қолданып отырған. Шығармада автор өзінің бірнеше түркі тілін, оның ішінде таза түрік тілі немесе түркі-қыпшақ тілін «القفاقیة، التركية» және түркімен тілін «الترکمانیة» білетінін айтады. Т. Хосутма бұл жердегі таза түркі-қыпшақ тілі Ресейдің оңтүстік аймағына, Дешті-Қыпшақ даласына қатысты екенін айтады. Ол бұл жерлерде қолданылған түркі тілі, XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында белгілі болған «Кодекс Куманикус» атты жазба ескерткішінің тілі қарастырып отырған «Түрікше-арабша сөздіктің» тіліне сәйкес келетінін екі еңбектен мысал келтіру арқылы дәлелдеген [7, 17 б.].

Түрік зерттеушісі А. Ынан бір сөздікте бірнеше тілдің (араб, парсы, моңғол) қатар келуін сол дәуірде Иранда моңғолдардың, Мысыр мен Шам жерінде мәмлүк қыпшақтарының билік етуімен байланыстырады [8, 60 б.].

3) کتاب التحفة الذکية في اللغة التركية

«Китаб ат-тухфа аз-закийя фи луғати-т-туркийя» («Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық») атты еңбек кейбір деректерге қарағанда 1425 жылы жазылған. Екі

бөлімнен тұратын бұл еңбектің авторы белгісіз. Еңбектің жалғыз нұсқасы Стамбұлдағы Баязид ұлттық кітапханасында сақталған [9, 14 б.].

4) القوانين الكلية لضبط اللغة التركية

«Әл-қауанин әл-куллияа лидабт әл-луғати-т-туркийя» («Түркі тілдерін үйрену үшін жазылған толық құрал») XV ғасырдың басына қарай Каирде жазылған. Еңбектің жалғыз нұсқасы Стамбұлдағы Сүлеймания кітапханасының Шаһид Али Паша бөлімінде сақталған [10, 37].

5) كتاب الدرّة المضیة فی اللغة التركية

«Китаб ад-дуррат әл-мудийа фи-л-луғати-т-туркийя» («Түркі тілі туралы інжу-маржан кітабы») атты мәмлүктер билігі тұсында (XIV-XV ғасырларда) жазылған араб-түркі тіліндегі сөздік. Бұл еңбектің жалғыз нұсқасы Флоренцияда Медичи Лауренцина кітапханасында сақталған [151-156]. Аталған сөздікті алғаш рет А. Зайончковский 1963 жылы тауып, өзінің бірнеше мақаласында сөздікте кездесетін лексикалық материалдар туралы ақпараттар береді. 24 бөлімнен тұратын бұл сөздікте ешқандай грамматикалық ақпарат берілмейді.

6) كتاب البلغة المشتق و في اللغة الترك و القیجاق

«Китаб әл-Булғати әл-муштақ уә фил-луғати ат-турк уә-л-қибджақ» атты 88 беттен тұратын бұл еңбектің авторы – Жамал ад-Дин Абу Мұхаммед Абдуллаһ ат-Түрік. Араб-қыпшақ тілінде жазылған бұл грамматикалық еңбектің 1451 жылға дейін Шам жерінде құрастырылғаны анықталды. Еңбектің жалғыз нұсқасы Париж Ұлттық Кітапханасында сақталған.

Мәмлүктер билігі тұсында Мысыр мен Шам жерлерінде дүниеге келген аталған жазба ескерткіштерді зерттеу арқылы түркі-мәмлүктерінің Мысыр қоғамында алған орнын анықтауға болады. Осындай мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерден мәмлүктер билігі тұсындағы қыпшақ мәдениеті мен тіліне қатысты көптеген құнды лексикалық материалдар алуға болады. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуын және тарихи дамуын зерттеуде, кейбір халықтардың этностық мәселелерін шешуде үлкен маңыздылыққа ие.

XIII-XV ғасырлардағы түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердегі тілдік материалдардан орта ғасырдағы түркі халықтарының қоршаған орта, табиғи құбылыстар, адам болмысы және жалпы түркі халықтарына тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі туралы ақпарат алуға болады. Себебі V-XV ғасырлар аралығында дүниеге келген жазба ескерткіштер бүкіл түркі халықтары үшін ортақ мұра болып табылады. Оның үстіне мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің тілін зерттей отырып, ондағы сөздердің басым көпшілігі ерте заманнан бері келе жатқан, осы күнгі түркі тілдес халықтардың негізгі сөздік қорында қалыптасқан жалпы түркілік сипаттағы сөздер екендігі анықталған. Сөздердің бір тобы кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, тұлғалық-лексикалық мағынасы сақталып қалған. Сондықтан мәмлүк-қыпшақ тіліндегі тілдік материалдар түркі халықтарының дүниетанымы мен наным-сенімдерін зерттеуде де құнды дереккөз бола алатындығы анық. Мәмлүктер билігі тұсында жазылған лингвистикалық еңбектерде әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени реалиялардың көрінісі болып табылатын қыпшақ тіліндегі көптеген лексикалық оралымдар мен термин сөздердің араб тіліндегі аудармалары беріледі.

Қолымызда жинақталған жазба ескерткіштер лексикасының мазмұны, табиғаты мен көлемін анықтау үшін ондағы сөздерді белгілі бір жүйе бойынша лексика-семантикалық топтарға бөліп зерттеу қажет. Осы мақсатпен «Тәржұман», «Әд-Дурра» және «Әл-Қауанин» жазба ескерткіштерінің сөздік бөлімінде берілген түркі-қыпшақ тілінің лексикасына семантикалық тұрғыдан талдау жасалды. Мәмлүктер дәуірінде дүниеге келген ескерткіштердің авторлары түркі-қыпшақ тіліне араб, парсы, моңғол тілдерінен енген кірме сөздер туралы да ақпарат беріп отырған. Сонымен қатар түрік, түркімен, оғыз, қыпшақ, нағыз түрік тілі деген белгілер қою арқылы қолжазбадағы сөздердің диалектілік ерекшеліктері көрсетілген.

Мәмлүктер билігі кезінде жазылған жазба ескерткіштерде берілген түркі-қыпшақ сөздерінің көбі қазіргі кездегі түркі халықтарының сөздік қорында, оның ішінде қазақ тілінде кездесетін ерте заманнан бері келе жатқан жалпы түркілік сипаттағы сөздер. Мұндағы кейбір сөздердің тобы фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі тұлғасы мен лексикалық мағынасын сақтап қалған. Бұл сөздер кейінгі дәуірлердегі ескерткіштер тілінде де кездесетін қазіргі түркі тілдеріне ортақ сөздер болып табылады. Қолжазбалардағы өзгеріске ұшыраған сөздер фонетикалық тұлғасы арқылы ерекшеленеді. Мұндай сөздердің көбі дыбыстардың түсірілуі немесе басқа дыбыстармен алмасуы сияқты фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. «Тәржұман», «Әд-Дурра», «Әл-Қауанин» жазба ескерткіштеріндегі тілдік материалдардан азды-көпті оғыз тілінің элементтері кездескенімін, көптеген тілдік құбылыстардың қазіргідей тұрақталғанын, басқа ескерткіштердің тіліне қарағанда қазіргі қазақ тіліне жақындығын көре аламыз. Олай болса, ескерткіштің тілдік материалдары қыпшақ тобындағы тілдердің тарихын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Саид Абдулфаттах. Әл-аср әл-мәмәлик фи мысыр уә аш-Шам. – Каир: ан-Нашир, 1976.
2. Құрышжанұлы Ә. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған бір ескерткіш жайында (алғашқы хабар есебінде) // «Көне түрік ескерткіштері тарихы» конференция материалдары. – Түркістан, 2007.
3. Айдаров Ғ., Құрысжанов Ә., Томанова М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, Мектеп, 1971.
4. Хафизбек. Китаб фатху Мысыр әл-хадис. – Каир: Мәктәбәту Мәдбули, 1995.
5. Маженова М.Н. Абу Хайян – исследователь кипчакского языка. Автореф. Канд.дисс. – Алма-Ата, 1969.
6. Houtsma M. Th. Ein türkisch-arabisches Glossar. Leiden, 1894.
7. Құрышжанов Ә. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата, 1970. С. – 234.
8. Inan A. XIII Yuzyillarda oguz-türkmen. – Ankara: Turk dili kurumu, 1975.
9. Resep Toparly, Sadi Gogenli, nevzat H. Yanyk Kitabu Mejmu-I Terjumanı Turki ua Ajami ua Mugali. – Ankara: Turk dili kurumu, 2000. – P. 231.
10. Resep Toparly, Sadi Gogenli, nevzat H. Yanyk Kitabu Mejmu-I Terjumanı Turki ua Ajami ua Mugali. – Ankara: Turk dili kurumu, 1999. – P. 240.
11. Halasy Kun, Hayriye Gul, Musa Salan. Memluk kipchak dil arashtyrmalary ve Istanbuldaki el yazmalary. – Ankara: Dil arashtyrmalary, 2013.

ПИСЬМЕННЫЕ ПАМЯТНИКИ НА ТЮРКО-КЫПЧАКСКОМ НА ЯЗЫКЕ КАК ИСТОЧНИК ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ДАННЫХ

К.К.АУБАКИРОВА¹, PhD

¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматриваются тюркско-арабские культурно-языковые контакты при мамлюкской власти (XIII-XV вв.) на основе средневековых арабских и тюркско-кыпчакских письменных памятников. А также, в качестве этнолингвистического источника описываются историко-культурные и лексико-семантические особенности письменных памятников на мамлюкско-кыпчакском языке. Для самоидентификации нации необходимо знать, с какими народами она имела отношения в истории, с какими культурами была связана и какой вклад внесла в мировую цивилизацию. В связи с этим, в настоящее время возникает необходимость в

возрождении духовных ценностей народов и в углубленном изучении национальной истории. Письменные памятники и документы, имеющие историческое значение для культурного наследия казахского народа, хотя и были привезены из зарубежных библиотек и архивов в Казахстан в рамках 550-летия Казахского ханства, национальной идеи «Мәңгілік ел» и таких государственных программ, как «Культурное наследие», «Народ в потоке истории», направленных на исследование, сохранение, модернизацию и эффективное использование исторических и культурных реликвий, до сих пор еще комплексно не исследовались. В связи с этим, культурно-исторические памятники, касающиеся культуры и языка кыпчаков, написанные в XIII-XV веках на тюркско-кыпчакском языке, являются ценным источником в изучении формирования и исторического развития тюркских языков, определении происхождения мамлюков. На основе лингвокультурологического исследования языкового материала данных письменных памятников можно определить особенности тюркско-арабских исторических, политических, военных, экономических, культурно-языковых контактов.

Ключевые слова: тюркско-кыпчакский язык, письменные памятники, грамматические труды, исследования.

WRITTEN MONUMENTS OF THE TURKIC-KYPCHAK LANGUAGE AS A SOURCE OF ETHNO-LINGUISTIC DATA

К.К. АУБАКИРОВА¹, PhD

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University, Republic of Kazakhstan

Annotation

The article discusses the Turkic-Arabic cultural and linguistic contacts in the Mamluk period (XIII-XV centuries) on the basis of medieval Arabic and Turkic-Kipchak written monuments. Also, as an ethnolinguistic source, historical, cultural and lexical-semantic features of the monuments, written in the Mamluk-Kipchak language are described. For self-identification of the nation it is necessary to know with what nations it had relations in history, with what cultures it was connected and what contribution it has made to the world civilization. At this point at the present time, there is a need for revival of spiritual values of nations and a deep study of the national history. In spite of the fact, that written monuments and documents, which have a historical importance for the cultural heritage of the Kazakh people, were brought from foreign libraries and archives to Kazakhstan within the framework of 550th anniversary of the Kazakh Khanate, the national idea of «Mangilik El» and the state programs, such as «Cultural Heritage», «People in the flow of history», oriented to research, maintenance, modernization and efficient use of historical and cultural relicts, it has not been studied comprehensively yet. In this connection, the cultural and historical monuments, related to the culture and language of the Kipchaks and written in XIII-XV centuries in the Turkic-Kipchak language, are valuable sources in studying of formation and historical development of the Turkic languages and defining the origin of the Mamluks. On the basis of linguacultural studying of linguistic materials of these written monuments one can define the features of the Turkic-Arabic historical, political, military and economical cultural and linguistic contacts.

Keywords: the Turkic-kipchak language, written monuments, grammar books, research.

Т.ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ: ЭТНОМӘДЕНИ ҚЫРЫ

Ш.Ү.БАЙМАХАНОВА¹, педагогика ғылымдарының магистрі

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі болып саналады. Бүгінгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтеріліп жүр. Осындай зерттеу жұмыстарында ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл тек тұлғалық жағынан ғана емес, сонымен қатар ол мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептілік тұрғыдан да қарастырылып, талданатын болды. Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге мүмкіндік туады. Себебі ұлт мәдениетінің қай түрінде болсын, онда сол ұлттың бүкіл таным-болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным-болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі атаулар, фразеологизмдер, паремиологизмдер жатады, себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады. Мақалада Т.Ізтілеуұлы шығармаларындағы мәдени бірліктер тіл мен мәдениет сабақтастығында қарастырылады.

Кілт сөздер: адам, тіл, мәдениет, ойлау, фразеологизм, дін.

Тарихи дереккөздердегі, эпостық жырлар мен фольклордағы, фразеологиялық, паремиологиялық, прецеденттік жүйедегі тілдік деректердің ұлт санасындағы ізін анықтау мәселесі – қазіргі тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің негізгі арқауы.

«Білімнің әрбір жаңа парадигмасы жаңа мәселелерді ғылыми таным нысанасына алудың өз үлгісін, өз моделін және оны шешу жолының да өзіндік әдістерін ұсынатыны белгілі. Когнитивтік лингвистика құрылымдық тіл білімімен «сөз таластыра», «білім жарыстыра отырып» қалыптасса да структуралық (құрылымдық) тіл білімінің ұстанымдарымен қайшылыққа түспейді, қайта оны өз керегіне пайдаланады» [1, 10-12]. Осыған орай когнитивтік лингвистиканың негізгі мәселесі – таным мен тіл мәселесі.

Адамның таным әрекетіне тілдің қаншалықты дәрежеде қатысы бар екендігін анықтау – когнитивтік зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады. Орыс ғалымы В.Маслова бұған қатысты ұстанымын былай деп білдіреді: «Когнитивтік лингвистиканың басты мақсаты - адамның әлемді түсінуі, қабылдау процесі, білімді жинақтау қалай жүзеге асатынын саралау» [1, 12]. Олай болса когнитивтік лингвистика саласының міндеті – адамзат әлемінің қоршаған орта құбылыстарының, уақыт пен заман таңбасының адам дүниетанымындағы бейнесі, сөз қуаты арқылы қалай танылғандығын саралап, сипаттау. Осымен байланысты тілдік бірліктер адам санасында қандай дәрежеде бейнеленетіндігі таным тереңдігіне қатысты болмақ. Сол себепті де зерттеудің мәні адамның, тілдік тұлғаның өзін қоршаған тілдік дүниені тану әрекетімен тікелей байланысты. Ал адамның осындай күрделі когнитивтік әрекетін тіл мен ойлаудың (тіл-ойлау) арақатынасын саралап зерттеу арқылы ғана толыққанды бағалауға болатыны белгілі.

Қазіргі уақытта ұлт пен тіл, ұлт пен мәдениет сабақтастығында қарастыратын үрдіс тіл табиғатын зерттеуде жаңа сапаға көтерілуде. Соның ішінде тарихи-этникалық үрдісті

сипаттайтын рухани ақпарат көзінің бірі – Т.Ізтілеуұлы шығармалары. Ендеше Т.Ізтілеуұлына жүгінейік.

Шатыр. *Осыдан алып гибрат шатыр тікті, Қаданы ортасына қадап мықты. Болғанмен басы күлкі барлық елге, Жайылып шатыр, шайла жүзге шықты* (Т.І.). Л.Будагов: Шатыр 1) палатка, шатеръ, полочъ. 2) женское бьюе покрывало, въ которое окутываются въ головы до носъ, зонтикъ (454). Шатырдың әуелгі мағынасы күнқағар болған сияқты. М.Қашқарида отау сөзі “шатер, жилище” мағынасында келтірілген (ДТС, 373). Шатыр – көшпелі қазақ халқының тұрмыс ерекшелігін көрсететін мәдени мұраның бірі. Оның кеңінен қолданылғанын «Қобыланды батыр» жырынан байқауға болады:

Бұл сөзді айтып Қобыланды

Шатырға қайтып келеді;

Жағалай таудың жатыр-ай,

Жарасар тіккен **шатыр-ай**.

Бұдан «шатыр» атауының өте ерте кезден түсінікті ұғым екені көрінеді.

Айуан. *Болған соң сүтінді үш мың соғып тақтап, Төсетіп мәрмәр тас жерін таптап, Кіршааштың өзіне арнап салды айуан, Өнерді қалмайық деп ішке сақтап* (Т.І.). **Айуан** – сарай, үйдің алдыңғы бөлігі.

Орыс зерттеуші-этнографы Н.Харузиннің 1896 жылы «Этнографические обозрение» атты жинақта көшпелі және жартылай көшпелі түрік және монғол халықтарының тұрғын үйлерінің даму тарихына арналған алғашқы зерттеу еңбегі жарық көрді [2]. Еңбек екі бөлімнен тұрады. Біріншісі көшпелі баспаналардың, екіншісі тұрақты баспаналардың түрлеріне арналған. Ол қазақтардың жартылай отырықшылық тұрмыс кешіп жатқандарының арасында уақытша, жорықтық баспана ретінде немесе кедей бөлігінде алғашқы қауымдық конус тәрізді күркеге ұқсайтын баспананың тірнеше түрінің пайдаланылатынын айтады. Ағаштардың бастарын байланыстыра отырып, ортасына от жағып, үстінен түтін шығатын орын қалдырып, киізбен жауып, сыртқа шығатындай тесік қалдырылған күркені сипаттайды. Ал қазақтардың қарапайым баспанасының бір түрі – қостың, диаметрі 1-2 сажындай шеңбер құратын ағаштарды біріктіре отырып жасалғанын, ал одан күрделілеу түрінің абылайша деп аталатынын айтады және оны былайша сипаттайды: түзу ағаштарды еңкейте қойып, бас жақтарын арнайы дайындалған ағаш шеңберге – шаңыраққа бекітеді. Бір киізбен керегені жауып, жоғары жағынан түтін шығатын тесік қалдырады. Халықтың айтуы бойынша, - дейді ол, бұл баспананың түрін ойлап тапқан хан Абылай болған.

Ол мұндай күркені жауынгерлерінің жорығы кезінде пайдаланған, сондықтан ондай күрке «абылайша» деп аталып кеткен. *Абылайша* өзінің түрі бойынша қазақтардағы басқа баспаналардан өте ерекшеленеді, ал оны ойлап тапқан хан Абылай дейтін аңыз, шамасы, салыстырмалы түрдегі өзінің құрылысы бойынша күрделі торкөзді киіз үйден үлкен айырмашылығын көрсетуге ұмтылуды байқатса керек. Автор бұл еңбегінде келтірілген мәліметтер негізінде конус тәріздес күркенің түрінің түркі халықтарында кеңірек таралған және ең ежелгі болғандығын сенімді түрде айтуға болатынын, сондай-ақ оның монғолдарға да белгілі болғандығын атап өте келе баспананың бұл түрі аталған халықтарда баспана тарихының дамуында алғашқы болғандығын айтып қорытынды жасайды.

«Ақыр соңында, - дейді Н.Харузин, - конус тәрізді күрке тасымалдауға жеңіл болғандықтан тұрақты баспана түріне айналды. Бұл тұрғындардың әлі де көшпелі өмір салтын ұстанғанына қарамастан тұрақты баспана категориясына жақындата түсті. Кейбір облыстарда ағаштың көп болуы күркенің керегелерін салыстырмалы түрде жуандау ағаштардан жасауға мүмкіндік береді. Бұл оларды тасып жүруді қиындатты. Нәтижесінде материалдардың көптігі мен арзан болуы арқасында күркенің керегесін бұрынғы орнында қалдырып, көшу кезінде тек жабатын жапқыштарын ғана алып жүрді. Күркенің керегесін қалдыру көбінесе ормандағы аңшылардың арасында мал бағудың аз таралуына байланысты болғанын, отбасында жүк көлігі үй заттарын алып жүретін көлемде ғана

болып отырғанын айта отырып, оны алтайлықтар мысал бойынша дәлелдейді. Сөйте келе, конус тәрізді күркенің тарихын сабақтай отырып, біз баспананың отырықшы түріне дейінгі дамуына келеміз», – деген тұжырым жасайды [2].

Шаңырақ. *Кереге, уық тапқанмен, басын бір қосар шаңырақ жоқ* (Т.І.). Шаңырақ – отверстіе кровли, куда вставляются концами унины; оно дьлается круглое, какъ большое колесо, изъ березоваго дерева и имъеть перекрестные радіусы – күлдіреуіш (Буд.163-165); Шаңарак деревянное кольцо въ дымовомъ отверстіи юрты (Радлов, 942). Чангарак – деревянный круг или обруч, служащий крышей или сводом юрты (Пот.150). Шаңырақ – Жазба монғол тілінде - “чағарығ”, қазіргі монғолдарда - “цагариг”, буряттарда - “сахариг”, тұлғалары біздегі “шенбер”, “кұрсау” орнына жұмсалған (ССТМЯ, 1977, 378).

Уық – шаңырақ пен керегені жалғастырып тұратын иілген таяқшалар. Ук шест, образующіе крышу юрты (Рад.1606). Мұны у-ық түрінде мүшелеуге болатын сияқты. Өйткені туырлық, үзік дегендермен құрамдас келеді [3, 251]. М.Қашғари ОҚ // ОҒ уық. ЕВ оқы – үйдің уығы; ИҒ УҒ: уық, киіз үйдің уығы, тіреу ағаш [4, 66-76]. Кир.уқ, *дж* УҒ к сл. УУҚ выгнутые палки въ отверстіи кибитокъ, составляющія родъ стропиль, по казачьи унины (деревянная покрывка палатки) [Буд. том I.1869]. Ж.Манкеева: Уық.ууқ (қырғ.) ~ уық (ққалп, қаз.) М.Қ. иу көгу үйдің сүйегін ұстайтын ағаш таяқшалар [4, I. 48]. Сондықтан сол кездің өзінде – ақ бұл тұлға түбір емес, морфологиялық даму арқылы құрылымы қалыптасып, атау мәніне ие болған. Бірақ жорамал арқылы ажыратылатын ерін дауысты (у) Э.В.Севортян түбір деп алуға дәлел жеткіліксіз деп санайды [5, 583-584].

Кереге – киіз үйдің қабырғасын құрайтын ағаш (Радлов.т.І.ч.2, 1606). Кереге иілген ағаштардан тор көзді етіп, көнмен көктеу арқылы жасалады. Оның санына байланысты киіз үй алты қанат, сегіз қанат, он екі қанат үй деп бөлінеді

Ит кірмес. *Жағасыз, жеңсіз жейдемен, Ат қылып мініп асарсың, Ит кірмес пен бақаннан. Жер ошақтай жер қазып, Жатқызып жалғыз ішіне, Қайтады халқың апарған* (Т.І.). Н.Харузин П.Маковецкийге сілтеу жасай отырып, бұрын есіктің орнында ит кіріп кетпеу үшін – иткерме деп аталған жай ғана торкөзді шарбақша қойылған, ал қазіргі кезде, екі жақтаулы есіктер жиі кездеседі, - дейді [2]. Есіктің жақтау ағашында, яғни босағада кереге байланатын тесіктер жасалады.

Екі жақтан біріктіріліп жабылатын есік қалмақтардың, сондай-ақ моңғолдардың да кездесетінін, қалмақтардың мұндай есігінің қазақтардікінен айырмашылығы қалмақтарда есіктің екі жағы да жақтау ағашына берік етіп бекітіледі, сол себепті де көшкен кезде есік жақтау ағашымен бірге тасылады. Қалмақтардың есігінің сыртынан киізбен жабатынын жаза отырып, оның екі жақтаулы ағаш есік пайда болғанға дейінгі кезеңнің сарқыншағы деп суреттейді. Есік әдетте оңтүстікке, немесе желге қарсы жаққа қаратылып орнатылады [2, 36].

Ж.Манкеева *иткірмес* – киіз үйдің ағаш есігі, ергенек деп анықтайды [6, 297]. Тұрмағамбет ақын қолданысындағы *ит кірмес* ерте кездегі есіктің орнына қолданылған нәрсе екендігін аңғарамыз.

Мұстафа Шоқай артында қалдырған бай мұрасының ішінде, оның «Яш Түркістан» журналында алатын орны ерекше. Яш Түркістан (Берлин) журналы 1929 жылы желтоқсан айында шыға бастаған журналдың 1939 жылға дейін 117 саны жарық көрді. Журнал арап әріптерімен шағатай тілінде жарияланып тұрды. «Яш Түркістан» журналы Түркістанның саяси, экономикалық, әдеби және мәдени мәселелеріне терең талдаулар жасаған журнал ретінде де көзге түсті. «Яш Түркістан» журналының тағы бір маңызды міндеті – Түркістан мен түркі халықтарын өзгелерге таныстыру болып табылады. Бұл жөнінде Шоқай былай дейді: «Тәуелсіздікті аңсаған түркістандықтарға тек өз елі мен халқын сүюмен шектелуге болмайды. Біздің Түркістан мен түркі халықтарын басқаларға да сүйгізуіміз қажет». «Яш Түркістан» журналы Германия мен Түркиядағы жастардың қолдауының арқасында дүниеге келген [4]. Бұл журналда М.Шоқай әр тарапты маңызды мәселелерді қозғайтын мақалаларын жариялаған. Мұрағаттағы мақалаларында Ресей үкіметінің отарлау саясаты, қоныстандыру барысы, 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерісі, ұлт мәселесі төңірегінде, идеология майданындағы күрес, Түркістандағы ұлттық қозғалыс, автономиядан-тәуелсіздікке, Түркістан мұхтарияты, Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресі, басмашылар қозғалысы, ашаршылық, Кеңес үкіметінің саясаты т.б. көкейтесті тақырыптарда мәселелер қозғалады. «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бізбай, күшін әлсіретпей, «Жас Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік...» көлемі жағынан шағын болғанымен, өз мойнына азаттық пен тәуелсіздік туын көтерудегі аса зор міндеттерді алып отыр. Ал, біздің мұратымыз- Түркістанды түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылым-ға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады.

Туркестан под властью советов шығармасы Шоқайдың 1928 жылы француз тілінде жариялаған «Chez Les Soviets en Asie Centrale» атты еңбегінің кейбір толықтырулармен басылған орысша нұсқасы болып табылады. 1935 жылы Парижде жарық көрген шығармасының алғы сөзінде Шоқай жеті жыл өткеннен кейін шығармасын орыс тілінде жариялауының себептерін түсіндіреді. Шоқай алғы сөзінде Кеңес өкіметі тиым салған кітаптарды таныстырады. Бұл кітаптар арасында Георги Сафаровтың «Отарлық төңкерістің Түркістан тәжірибесі», Тұрар Рысқұловтың «Төңкеріс және Түркістандағы жергілікті халық», Брайн мен Шафионың «Кеңестердің Жетісудағы алғашқы қадамдары» мен «Алашорда тарихы туралы очерктер» атты шығармаларын атап өтеді. Бұл шығармалардың барлығы кезінде Коммунистік Партия басшыларының тексеруінен өтіп, жарық көрген кітаптар еді. Соған қарамастан, 1935 жылы қарсы төңкерісшіл рухта жазылғаны айтылып, тиым салынды. Бұл жағдай, Шоқайды француз тілінде жариялаған еңбегін орыс тіліне де аударып жариялауға себеп болған болса керек. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім, Шоқайдың орыс тіліндегі басылымы үшін жазған алғы сөзін қоспағанда, француз тіліндегі басылымының толық аудармасы. Онда Реноддың француз тіліндегі басылым үшін жазған алғы сөзі де берілді. Бұл шығарма кеңес дәуірінде тиым салынған кітаптар арасында еді. Бұл кітапты алып жүргендер немесе оқығандар жазаға тартылды. «Под властью советов» 1986 жылы Оксфордта ағылшын тіліндегі бір алғы сөзбен қайтадан басылды. Сол жылы өзбек тіліне аударылып, «Совет Хокимияти Остида» деген атпен жарық көрді. 1991 жылы шығарманың бір бөлімі қазақ тілінде жарияланды. Еңбектің тек бірінші бөлімі 1993 жылы Алматыда орыс тілінде қайта жарық көрді. [5].

Қазіргі таңда Мұстафа Шоқайдың Таңдамалы шығармаларының Үш томдығы /Шағатай тіл жазуынан қазіргі қазақ тіліне аударған Айтан Нүсіпхан.-Алматы:Қайнар, 2007жыл/:

1 том: М.Шоқайдың мақалалары;

2 том: Түркістан ұлт-азаттық қазғалысының тарихы және саяси ахуалдар;

3 том: 1917 жылғы естеліктер; «Советтер қол астындағы Түркістан», хаттары жарық көрген [6].

Мұстафа мұраларын жариялаудағы үлкен серпін Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағамбетовтың құрастыруымен он екі том болып (Алматы: Дайк-Пресс, 2012.) жарық көруі болды. Көшім Есмағамбетов 1960 жылы Мәскеу қаласындағы П.Лумумба атындағы Халықтар достығы университетінде оқып жүрген кезінде Мұстафа Шоқайдың есімін алғаш рет естіп, университет кітапханасында Францияның археологы, белгілі дипломаты Жозеф Кастаньенің «Қазақ-қырғыз таңбалары» деген мақаласынан Мұстафа Шоқайдың өмірбаянын оқып, танысқандығы жөнінде, ол уақыттарда Мұстафаның есімін атауға болмайтын заман болса да соған қарамастан ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы туралы тарихи деректерді жинақтауды және зерттеу жұмыстарымен шұғылдануды сол мезеттен бастаған. Тарихшы Көшім Есмағамбетовтың сөзімен айтқанда, «қайраткерлігі мен тұлғалығына, мәмігерлігі мен шешендігіне, дүниетанымы мен идеялық мақсат-мұраттарына адамгершілік биік қасиеттеріне тірі куә іспеттес аса құнды шығармашылық мұрасы» осыдан ғасырға жуық жазылса да, бүгінгі Тәуелсіздігімізге толық қызмет ете алады. [7].

Елімізге белгілі қоғам қайраткері, ғалым Мұстафа Шоқай мұраларын кеңінен зерттеуші, тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Лекерұлы Есмағамбетов ағамыздың тікелей мұрындық болуымен қатар және өзі ғылыми жетекшілігімен 2016 жылы 22 қыркүйекте Қызылорда қаласы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталықтың негізгі мақсаты - Мұстафа Шоқайдың мұраларын зерттеу, іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулер жүргізу. Сонымен қатар білім алушы студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және барлық зерттеушілерге Мұстафа Шоқайдың рухани және ғылыми мұраларын зерделеп, оның қайраткерлік тұлғасы мен шығармашылығын тың деректер арқылы ғылыми тұрғыда толыққанды жеткізу. Орталықта 8 планшет орнатылған Онда Мұстафа Шоқайдың ғылыми мұраларын насихаттауға арналған құнды фото және мұрағат материалдары, сонымен қатар Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеушілер: тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Л.Есмағамбетовтың, саяси ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қ.Бәкір және Мұстафа Шоқай атындағы қоғамдық қор төрағасы Б.А.Атабаевтың сонымен қатар отандық және шет елдік авторлардың қаламдарынан шыққан еңбектерімен топтастырылған. Орталықтың қазіргі таңда жүргізіп жатқан негізгі жұмыстарына тоқталсақ:

- Мұстафа Шоқай және қазақ зиялыларының мұралары бойынша іргелі зерттеулерді ұйымдастыру және іске асыру.
- Жас ұрпаққа түркі халықтарының көсемі Мұстафа Шоқайдың мол мұраларын таныстыру, насихаттау үшін университеттегі бакалавриаттың гуманитарлық-педагогикалық мамандықтары студенттерінің оқу үдерісіне “Шоқайтану” арнаулы курсы енгізіліп, оқытылуда.
- «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми- зерттеу орталығы жоғары оқу орындары мен облыстық арнаулы және орта оқу орындарымен шығармашылық байланыс жасауда.
- 2017 жылдың 14 желтоқсан күні «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми- зерттеу орталығы Жас ұрпаққа өнеге Алаш ардақтысы, саналы өмірін қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтарының азаттығы жолында арпалыс күреспен өткізген, Алаш қайраткері М.Шоқайдың 1899-1902 жылдары оқыған бұрынғы Перовск училищесі (Қызылорда қаласы) қазіргі күні «Аль-Асад» сауда үйі орналасқан ғимараттың қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды.

- Бүгінде орталық қызметкерлері мен ғылыми кеңес мүшелері әріптік реттілік бойынша «Мұстафа Шоқай (1890-1941ж.). Энциклопедиясын дайындау мақсатында жұмыстар жасауда.
- Қазақстан-Қызылорда телеарнасы және орталық ғалымдарының ұйымдастыруымен «Мұстафа Шоқай» айдарымен арнайы телехабар бағдарламасы ашылды. Университет ғалымдарының қатысуымен «Мұстафа Шоқай: отбасы және балалық шағы», «Мұстафа Шоқай және Петербургтегі кезең», «Қазақтың ұлттық интеллигенциясы. «Мемлекеттік Дума және Мұстафа Шоқай», «Мұстафа Шоқай эмиграцияда», «Мұстафа Шоқай және «Яш Түркістан»» тақырыптарымен сұхбат берілуде.
- «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жоғары оқу орындары мен облыстық арнаулы және орта оқу орындары арасында сонымен қатар студенттер мен колледж оқушылары арасында «Алаш алыптары» атты эссе байқауы, жас ақындар мүшайрасы ұйымдастырылып тұрады.
- Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған: «Алаш мұрасы және Тәуелсіз Қазақстан», «Мұстафа Шоқай» - алаштың алып тұлғасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Лекерұлы Есмағамбетовты еске алуға арналған «Қазақстан интеллигенциясы: тарихы мен қазіргі кезең» халықаралық, республикалық конференциялардың материал жинақтарында мақалалар жариялануда.
- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Мұстафа Шоқайтану ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне арналған «I-Мұстафа Шоқай оқулары» атты ғылыми-тәжірибелік конференция. «Рухани жаңғыру: Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.
- Мұстафа Шоқайдың 12 томдық шығармалар жинағының тарихи талдау, мерзімді басылымдарға ғылыми мақалалар ұсынып жариялануда.
- Орталық қызметкерлері білім алушылардың зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасап және М.Шоқай мұраларын зерттеу бағытында магистрлік жұмыс дайындалуда.

Қорыта айтқанда, өз ұлтының жалынды жаршысы және тамаша ұлттық идеялардың иесі, сол идея үшін бас тіккен, халықаралық дәрежедегі саяси күрескер, терең ойшыл Мұстафа Шоқай еліне деген шексіз сағынышын баса алмай жат жерді мәңгілік мекен етті. Алайда ұлы тұлғаның асқақ арманы орындалды. Тәуелсіздікке жетіп жаңа ұрпақ тәрбиелеп жатқан халқы бар. Мұстафа Шоқайдың өшпес мұраттары мен еңбектері халқымыздың өткен жолын тарихи шындық тұрғысынан қарастыруға және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге аса құнды қазына болып табылады.

М.Шоқайдың ғылыми мұраларын жарыққа шығарып оны халық арасында насихаттау мен іргелі зерттеулер жүргізуге «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының көп үлес қосары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөз // Егемен Қазақстан. – 1998.16 желтоқсан.
2. Ибрашұлы С.. Мұстафа Шоқайұлы «Сыр дария» газеті баспа кәсіп орны, 1993, 43б.
3. Мұстафа Шоқай: библиографиялық көрсеткіш. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, 2015.- 414б.
4. Мұстафа Шоқай таңдамалы шығармалар Үш томдық. Алматы «Қайнар» 2007ж.
5. Қара А., М.Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. /түрік тілінен аударған Г.Шадиева. Алматы «Арыс» баспасы, 2004 жыл, 263-273 бб.
6. Есмағамбетов К. М.Шоқай Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық . Алматы, 2012ж.
7. Қара А. М.Шоқай.Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. /түрік тілінен аударған Г.Шадиева. Алматы «Арыс» баспасы, 2004 жыл, 277 б.

8. Бәкір Ә. «Мұстафа Шоқай мұрасы: идеялар мен аманаттар». // Ақтөбе газеті 22 қараша 2018ж.

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ МУСТАФА ШОКАЯ

Б.А.ЖУСУПБЕКОВА¹, магистр исторических наук,

¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Научно-исследовательский центр «Мустафа Шокаеведение», Республика Казахстан

Аннотация

Вопрос о современности творческого наследия давно ушедшего из жизни М.Чокая – видного общественного деятеля начала XX века связан с возможностью реактуализации: на какие вопросы современной жизни тюркского мира отвечает М.Чокай, что получает современный казахстанец обращаясь к нему. В статье «Научные наследия М.Чокая» автор старается ответить на эти актуальные вопросы.

Ключевые слова: М.Чокай, Тюркская историография, Азат Туркестан, Последние новости, Яш Туркестан, Туркестан под властью советов.

SCIENTIFIC HERITAGE OF MUSTAFA SHOKAY

B.A.ZHUSSUPBEKOVA¹, master of historical sciences

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Scientific research center "Mustafa Shokay"

Annotation

The question of the modernity of the creative heritage of M.Shokay, a prominent public figure of the early twentieth century went away long ago is related to the possibility of re-actualization: What questions does the contemporary life of the Turkic world are answered by M.Shokay, what receives a modern Kazakhstani addressing him. In the article «Scientific legacy of M.Shokay» the author tries to answer these pressing questions.

Keywords: M.Shokay, Turkic historiography, Azat Turkestan, Latest news, Yash Turkestan, Turkestan under the authority of the Soviets.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СВЯЗЕЙ ВООБРАЖЕНИЯ И ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТВОРЧЕСТВЕ

Р.Т.ИГЕНБАЕВА¹, и.о.профессора, кандидат педагогических наук,
Е.А.АБДРАХМАНОВ¹, профессор

¹Кызылординский государственный университета им. Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация

Статья посвящена определению связей воображения и действительности в художественном творчестве. На основе анализа исследований, посвященных проблеме художественного воображения, раскрыто соотношение воображения и действительности в контексте художественного творчества. Рассмотрена специфика художественного воображения, являющейся элементом художественно-творческой способности, моделирующей художественное произведение.

Ключевые слова: связь воображения и действительности, музыкальное воображение, образы воображения в художественном творчестве.

В поиске существенных характеристик процесса развития воображения исследователи сходятся в том, что воображение – это создание новых образов, мыслей, идей, предметов, опирающееся на имеющийся у личности опыт. Суть воображения связывается с переработкой ведущих реальных связей, отношений, свойств, объектов и явлений действительности. «Важнейшее значение воображения в том, что оно позволяет представить результат труда до начала, тем самым ориентируя человека в процессе деятельности», - читаем в психологическом словаре [1, с.64].

Везде и всегда в деятельности человека в большей и меньшей степени присутствует воображение. «Нет такой созидательной деятельности человека, где бы воображение не предваряло на всех этапах ее выполнения реального практического воздействия. Воображение всегда несколько упреждает, забегает вперед, тем самым направляет и совершенствует идеальный образ и технические действия, которые ведут к его осуществлению» [2, с 34-35].

Психологические исследования, рассматривающие воображение, можно разделить на несколько групп. Вопросы, связанные с природой воображения в психологии творчества, нашли отражение в исследованиях Б.М.Банщикова, М.Б.Беркинблит, А.В.Брушлинского, А.Я.Дудецкого, О.М.Дьяченко, Е.И.Игнатьева, Л.С.Коршуновой, Р.Т.Натадзе, Л.С.Выготского, О.И.Никифоровой, И.М.Розет и других авторов. В этих работах выделены общие приемы реализации и развития воображения, встречающиеся в детских снах, фантазиях галлюцинациях невротиков, у первобытных художников выявлена связь воображения с ценностными ориентациями и переживаниям людей.

Другая группа исследователей рассматривает воображение как необходимый момент процесса познания (Я.Э.Голосовкер, З.И.Исагулов, А.Г.Спиркин). Своеобразие этой концепции заключается и следующем: образы возникают на основе восприятия, памяти и прошлого опыта; в процессе комбинирования, переосмысления образов осуществляется мысленное абстрагирование от исходного материала; создание новых образов приводит к углубленному познанию действительности и прогнозированию последующих действий. Будучи тесно связанным с потребностями и интересами личности, воображение является высшей познавательной и творческой способностью и отражает потребность человека в движении к совершенному, к безусловному, к идеалу.

Ряд исследований посвящен деятельности воображения, связанной с интеллектуальными способностями и интуицией. В науке способность человека схватывать целое, а то него переходить к анализу, синтезу составляющих его частей называют интуицией. Она, как известно, помогает художнику завершить «цепь познанных им фактов» (А.Г.Спиркин). Данное суждение представляет особый интерес для нашего исследования, так как в процессе музыкального творчества, в отличие от научного, конструкторского видов художественного творчества, интуитивные элементы занимают сравнительно более широкое место, и прежде всего по той причине, что процесс структурообразования музыкального содержания на нижних уровнях носит почти полностью неосознанный характер. В музыкальном творчестве в результате интуитивных догадок, могут быть найдены любые элементы музыкального содержания, независимо от их значения и роля в структуре будущего произведения.

Еще один аспект находим в работах, где воображение представлено как важный момент художественного творчества. В исследовании Д.И.Говорун предпринимается попытка понять воображение как новообразование, отличное как от чувственности, так и от мышления, иными словами реализуется подход к пониманию воображения как универсальной способности человека наряду с мышлением и чувственностью, способствующей преобразованию действительности [3, с.122].

Существуют исследования, авторы которых считают, что воображение художника – это способность изобретать небывалые сюжеты, образы, ситуация и находить способы изображения, используя определенные технические приемы, особую манеру исполнения.

Но мы придерживаемся другой точки зрения психологов А.А.Мелик-Пашаева и З.Н.Новлянской, которые считают, что под воображением художника нужно понимать способность создавать чувственный образ, адекватно выражающий и объективирующий определенное эмоционально-идейное содержание [4,87]. Названные авторы справедливо рассматривают эту способность как проявление одаренности в разных видах искусства, как общую художественную способность. Вместе с тем, необходимо подчеркнуть, что обе рассмотрены тенденции не противоречат друг другу. Воображение художника, являясь элементом художественно-творческой способности, моделирует художественное произведение и предопределяет характер его конструирования в определенном материале. При решении этих задач воображение вступает во взаимодействие с другими интеллектуальными способностями, и тем самым отражает структуру художественно-творческой деятельности.

Л.С.Выготский выделяет четыре формы, которые связывают действительность с деятельностью воображения.

Первая форма – создание воображения из элементов действительности.

«Было бы чудом, если бы воображение могло создаваться из ничего, или если бы оно имело бы другие источники для своих созданий, кроме прежнего опыта. Даже самые фантастические образы (Русалка, Баба-Яга, Леший и т.д.) представляют новую сложную комбинацию, взятую из действительности» [5, с.9]. Таким образом, деятельность воображения зависит от опыта человека, от богатства и разнообразия материала, на основе которого развивается воображение.

Во-второй форме продукты воображения состоят из видоизмененных и переработанных элементов действительности. Здесь преобладает связь не между действительностью и фантазией, а между готовым продуктом фантазии и каким-нибудь сложным явлением действительности. Наряду с зависимостью воображения от прежнего опыта обнаруживается связь конечного продукта воображения с тем или иным реальным явлением, и она становится возможной благодаря только чужому опыту «Если бы никто никогда не видел и не описал африканской пустыни, - писал Л.С.Выготский, - то и правильное представление о ней не было бы возможным» [5, с.15]. В этом смысле воображение служит средством расширения опыта человека, и если в первом случае воображение опирается на опыт, то во втором – сам опыт опирается на воображение.

Эмоциональная связь является третьей формой связи между реальностью и деятельностью воображения. Известно, что чувство выражается не только внешне, но и внутренне. Оно сказывается в подборе впечатлений, мыслей и образов. Подбирая отдельные элементы действительности чувство связывает из настроением и логикой человека при создании каких-либо образов. Влияние эмоции на комбинирующую фантазию называют законом, получается комбинированный продукт воображения. В основе его лежит общее чувство, которое объединяет элементы, вступившие в связь.

Однако существует еще обратная связь воображения с эмоциями, где воображение влияет на чувство. Это явление называют законом эмоциональной реальности воображения. «Часто простая комбинация внешних впечатлений, как например музыкальное произведение, вызывает в человеке, который слушает музыку, целый сложный мир переживаний, чувств. Это расширение и углубление чувства, теоретическая его перестройка и составляют психологическую основу искусства музыки» [5, с.15].

В четвертой форме связи деятельности воображения с реальностью построение фантазии является нечто новое, не соответствующее каком-либо существующем предметам, но обнаруживающее практическую связь с действительностью, так как воплотившись в воображение становится реальным, воздействуя на реальный мир. Примером такого воплощенного воображения является любое техническое приспособление.

Проблема взаимоотношения воображения и реальности особенно ошутима при рассмотрении воображения в художественном творчестве. Оно основано на действительности и выступает как необходимое условие творческого процесса.

Воображение необходимо и при восприятии художественных произведений. Оно дает субъекту возможность проникать в психику другого человека, понимать его эмоциональное состояние в форме сопереживания. «Образы фантазий в художественном творчестве, - писал А.В.Петровский, - проникнуты чувствами самого автора. Переживая чувства и воплощая их в художественные образы, он заставляет читателей, зрителей и слушателей, в свою очередь, переживать и радоваться» [5, с.8]. В искусстве воображение связывается с отражением сторон бытия, наиболее остро ощущаемых и представляемых художником, который владеет конкретной техникой определенного вида искусства. Преимущественное тяготение каждого вида искусства к какой-либо особой стороне ограничивает сферу действия воображения. Художник, благодаря творческому воображению, отражает существенное в этой действительности. Созданию каждого произведения предшествует процесс углубленного изучения художником окружающей жизни, перспективы ее развития, осмысление, обобщение наблюдений, впечатлений, бытия. Чем объемнее, глубже и тоньше знание художником жизни, тем успешнее развивается его талант, ибо в конечном счете именно этот багаж, благодаря воображению, и приходится обрабатывать, создавая на его основе наглядные образы.

Основной особенностью образа является предметность, состоящая в том, что образ отражает определенный предмет, определенное явление, с их свойствами и признаками. Несмотря на то, что адекватность образа по отношению к отражаемому предмету носит несколько относительный характер, его содержание в основном зависит от развития нервной системы человека, от его психического склада, прошлого опыта, интересов и многих других факторов. Отсюда следует, что образ должен содержать и некоторые субъективные компоненты [6, с77].

Отражение действительности в художественном воображении имеет свои закономерные пути, приемы, такие, как комбинирование, акцентирование, агглютинация, типизация. Ученые, изучавшие воображение как психическую деятельность (Л.С.Выготский, Р.Т.Натадзе, Я.А.Пономарев, И.М.Розет, С.Л.Рубинштейн), обнаруживали вышеуказанные приемы воображения в детских фантазиях, снах, галлюцинациях невротиков. Еще, один важный момент, на который необходимо обратить внимание при изучении данной проблемы, это понимание того, что продуктивная

деятельность воображения осуществляется благодаря отражению не только настоящей реальности, но и прошлой. Прошлый опыт входит в художественное воображение, в его содержание, форму, то есть художественное воображение с самого начала существует в определенной форме. Оно в целом отражает мир с определенной установкой, которая обусловлена спецификой профессиональной деятельности художника. Этим можно объяснить отличие воображения живописца от воображения поэта или музыканта.

В основе искусства, как и в других формах общественного сознания лежит отражение объективной действительности, а это ставит перед наукой задачу определения связей, существующих между воображением и действительностью. Анализ изученной литературы показал, что любой фантастический образ имеет в себе те или иные черты реальной действительности. По мнению Л.С.Коршуновой в воображении «отлет» от действительности совершается с целью приближения к ней, чтобы познать ее [7. с.125]. Причем эти новообразования адекватны действительности в каком-либо отношении. В воображении обнаруживается стремление субъекта хотя бы в преобразованном виде отразить объект.

Воображение дает субъекту возможность проникать в психику другого человека, понимать его эмоциональное состояние в форме сопереживания. «Образы фантазий в художественном творчестве, - писал А.В.Петровский, - проникнуты чувствами самого автора. Переживая чувства и воплощая их в художественные образы, он заставляет читателей, зрителей и слушателей, в свою очередь переживать и радоваться» [8, 78]. В искусстве воображение связывается с отражением сторон бытия, наиболее остро ощущаемых и представляемых художником, который владеет конкретной техникой определенного вида искусства. Преимущественное тяготение каждого вида искусства к какой-либо особой стороне ограничивает сферу действия воображения. Художник, благодаря творческому воображению, отражает существенное в этой действительности. Созданию каждого произведения предшествует процесс углубленного изучения художником окружающей жизни, перспективы ее развития, осмысление, обобщение наблюдений, впечатлений бытия. Чем объемнее, глубже и тоньше знание художником жизни, тем успешнее развивается его талант, ибо в конечном счете именно этот багаж, благодаря воображению и приходится обрабатывать, создавая на его основе наглядные образы.

Наиболее существенным элементом в эстетическом отношении человека к миру являются и эмоции. Воображение больше чем другие познавательные процессы связано с чувствами человека. Можно хладнокровно, бесстрастно воспринимать, но нельзя хладнокровно воображать. Без эмоционально-чувственного отражения ценности значение объектов действительности не приобретает личностного смысла. В воспитании отношения к действительности значительную роль играют такие виды высших чувств, как нравственные, познавательные (интеллектуальные), практические и эстетические.

Развитие духовных, личностных качеств и творческих способностей учащихся, пробуждение у них интереса к произведениям искусства – главные задачи музыкального воспитания. Поэтому проблема развития художественного воображения школьников как процесс стимулирующий и активизирующий творческую деятельность детей сегодня особенно актуальна. Многообразие существующих точек зрения на художественное воображение связано прежде всего со сложной природой самого явления. Нашей целью является осмысление накопленного наукой литературы и на этой основе теоретическое обоснование и практическая разработка приемов и методов развития художественного воображения школьников в художественном творчестве

В данной статье, не ставя задачу проанализировать все проявления соотношения воображения и действительности, мы пытались рассмотреть это явление в контексте художественного творчества, так как о основе искусства, как и в других формах общественного сознания, лежит отражение объективной действительности.

Итак, подводя итоги вышеизложенному, отмечаем, что под художественным воображением мы понимаем опереживающее, предвосхищающее отражение действительности в форме художественного образа. С помощью художественного образа может быть отражено любое явление действительности. Художественные образы создаются посредством разнообразных приемов художественного творчества в зависимости от выразительных средств данного вида искусства. Способность человека воспринимать, воссоздавать, творить разнообразные художественные образы расширяет, разивает его эстетическое отношение к реальности.

Следует отметить, что художественный образ выступает в различных качествах: как способ отражения явлений действительности средствами искусства, и как творческое их воспроизведение, тесно связанное с особенностями природы музыкального творчества. Вот почему встает задача изучения конкретного содержания тех образов, которые создает учащийся, то есть созданные им характер, поведение, действия персонажей. Анализ этого наглядного материала позволит подойти и к характеристике способов образного отражения и выражения, к которым прибегает школьник.

Литература:

1. Психологический словарь / ред.: В. П. Зинченко, Б. Г. Мещеряков. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : Педагогика-пресс, 1999. - 440 с.
2. Выготский, Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте / Выготский Л. С. - СПб. : Союз, 1997. – 93 с.
3. Говорун, Д.И. Творческое воображение и эстетические чувства. - Киев : Выща шк., 1990. - 141,[2] с.
4. Мелик-Пашаев А. А. Ступеньки к творчеству. - 2-е изд., испр. и доп. — М. : БИНОМ. Лаборатория знаний, 2012.-159 с.
5. Выготский Л.С. Воображение и творчество детском возрасте. Психологические очерки. М.: Просвещение,1991.-93с.
6. Игенбаева Р.Т. Абдрахманов Е.А. Специфика музыкального воображения // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің хабаршысы, № 1(50), 2018.
7. Коршунова Л.С.Воображение и его роль в познании. - М.,1979.
8. Петровский А.В. Психология: учебное пособие / А. В.Петровский, М. Г. Ярошевский. - Москва : Академия, 2000. - 512 с.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ҚИЯЛ МЕН ШЫНДЫҚТЫ АНЫҚТАУ

Р.Т.ИГЕНБАЕВА¹, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м. а.,
Е.А.АБДРАХМАНОВ¹, профессор

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақала көркем шығармашылықтағы қиял мен нақтылық арасындағы байланысты анықтауға арналған. Шығармашылық қиялды зерттеуге бағытталған еңбектерге талдау жасай отырып, көркем шығармашылықтағы қиял мен нақтылықтың ара-қатысы айшықталған. Көркем-шығармашылық қабілеттің элементі болып табылатын, көркем шығарманы модельдеуші ретінде көркем қиялдың ерекшелігі сипатталған

Кілттік сөздер: мен нақтылық арасындағы байланыс, музыкалық қиял, көркем шығармашылықтағы қиял образдары

IDENTIFYING THE RELATIONS OF IMAGINATION AND REALITY IN ARTISTIC CREATION

R.T.IGENBAYEVA¹, candidate of pedagogical sciences, acting professor,
E.A.ABDRAKHMANOV¹, professor

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University
Republic of Kazakhstan

Annotation

The article is devoted to the definition of the connections between imagination and reality in artistic creation. Based on the analysis of studies devoted to the problem of artistic imagination, the ratio of imagination and reality is revealed in the context of artistic creativity. The specificity of the artistic imagination is considered, which is an element of artistic and creative ability, modeling an artistic work.

Keywords: connection of imagination and reality, musical imagination, images of imagination in artistic creation

FTAMP 14.07.05

ИСЛАМИ ӘДЕПТИҢ (АХЛАҚ) ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ

P.T.ИГЕНБАЕВА¹, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
С.Б.ДҮКЕНБАЙ¹, магистрант

¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада қоғамдағы бүгінгі таңда өзекті мәселелер қатарынан орын алып отырған дін тәрбиесі, студент-жастарды адамгершілікке, рухани құндылықтарға баулитын ислами әдеп – ахлақ мәселесі айшықталған. Жастардың рухани кемел тұлға боп қалыптасуында олардың діни танымы, діни санасы, діни сенімі мен діни тәжірибесі маңызды болып табылады. Дін тәрбиесі, соның ішінде ислами ілім – адам баласын тек ізгілікке баулитын, төзімділік, сабырлық, ұстамдылық, мейірімділік пен қайырымдылық, тәкаппарлық, кішіпейілдік, жомарттық, шүкірлік сынды қасиеттерді насихаттауымен ерекшеленді. Ахлақ бойынша дәріптелетін құндылықтар қатарына жататын обал мен сауап туралы мағлұмат берілген. Аталмыш мақалада автор студент-жастардың рухани кемел тұлға боп қалыптасуында олардың діни танымы, діни санасы, діни сенімі мен діни тәжірибесі маңызды болып табылатындығына база назар аударып, дін тәрбиесінің өзегі болып табылатын ахлақ ұғымына, оның студент-жастар тәрбиесіндегі маңызына сипаттама берген.

Кілт сөздер: дін тәрбиесі, ахлақ, ислами ілім, ислами ахлақ, студент-жастар, адамгершілік тәрбие

Ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты халқымыздың рухани қазынасы, мәдениеті, әдет-ғұрып дәстүрлері негізінде тәрбиелеу заман талабына айналып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында өркениет көшіне ілесуді әр мемлекет әрқалай, өзінің ұлттық құндылықтарына қарай лайықтап жүзеге асыратындығын атап өтті [1]. «Мәңгілік Ел» идеясы ұлтымыздың руханиятына, құндылықтарына негізделіп, мемлекетіміздің саяси бағдарының басым бағыттарын анықтайтын, сонымен қатар бүгінгі жаһандану жағдайындағы жастардың қоғамдағы ролі мен жауапкершілігін

нақтылайтын бағдар екендігі айқын. Бұл әсіресе уақыт ағымына сай ғасырлап жинақтаған ұлттық болмысымыздан алшақтаған, табиғатымызға жат шетелден жеткен мәдениет, әдет, әдеп санамызды жаулап алған жағдайда аса маңызды.

Ұлттық тәрбие жүйелі түрде жүзеге асқандығы белгілі. Әрбір баланың тәрбиесіне оның ата-анасы, отбасы мүшелері, ағайын-туыс, көрші-қолаңның барлығы атсалысып, ортақ қамқорлық танытқан. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өнегелі өсиетті қалдыра отырып, қазақ халқы әр баланың бойында ізгіліктілік, имандылық, кішіпейілдік, қарапайымдылық, парасаттылық, сабырлылық сынды игі қасиеттерді қалыптастырған. Бұл қасиеттеріміздің барлығы ұлттық құндылықтарымыздың сарқылмас қазынасы.

Бүгінгі таңда жастар арасындағы рухани-адамгершілік дағдарыстың күшеюіне байланысты қоғамның аса күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқандығын атап өткен жөн. Оны біз жастардың өз халқының тарихын, тілін, салт-дәстүрін білмеуінен, тіпті, өкінішке орай бұл мәселе оларды толғандырмайтындығынан, қызықтырмайтындығынан аңғарамыз. Қазіргі кезде жастар арасында теріс діни көзқарастардың өрбуі, кәмететке толмағандардың арасында қылмыстың өсуі, тастанды балалардың артуы, маскүнемдік, нашақорлық, өз әрекетін дұрыс ұйымдастыра алмай өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының өршуі, жезөкшелік, қатігездік, мейрімсіздік, агрессия, т.б. белең алуы артты. Сондықтан жастардың бойында ұлттық сана-сезім мен діл, азаматтылық пен патриотизм сезімдерінің қалыптаспағандығы, ұлттық құндылықтарымыздан алшақтағандығымыз қоғам алдында өзекті мәселе ретінде қозғалып отыр

Қазақтың ұлттық құндылықтары, салт-дәстүрлері исламның асыл құндылықтарымен біте қайнасып дамыған. Мұхаммед пайғамбар айтқан хадистер қазақтың санасына сіңіп, нақылына айналып, халқымыздың ұлттық санасымен, таным-түсінігімен қабысып, тұрмыс-тіршілігімен ұштасып кеткені ешкімге жаңалық емес. ХХІ ғасырға аяқ басқан заманда әлемдік деңгейде өтіп жатқан ғаламдастыру сияқты қатпары әрі астары тұңғыық терең түрлі процесстерге төтеп беріп, ұлттық сана мен болмысты сақтап қалу үшін жеке этносқа алдымен өз дініне беріктік керек. Өйткені діннің ұлт болашағы – жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде атқарар міндеті айрықша.

Дін адамдарды имандылыққа тәрбиелейді адалдық пен тазалық сақтау, өтірік айтпау, қиянат-зорлық жасамау, ата-ананы құрметтеу, жаман әдеттерге үйір болмау, жетімді жебеу, білім іздеу. Осы айтылғандар қоғамның, елдің, жеке адамның мәдениетін көрсетеді. Бұл жөнінде негізге алатын ислами құжат - Хадис болып табылады. ХХ ғасыр басында мұсылман мектептері мен медреселеріндегі оқу жоспары, бағдарламалары жаңаша әдіспен қайтадан жасалып, жаңа оқу құралдары дайындалды. Оқу мерзімі алты жылға белгіленіп, жаңа оқу бағдарламасы «Алты жылдық ибтидаия бағдарламасы» деп аталды. Бұл бағдарламада мақсаты мен міндеттері айқын көрсетіліп, оқыту әдістемесінің алты шарты белгіленді: Мақсаты: дінді, көркем халықты, Отан сүйгіштікті, Отан пайдасы үшін Отан балаларын жетілдіру (тәрбиелеу) [2, 134 б.].

Хадис - Ислам дінінің Құран кәрімнен кейінгі ислами нақыл, ұлағатты тәрбиелік сөздер жиынтығы. Құран мен Хадисте келтірілген насихат, уағыздар – қазақи тәрбиенің, ұлттық болмысты, жастардың этностық санасын қалыптастырудың түпқазығы.

Ислам үш нәрседен құралады: олар имам, шарифат және көркем мінез. Ислам – көркем, жақсы мінез діні. Мұхаммед Пайғамбар халыққа «Жақсы мінездерді толықтыру үшін, жақсы мінездерді дүниеге жаю үшін жіберілдім», - деп мәлімдеген. Одан халық: «Жаннатқа кіретін адамдардың көпшілігі кімдер?» – деп сұрағанда, ол: «Аллаһқа тақуа болғандар мен көркем мінезділер», – деп жауап берген [3, 47 б.].

Жалпы исламның қалыптасу тарихына көз жүгертсек, оның өкілдері ислам дінінің байрағы көркем мінезде деген қағида арқылы исламды дүние жүзіне таратқан.

Көркем мінезді адам адамгершілік нормаларды жоғары қойып, имандылық жолын ұстанады. Адамгершілік нормалары Құранда жасауға болмайтын, яғни «харам» болып саналатын нәрселер және жасалуға тиісті нәрселер жиынтығы — «халал» (дала) болып бөлінеді. Адалдық – мұсылман үшін маңызды ахлақи қағида. Адалдық – мұсылман үшін маңызды ахлақи қағида. Исламда «Ахлақ» деп мінез-құлық тәрбиесін айтады. Мұсылманның басқа адамдардың алдындағы ахлақи тәрбиесінің белгісі шыншылдығы, аманатшылдығы және әділдігі. Сонымен қатар ұят, кішіпейілділік, инабаттылық, ата-анаға құрмет көрсету, кешірімді болу, туған-туысқандармен жақсы қатынаста болу, тақуалық, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсету, кедей, мұқтаждар мен жетім-жесірлерге қамқорлық көрсету, тірі жанның хақына нұқсан келтірмеу сынды адамның ізгі, жақсы қасиеттері кіреді [4, 15 б.].

«Мораль», «этика» сөздерінің баламасы ретінде араб тіліндегі «жарату», «жаратылыс» секілді мағыналарға келетін «халқ» сөзімен түбірлес «ахлақ» сөзі

қолданылады. «Ахлақ» сөзі араб тіліндегі «ха лә қа» етістігінен шыққан «Хулук» сөзінің көпше түрі. Сөздік кітаптарында «хулк» сөзінің мінез, сезім, табиғат, жомарттық, дін және жаратылыс мағыналарына келетіні айтылады. Яғни, «хулк» дегеніміз – адамның жаратылысынан бері пайда болған әрі тәрбие жолымен қол жеткізген рухани сезім. Біз мұндай халді – мінез-құлық, әдеп сияқты сөздермен түсіндіруге тырысамыз. Адам мінезі деп – оның моральдық әдеттерінің жиынтығы айтылады», - деп жазады дінтанушы Қ. Тоқсанбайұлы [5, 19 б.].

Мұсылманға тіршілік барысында шындықтан алыстамау, адамдарды алдамау, алаяқтық жасамау, көлеңкелі кәсіптің барлық түрінен аулақ болу, тек қана адал, таза жолдармен табыс табу жарасады. Зерттеулерден байқағанымыздай «Хулюк» ұғымы көркем мінез дегенді білдіргенімен, адамдағы кейбір қасиеттердің уақыт өте келе оның тұлғалық ерекшелігін білдіреді, сондықтан адам бойында жақсы қасиеттермен бірге жаман қасиеттер де қалыптасып бекиді. Негізінде, ахлақ – адамның сапалық қасиеттерінің қалыптасу үдерісінің дін қағидаларымен біте қабысуы және Құран Кәрімнің мінсіз орындалуы дегенді де білдіреді деген де пікір айтылады.

Қазақ халқы ежелден өзінің адамгершілік, парасаттылық, адалдық, қайырымдылық, ізеттілік қасиеттерімен көзге түскен, имандылық қасиетті зор бағалаған. Сондықтан имандылық, адамгершілік тәрбиесі мұсылмандық және ұлттық дәстүрлердің бірі болған.

Ислами ахлақтың басты ұстанымы сабырлылық болып саналады. Ислам тарихында «бабу әл-ильм» (ғылымның есігі) атанған ірі тұлға Әли Ибн Әбу Толибтің адамды сабырлыққа шақыратын мынадай сөздері бар: «Өмірде сабырлық қасиетін, денедегі баспен теңеуге болады. Егер денеден басты айыратын болса, онда дене өледі. Сол сияқты өмірде сабырлық болмаса, іс-әрекет те бұзылады» [6, 224 б.]. Пайғамбар хадистерінде сабырлылық жайлы: «Нағыз күшті жауырын жерге тимеген қарсыласын күресіп жыққан емес, тұла бойын ашу-ыза кернегенде, өзін-өзі сабырға шақыра білген адам», - делінген.

Әбу Хамид әл-Ғазалидің пікірінше адам қажеттеріне ұмтылғанда, сырттан келген машақаттармен күрескенде, қиындыққа ұшырағанда және жеңіске таяулап қалғанда сабыр қасиетіне мұқтаж. Бала жасында адамның бағыты мен әрекетін құмарлық қалауы басқарып отырады. Белгілі жасқа жеткенде бұл қалаудың орнын сабырлық күші басады.

Ғалым өзінің «Ихия-у улум әд-Дин» (Дін туралы білімдердің жандануы) кітабында адамдарды ұстамдылығына қатысты үш түрге бөліген. Біріншісі, сабырлылықтың арқасында қалаған және ұнатқан нәрселерін толықтай бақылауға алғандар. Екіншісі, сабырлық күшін мүлдем қолданбағандары үшін қалау мен еріктің соңында кеткендер. Бұлар көптеген адамдарды өз арқасынан алып кетеді. Үшіншісі, ақыл мен шаһуат сияқты екі күштің арасында толғанып тұрғандар. Бұлар кейбір кезде ақылды тыңдаса, басқа уақытта құмардың соңынан ереді [7, 79 б.].

Жоғары келтірілген мысалдардан байқайтынымыз, ахлақи төзімділік, сабырлық пен ұстамдылық деген құндылықтардың мәртебесі жоғары. Исламды зерттеушілердің пайымдауынша сабырлық мінезіне арнайы жаттығу немесе жақсы тәрбиесіз ие болу қиын. Ислам сахабаларының бірі Ибн Масғуд: «Иман екі жартыдан тұрады: біреуі – сабырлық; екіншісі – шүкірлік», – деген [5, 32 б.]. Сондықтан қазақ халқы өз ұрпағын сабырлы болуға шақырған. Сабырлы адам - сыйлы адам. «Сабыр түбі – сары алтын», немесе «Сабырлы жетер мұратқа» деу арқылы жастарға ақыл, өсиет қалдырған. Жастарымыздың санасына исламмен біте қайнасқан осы қағиданы сіңдіру қажеттігі ғасырлар бойы жалғасып келеді.

Ахлақи тәрбиенің және бір қайнар көзі - мейірімділік пен қайырымдылық. Хадисте: «Бір-біріне қайырлы, мейірімді, шапағатты бол, қол беріп амандасып жүріндер, сонда көңілдегі түйткіл кетеді. Бір-біріне қайыр-садақа беріндер, себебі ол сүйіспеншілікті оятады, жамандықтың алауына су боп құтылады. Мүсәпірге қайыр берсеңіз ол - садақа боп есептелінеді, ал оны туған туысқа үлестірсеңіз ол әрі адамгершілік. Адамзаттың денелеріндегі барлық мүшелері қайырымдылық жасауға ұйғарылған; әрбір күн, таң атқаннан бастап екі адамның арасында қайырымдылық жасаудан басталады. Малды

күтімге алу немесе оған жүк арту - адамның оларға жасалған қайырымдылығы; жылы сөз - қайырымды іс, ғибрат жасауын орынға аттаған әрбір қадам қайырымдылық іс және жол үстінен ауырпалық жасап зиянын тигізген әрбір затты алып тастау - ол да қайырымдылық іске жатады. Кімде де кім соқыр адамды 40 қадам жетектесе, ол міндетті түрде жұмаққа барады. Мен жетімнің кепілдігіне алған адаммен о дүниеде де біргемін. Досың залым болсын, мүсәпір болсын – бәрібір жәрдем беру керек. Мүсәпірге көмектескен мақұл, залымға неге жәрдем беруіміз керек деген сауал туады. Оған берілген жауап: Оны зұлым болудан қайтарсаңыз, оған берген көмегіңіз сол болады. Алла-тағалаға отбасының ішіндегі ең сүйіктісі – жетімді асырап, жақсы тәбие беріп отырған отбасы, - делінген [8, 94 б.].

Сонымен қатар, 33-ші Хадисте тәкаппарлық және кішіпейілдікке жайлы жазылған. «Тәкаппар» деген сөз арабша «Тәкаббур», яғни өзін-өзі артық санау деген сөзден кірген. Қазақша дандайсыған, менмен, көкірек керген дегенге саяды. Тағы да хадиске жүгінейік: «Жүрегінде шаңның тозаңындай тәкаппарлық болған адам жәннатқа кіре алмайды» [8, 94 б.].

Ислам ахлағы дәріптейтін тағы бір тақырып обал мен сауап. Ата-бабамыз: »Обалды біліп өссең – сауапқа кенелесің» — деген даналықты өз ұрпағына тарту еткен. Жасауға болмайтын теріс қылықтарды «обал болады» деу арқылы балаларды жаман әдеттен сақтандырады. «Сауабын аласың» деу арқылы жақсылыққа үндейді. Обал — жақсы нәрсенің қадірін біл, оны тастама, түбінде оның зарын тартасың деген ұғымды білдіреді. Обал мен сауап ырымдары қазақ ырымдарында жан-жақты көрініс тапқан: «Қазақ шашты далаға тастамайды, жерге көмеді. Құс шашты ұясына салса бас ауруға шалдырады, бас айналғыш болады, ұмытшақтық, жеңілтектік дертке шалдырады» деп пайымдайды.

Адамның адам боп қалыптасуына ықпал ететін және бір ахлақи құндылық – жомарттық. Жақыныңмен бөлісу, мұқтажға садақа беру қасиетті істерге жатады. Хадисте садақа бергеннен адамның дәулеті еш уақытта ортайматындығы, Аллаһ тағала өзгелерге кешіріммен қарағандардың мейірінің үстем ететіндігі, кішіпейіл болған әрбір адамның дәрежесі өсетіндігі жайлы айтылған. «Су отты қалай сөндірсе, садақа да дәл солай күнәларды жояды» деген хадис сөздері айналаға мейіріммен қарауды, өзіңнен артылғанды дүниеқоңызданбай өзгеге таратуды үндейді.

Исламда ахлақ арқылы дәріптелетін және бір құнды қасиет - шүкірлік . Шүкіршілік ету арқылы адам өз өміріне разы болып, Аллаһ Тағалаға тәубалық танытады. Аллаһ тағалаға шүкір етіп, бұл нығыметтердің шын егесін үнемі еске ұстап жүру туралы Құран Кәрімде: »Егер Аллаһтың нығыметтерін санасандар, санына жете алмайсындар»- дейді [9, 4 б.]

«Ахлақ» ғылыми тұрғыда алғанда, ғасырлар бойы ғылым саласы ретінде қарастырылып келеді. Оған жалпы ғылым салаларының зерттеушілері бірқатар анықтамалар берсе, ахлақ саласын зерттеушілер де ахлақтың анықтамасын беруге тырысқан. Мысалы: Ахлақ – адам баласын жоғары дәрежеге жетелейтін ілім. Ахлақ – жақсылық жасауға шақырып, жамандықтан тыйатын ілім. Ахлақтың мақсаты – жақсы және жаман мінездерге ие болған адамды көркем мінезге жетелеу. Бірақ ахлақ ілімі адамды материалдық тұрғыдан алып қарастырмайды. Керісінше адамның өз қалауы мен таңдауы арқылы істеген әрекеттерін, жақсы және жаман мінездерін қолға алып, ненің жақсы, ненің жаман екендігін анықтап, рухани жетістікке апаратын жолды көрсетіп, жамандықтан құтылудың жолын үйретеді [5, 6 б.].

«Уа, адам баласы, - делінген хадисте, - егер өзіңнен артылған дүниеңді садақа ретінде берсең, сол сен үшін сөзсіз қайырлы болмақ. Ал, сарандық қылсаң, сол дүниең түбінде өзіңе сор боп жабысады. Өзіңе жететін дүние-мүлікке ие болғаның үшін саған айып тағылмайды. Қолыңдағы дүние-мүлікті алдымен өзің асырап отырған жандардың қажетіне жұмсағын» [8, 78 б.].

Жалпы исламның қалыптасу тарихына көз жүгертсек, оның өкілдері ислам дінінің байрағы көркем мінезде деген қағида арқылы исламды дүние жүзіне таратқан. Көркем мінезді адам адамгершілік нормаларды жоғары қойып, имандылық жолын ұстанады. Адамгершілік нормалары Құранда жасауға болмайтын, яғни «харам» болып саналатын нәрселер және жасалуға тиісті нәрселер жиынтығы — «халал» болып бөлінеді. Қазақ халқы ежелден өзінің адамгершілік, парасаттылық, адалдық, қайырымдылық, ізеттілік қасиеттерімен көзге түскен, имандылық қасиетті зор бағалаған. Сондықтан имандылық, адамгершілік тәрбиесі мұсылмандық және ұлттық дәстүрлердің бірі болған. Қазіргі жаһандану әсерінен жастардың бойында теріс әрекеттердің белең алуы жағдайында ислами құндылықтар жайлы деректер жүйеленіп, зерделеніп, оның педагогикалық маңызы айқындалып, жастар тәрбиесінде пайдаланылуы қажет. Өйткені, ислами қағидаларды жастар тәрбиесінде ұтымды пайдалану қазіргі замандағы жастар тәрбиесіндегі теріс, кері ауытқуларды азайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 12 сәуір 2017 ж.
2. Камишева Г.А., Сайғы Г.Б. Сыр бойындағы Жәдит мектептері // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің хабаршысы.- № 2 (43) 2014.
3. Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т.1.– 525 б.
4. Сейфеддин Язығы Ислам дінінде Ахлақ: Әдеп. - Алматы: Хикмет,2008. – 48 б.
